

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
Қазақ ұлттық хореография академиясы ШЖҚ РМК

ӘОЖ 793.31:85.325.2Б32

Қолжазба құқығында

**БӘКІРОВА САМАЛ ӘБІЛПАТТАШҚЫЗЫ**

**Хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың  
қазақстандық моделі (ұлттық би өнерін дамыту негізінде)**

8D02108-Хореография

Философия докторы (PhD)

ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер

ҚазКСР-нің еңбек сіңірген артисі,  
өнертану кандидаты, профессор

Ізім Т.О.

пед. ғ. докторы, өнертану профессоры

Кульбекова А.К.

Шетелдік ғылыми кеңесші

өнертану кандидаты, профессор

Валукин М.Е.

**Қазақстан Республикасы  
Астана, 2023**

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>5</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>6</b>
<b>I ХОРЕОГРАФИЯ ӨНЕРІ БАҒЫТЫНДА МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ.....</b>	<b>14</b>
1.1 Хореографиялық маман дайындау жүйесінің құрылуы мен қалыптасуы.....	14
1.2 Отандық хореография педагогикасының даму кезеңдері.....	27
1.3 Хореография өнері саласында мамандар дайындаудың мазмұндық сипаты.....	42
<b>II ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ ӨНЕР БАҒЫТЫНДА КАДРЛАР ДАЙЫНДАУДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ЖЕТІСТІКТЕРІ.....</b>	<b>55</b>
2.1 Хореография өнері саласында білім берудің ұлттық моделі.....	55
2.2. Қазақ ұлттық хореография академиясының қызметіндегі ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарды ұйымдастырудағы жаңашылдығы.....	67
2.3 Хореография өнері саласында қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың тәсілдері.....	81
<b>III ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БИ ӨНЕРІН ДАМУДАҒЫ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....</b>	<b>93</b>
3.1 Қазақ ұлттық хореография академиясының «Қазақ ұлттық биінің ғылыми- әдістемелік зертханасы» жұмыстарының функцияналдық бағыты.....	93
3.2 Қазақ ұлттық хореография академиясының «қазақ биі» пәнін жүргізудің вариативті формалары.....	106
3.3 Ұлттық биді дамыту негізінде хореограф-мамандар даярлаудың қазақстандық моделін іске асырудың жолдары.....	117
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>125</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>128</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>137</b>

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Диссертациялық жұмыста төмендегідей нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы.

ҚР Білім және ғылым министрінің 23.04.2015 ж. №230 бұйрығы.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

## АНЫҚТАМАЛАР

**Хореографиялық білім беру** – би мәдениетінің негізі, іргетасы және тәжірибеге бағытталған көркем педагогикалық үдеріс.

**Көп сатылы білім беру жүйесі** - жоғары оқу орнына дейінгі, жоғары оқу орнын және жоғары оқу орнынан кейінгі даярлық жүйесін қамтитын бірыңғай оқу-әдістемелік кешен.

**Педагог-хореограф** - педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыратын хореограф-маман.

**Режиссер-хореограф** - музыка және адам денесінің бейнелі-экспрессивті қозғалыстары арқылы көркем образ жасайтын, шығармашылық қызметтің жетекшісі.

**Platonus** - оқу үрдісін басқару жүйесі.

**Start up** - инновациялық бизнес-идея мен технологияға негізделген жас, қарқынды дамып келе жатқан компания.

**Қашықтықтан оқыту** - ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен оқытушы мен білім алушының оқу орны мен уақытына қарамастан қашықтықтан ұйымдастырылатын, өзара іс-қимылы негізінде іске асырылатын білім беру процесі.

**Педагогикалық технологиялар** - тұжырымдамалық байланысты білім беру мақсаттарын, оқу және тәрбие процестерін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, құралдарын, әдістерін біріктіретін күрделі жүйе.

**Әдістеме** - белгілі бір қимылды үйрену барысында орындалатын іс-әрекеттің алгоритмі.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі  
ҚазҰлтҚызПУ - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Қазақ КСР - Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы  
КСРО - Кеңес Социалистік Республикалар Одағы  
РКФСР- Ресей Кеңес Федеративті Социалистік Республикасы  
ҚР - Қазақстан Республикасы  
ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы  
ЕБК - Еуропалық білім беру кеңістігін  
ЖБЕК - жоғары білімнің жалпы еуропалық кеңістігіне  
ЖОО - Жоғары оқу орны  
М.Әуезов атындағы ОҚМУ - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті  
А.В. Селезнев атындағы АХУ - Алматы хореографиялық училищесі  
ЖАҚ профессоры  
РФ - Ресей Федерациясы  
LED - light-emitting diodes  
PR - public relations  
ПОҚ - профессор-оқытушылар құрамы  
ТОЖ - типтік оқу жоспары  
ЭПК - элективті пәндер каталогы  
ББ - білім беру бағдарламасы  
ЖБП модулі - жалпы базалық пәндер  
ЖОЖ - жеке оқу жоспары  
ҚОЖ - қашықтықтан оқыту жүйесі  
Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА - Қазақ ұлттық өнер академиясы  
АКТ - ақпараттық -коммуникациялық технологиялар  
DEL-Dance Education Laboratory  
БООЖ - білім алушының оқытушымен өзіндік жұмыстары  
БӨЖ - білім алушының өзіндік жұмыстары

## КІРІСПЕ

### **Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы**

Зерттеу жұмысында хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделін зерттеуге арналады. Хореографиялық білім беру жүйесі - би мәдениетінің негізгі іргетасы. Хореографиялық білім берудің әмбебап функциясы мәдениеттің «рухани қабатын» қамтамасыз етіп, мәдени және кәсіби тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу болып табылады. Хореограф мамандардың жаһандану жағдайларына бейімделу қасиеттері қоғамның сұранысына жауап беруге және хореографиялық мәдениетті өзгертуге мүмкіндік береді. Қазақстандық хореографиялық білім беру жүйесіне елімізде алғаш рет ашылған А.В. Селезнев атындағы Алматы хореография училищесінің, орта білім беретін колледждердегі «Хореография» бөлімдерінің, жоғары оқу орындарындағы «Хореография» кафедраларының және көпдеңгейлі оқу сатысымен ерекшеленетін Қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибелерімен сипатталады. Аталған білім беру жүйесінің ерекшеліктерін саралап, қазіргі таңдағы хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың жаңа моделі ретінде Қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибесі мен жетістіктерін зерделеу заманауи реформаларды жете түсінуге, даму заңдылықтары мен оқу процесін талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында ұлттық би өнері саласында мамандарды даярлауды жетілдірудің жолдары анықталады.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі:** Әлемдік жетекші стандарттарға сай келетін замануи хореографиялық білім беру жүйесін құру - мәдениетті дамытудың, ұлттың өзіне тән құндылықтарын айшықтаудың бірден бір жолы. Би мәдениетін сақтау, отандық хореографиялық білім беру саласын арттыру жетекші әдіснамалық тәсілдерді зерттеуді қажет етеді. Өнер саласында білім беру жүйесін реформалау оқытудың жаңа әдістемелерін қолдану арқылы, хореографиялық білім беруді дамытуға және халықтың мәдени мұрасын сақтауға жол ашатын тиімді тәсілдерді әзірлеуді көздейді. Ұлттық би өнері халықтың идеялары мен тәжірибесіне толы, сонымен қатар, олар өз кезегінде жас ұрпақтың мәдени өмірін байытады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 2 қыркүйегіндегі жолдауында «Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр» [1] – деп айтып өткендей, жетістіктеріміздің еселенуі отандық хореография өнерінің дамуында көрініс тапты. Хореография өнерінің дамуы, отандық кәсіби мектептеріміздің тәжірибесіне тікелей байланысты. Осы орайда жаңа заман талаптарына сай қалыптасқан қазақстандық хореография өнері саласында білім беру жүйесінің мақсаты мен міндеттерін айқындау, балет және ұлттық би өнерінің бірегей даму тәжірибесін терең зерделеу арқылы әлемдік бәсекеге қабілетті жан-жақты хореограф-мамандарды дайындау жолдарын қарастыру тақырыптың өзектілігі болып табылады.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі:** XVII-XVIII ғасырда хореография өнерінде білім беру саласының қалыптасуы П.Бошанның аяқ қалыптарын анықтауынан, Р. Фейенің жаңа театрлық-би тілін әзірлеуінен, Ж.Ж. Новердің [2] «Письма о танце и балетах» атты еңбегінің жарыққа шығуымен байланыстырамыз. П. Бошанның теориялық тұжырымдамасының жалғасы ретінде, 1820 жылы К. Блазис [3] «Элементарный учебник теорий и практики танца» атты еңбегін жазады. Аталған еңбекте біз алғаш рет хореографиялық сабақтарды құраушы компоненттерге сипаттама берілгенін көреміз: хореографиялық сабақ («үйретудің жаңа әдісі», «үйретуші»), ғылыми-терминологиялық жүйе және т.б.). К. Блазис педагогикалық мақсатта кез-келген қозғалыстың мәнін түсінуді жеңілдету үшін қимылдарды жеке қарастырады.

Л.Д. Блок [4] «Классический танец: история и современность» еңбегінде француз, италян, орыс мектептерінің ерекшеліктерін зерттеп, классикалық би техникасының пайда болуы мен даму тарихына тоқталады.

Т.А. Филановская алғаш рет Ресей хореографиялық білім беру жүйесінің қалыптасу кезеңдерін қарастырып, алғаш рет «модель» ұғымын зерттейді [5].

Хореографиялық кәсіби мектептердің тарихы мен тәжірибесі М.К. Леонованың [6] (Мәскеу мемлекеттік хореография академиясы), А.В. Фомкиннің [7] (А.Я. Ваганова атындағы Орыс балет академиясы) еңбектерінде қарастырылады.

Т. Benn [8], I. Pulinkala [9], M. Huxley [10], A. Carter [11], J. Jin, R. Martin [13] т.б. шет елдік ғалымдардың ғылыми мақалаларынан хореографиялық білім беру процесіндегі мәселелер, сабақтарды ұйымдастырудағы әдіс-тәсілдер талқыланады.

Зерттеу мәселесі бойынша отандық ғалымдардың еңбектеріне тоқталатын болсақ, Л.П. Сарынованың [13], С.А. Кузембаеваның [14], 1980 жылға дейін ұлттық хореография өнерінің тарихы мен дамуын сипаттайды. Сонымен қатар, отандық хореография өнерінің даму тарихы Л.М. Кремердің [15], Т.О. Ізімнің [16], ұлттық балет спектакльдерінің режиссурасының даму бағыты Г.Т. Жұмасейітованың [17], А.Е. Кусанованың [18] еңбектерінде қарастырылған.

Ал, Ш.Б. Жиенқұлованың [19], Д.Т. Әбіровтің [20], О.В. Всеволодская-Голушкевичтің [21], Г.Н. Бейсенованың [22] еңбектері қазақ биін танып білуге негіз болады. Қазақ биін оқытудың әдістемелік қағидаларында дәстүр сабақтастығы көрініс табады. Осы орайда, А.К. Кульбекова мен Т.О. Ізімнің [23], А.А. Татидің [24], Г. Орымбаева және А. Калелованың [25] еңбектері аға буынның зерттеулерінің негізінде әзірленіп, жоғары оқу орындарында қазақ биі сабағын жүргізуді жүйелеуге өзіндік үлес қосса, А.Б. Шанкибаеваның [26] зерттеулері қазақ биінің даму тарихына арналады.

Хореографиялық білім беру жүйесіндегі кәсіби шеберлік, мәселелері А.К. Кульбекованың [27], кәсіби құзыреттілік Б.С. Тлеубаеваның [28], отандық хореография өнерінің педагогикасы Л.А. Николаеваның [29], кәсіби ұтқырлық Д.К. Азизханованың [30] еңбектерінде зерттеледі.

**Зерттеу жұмысының нысаны:** Хореография өнері саласындағы мамандарды даярлаудағы білім беру үрдісі.

**Зерттеу жұмысының пәні:** Қазақстандық жетекші оқу орыны Қазақ ұлттық хореография академиясының мысалында хореографиялық өнер саласындағы мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі (ұлттық биді дамыту негізінде).

**Зерттеу базасы:** ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК («әрі қарай Қазақ ұлттық хореография академиясы»).

**Зерттеу жұмысының мақсаты:** Қазақстанда кәсіби хореографиялық білім беру моделін ғылыми тұрғыдан негіздеу, хореографиялық өнер саласында мамандар даярлаудың отандық тәжірибесінің ерекшелігін айқындау (ұлттық би өнерін дамыту контекстінде).

**Зерттеу жұмысының міндеттері:**

- хореографиялық өнер бағыты бойынша мамандар даярлауды дамыту кезеңдерін айқындау;

- хореографиялық өнер саласында мамандар даярлауда Қазақ ұлттық хореография академиясының жаңалықтары мен жаңа тәсілдерін анықтау және негіздеу;

- хореографиялық өнер саласында қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктерін саралау;

- хореография академиясындағы қазақ биінің ғылыми-зерттеу зертханасының қызметін талдау;

- ұлттық хореография бойынша мамандарды даярлаудың авторлық бағдарламаларын талдау арқылы қазақ биі бойынша сабақтар өткізудің вариативтік нысандарын анықтау;

-ұлттық биді дамыту негізінде хореограф-мамандарды даярлаудың қазақстандық моделін жетілдірудің перспективалық міндеттерін айқындау.

**Зерттеудің ғылыми болжамы.**

Заманауи білім беру жүйесі хореографиялық білім берудің жүйеленген моделімен сипатталады, онда сараптау және одан әрі дамыту мен жетілдіру тенденцияларын анықтау қолжетімді болады. Ғылыми-шығармашылық ізденістердің белсенді дамуы, хореографиялық білім берудің ерекшеліктеріне терең көзқарас, оқу процесін ұйымдастыруда заманауи әдістерді қолдану, халықаралық байланыстардың дамуы бүгінгі таңда оқу үдерісін жетілдірудің болашағын анықтайды және сондай-ақ әлемдік деңгейде ұлттық хореографиялық өнер саласындағы мамандарды даярлауға арналған білім берудің қазақстандық үлгісін тануға кепілдік береді.

**Зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздері.**

1. Би өнерінің тарихын, қалыптасу жолын зерттеген Ж.Ж. Новерр [2], Е.В. Герцман [31], Т.А. Филановская [5], В.Н. Торгашов [32], М.Эммануэля [33], Л.Д. Блок [4], В.М. Красовская [34], Т.М. Родина [35], И.М. Гурков [36], Д.М. Трускиновская [37], Т.О. Ізім [16], және т.б. ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып (ежелгі дәуірдегі би өнері (б.з. V ғ. дейін), орта ғасырдағы би өнері (V -XV ғ.), қайта өрлеу дәуіріндегі би өнері (XV-XVIIғ.), ағарту



дәуіріндегі би өнері (XVII-XIX ғ.), XIX-XX ғасырдағы би өнері деп кезеңдерге бөліп талдаймыз. Аталған кезеңдердегі би өнерінің даму тарихымен қатар, би өнерін үйрету процесі зерделенді.

2. Отандық хореография педагогикасының даму жолын Л.М. Кремердің [15], Л.А. Николаеваның [29], А.К. Кульбекованың [38], А.А. Садыкованың [39] зерттеулерінен, балет өнерінің дамуына үлес қосқан көрнекті педагогтардың тәжірибесін А.В. Селезнев атындағы АХУ мұрағаты мен мұражайының тарихи қорының негізінде зерттеп, талданды.

3. Елімізде жоғары білім беретін жетекші оқу орындарының тәжірибесі Л.М. Кремердің [40], З.А. Кастееваның [41], Т.О. Ізімнің [42], Г.Ю. Саитованың [43], А.К. Кульбекованың [44], Б.С. Тлеубаева мен Г.Ж. Шагитованың [45], Д.В. Сушковтың [46], Д.Д. Уразымбетовтың [47], еңбектеріне сүйене отырып, талдау жасалынды.

4. Қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибесін талдауда Ф.Б. Мусинаның [48], А.К. Кульбекованың [49] ғылыми мақалалары және академияның 2016-2022 жылдар аралығындағы есептері, веб порталына, әлеуметтік желілердегі парақшалары сараланды.

5. Г. Битенова [50], В.Ю. Никитин [51], Ц. Хуанг [52], Цзыхао (Майкл) Ли [53], Т. Андерсон, Д.Дрон [54], R. M. Gagne [55], Т. Heyang, R. Martin [56], A. Söötä, E.Viskusb [57], S. Gingrasso [58], Н. Wang [59], Z. Li, M. Zhou, Т. Тео [60], Y.You [61] сынды ғалымдардың еңбектері арқылы хореография өнері саласында қашықтықтан білім берудің жолдары анықталды.

6. «Қазақ биі» пәнін жүргізудің вариативті түрлерін анықтауда Ш. Жиенкұлованың [19], Д.Т. Әбіровтің [20], О.В. Всеволодская-Голушкевичтің [21], Г.Н. Бейсенованың [22], А.К. Кульбекова мен Т.О. Ізімнің [23], А.А. Татидің [24], А.Т. Молдахметованың [62] ғылыми зерттеулері және академияның қазақ биінің ғылыми-зерттеу зертханасы мұрағатының видеоматериалдары сараланды.

#### **Зерттеудің әдістері:**

- зерттеу мәселесі бойынша өнертану, психологиялық-педагогикалық бағыттағы әдебиеттерді ғылыми-теориялық талдау;

- хореографиялық педагогикадағы озық тәжірибені негіздеудегі жалпылама, зерттеу нәтижелерін әзірлеу мен тұжырымдаудағы жобалау әдістері;

- Қазақ ұлттық хореография академиясының отандық тәжірибесі мен білім беру үдерісін ғылыми негіздеуде бақылау талдау, сұхбаттар жүргізу;

- Қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибесі мен басқа да балет мектептерінің қызметін салыстырмалы түрде талдау.

#### **Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы:**

- отандық хореография педагогикасының даму кезеңдері анықталады;

- кәсіби хореографиялық білім беру деңгейлерінің әрқайсысының мақсаттары мен міндеттері, дайындық ерекшеліктері талданып, жүйеленді;

- ұлттық биді дамыту негізінде хореограф-мамандар даярлаудың қазақстандық моделін іске асырудың перспективалық міндеттерін айқындалды.

### **Зерттеу жұмысының жаңалығы:**

1. Отандық хореографиялық білім беру жүйесінің қалыптасу кезеңдері анықталып, «қазақстандық модель» ұғымына анықтама берілді.

2. Хореография өнері бағытында Қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибесі мен жетістіктері сараланып, сонымен қатар, төтенше жағдайда оқу үрдісін ұйымдастырудың жолдары анықталды (бүкіләлемдік пандемия Covid -19).

3. Қазақ ұлттық хореография академиясының ұлттық би өнерін дамытудағы негізгі бағыттары зерделеніп, ұлттық биді дамыту негізінде хореограф-мамандар даярлаудың қазақстандық моделін іске асырудың жолдары ұсынылды.

### **Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

Отандық хореография педагогикасының өзекті мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, үш кезеңге бөлу арқылы даму тарихына хореонологиялық анықтама берілді: 1934-1950 жылдар - қалыптасуы, 1950-1980 жылдар - дамуы, 1980 жылдан қазіргі уақытқа дейін - жетілдірілуі.

Еліміздің хореографиялық білім беру жүйесінің мазмұндық сипаттарын қарастырып, орта және жоғары оқу орындарында білім беру үрдісінде кездесетін бірқатар мәселелер айқындалып, шешу жолдары ұсынылды.

Академияның мамандар дайындауда көпдеңгейлілік, дуальді оқыту, теория мен практиканың сабақтастығы, ғылыми зертханалардың ұйымдастырылуы сынды ерекшеліктері айқындалып, ғылыми-шығармашылық жұмыстарды дамыту мақсатында ұсыныстар анықталды.

Хореография өнері саласында қашықтықтан білім беруді ұйымдастыруда академияның тәжірибесі талданып, дәріс және практикалық сабақтарды ұйымдастыруға әдістемелік ұсыныс жасалынды.

Ұлттық би өнерінің сан қырлы сипаты, ғалымдардың зерттеу объектісіне айналып отыр. Осы орайда, қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының оқу-әдістемелік, ғылымилық, практикалық бағыттарын зерттеп, әрі қарай зертхананы дамытудың жолдары айқындалды.

Академияның оқытушыларының қазақ биі пәнін оқытудағы қолданылатын әдіс-тәсілдерінің вариативті формаларын анықтап, орта білім беру деңгейінде А.А. Татидің, А.А. Садықованың, А.Ш. Шәмшиевтің сабақтары, жоғары білім беру деңгейінде Т.О. Ізімнің, А.К. Кульбекованың оқыту әдіс-тәсілдері анықталды.

Хореографиялық факультеттерде оқу процесін ұйымдастыру ең алдымен, ұлттық компонент пен этно-көркемдік білім беруден басталуы керек деп тұжырымдап, «Қазақ халқының дәстүрлі би мәдениеті» атты элективті курс оқу бағдарламасына енгізуге ұсынылды. Зерттеудің нәтижелерін қорытындылай келе, академияның білім беру деңгейлерін негізге ала отырып, ұлттық би өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі әзірленді.

Қазақ би мектебі орындаушылық мәнердің ерекше эстетикасы және бишіні даярлау жүйесі ретінде көркем мәдениеттің жетістіктерінің ұлттық символына айналуы тиіс:

- қазақ би қимылдарын жіктей отырып, бір-біріне ұқсамайтын қимылдарды бөліп үйрету және олардың ұқсастығы мен еркшелігін талдау;
- қазақ би мұрасының өзгеріске ұшырамауын қамтамасыз ету, қимылдардың орындау мәнеріне назар аудару;
- қазақ биі пәнін жүргізуде көрнекті педагогтардың әдістемесіне сүйене отырып, дамыту.

**Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы:** Зерттеудің нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланды. Оның ішінде Scours деректер базасына кіретін, шетелдік журналда - 1, ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынған басылымдарында - 5, шетелдік ғылыми журналдарда -2, халықаралық ғылыми конференция жинақтарында - 4, отандық басылымдарда - 1.

1. «Қазіргі заманғы жаһандану жағдайында болашақ педагог-хореографтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың негіздері // Абайдың 175 жылдығына арналған «Абай мұрасы – әлемдік мәдениет қазынасы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның мақалалар жинағы (21 қараша 2019 жыл)» 147-151 беттер. Қазақстан, Нұр-Сұлтан. ISBN 978-601-7812-31-7. 0,3 б.т.

2. «Технология реализации профессиональных компетенций будущих педагогов-хореографов в процессе самостоятельной работы // Образование: традиции и инновации: Материалы XXII международной научно-практической конференции: Россия и Европа: связь культуры и экономики. Прага, Чешская Республика». (27 декабря 2019 года) 35-39 стр. ISBN 978-80-88005-54-4.

3. «Хореография мамандығы бойынша кәсіби пәндерді жүргізуде модульдік оқытуды пайдаланудың тиімді жолдары // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «ХАБАРШЫСЫ» №1 (81) 2020 243-248 беттер. ISSN 2306-5079 (Print). <https://vestnik.kazmkpu.kz/jour/article/view/426>. Қазақстан, Алматы».

4. «Қазақ ұлттық хореография академиясының көп деңгейлі үздіксіз хореографиялық білім беру моделінің ерекшелігі // Халықаралық ғылыми журнал. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №8 2020 ISSN 2073-333X. 14-21 беттер. Қазақстан, Алматы. <https://www.naukaizhizn.kz/ru/journals/8-2020>»

5. «Хорография өнері саласында мамандар дайындауда қолданылатын негізгі педагогикалық қағидалар // Қазақ ұлттық хореография академиясы «ARTS ACADEMY» 3 (16) 2020 ISSN 2523-4684. 11-18 беттер. Қазақстан, Нұр-Сұлтан».

6. «Хореография өнері саласында қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктері // Нииде Омер Халисдемир университетінің ұйымдастыруымен өткізілген VII Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы» 20-23 2020 ISBN: 978-605-70218-3-0. 2-бөлім: 978-605-70218-5-4. 589-596 беттер.

7. «Хореография өнері саласында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдіснамалық негіздері // Көпмәдениетті қоғамдағы өнертану: дәстүр мен жаңашылдық: I Халықаралық ғылыми-практикалық online-конференция материалдарының жинағы. 10–11 желтоқсан 2020 жыл / Құрастырушы-редактор И. Р. Аухадиев. — Алматы: ҚазҰлтҚызПУ, 2020. — 180 бет. 36-40 бет. ISBN 978-601-346-070-3».

8. «The role of folklore and various types of art in the development of Kazakh dance // Talent Development and Excellence. Vol.12, No. 1, 2020, 2996-3005 p».

9. «Балетмейстеры, сыгравшие значимую роль в зарождении и развитии казахского сценического танца // Национальная ассоциация ученых (НАУ) № 62, 20207 ISSN 2413-5291. 4-8 стр».

10. «Технологии формирования компетенций обучающихся в реализации образовательных программ по хореографическому искусству // Халықаралық ғылыми журнал. Қазақстанның ғылымы мен өмірі. №12 (2) 2020 ISSN 2073-333X. 154-160 беттер. Қазақстан, Алматы».

11. «Педагогика хореографии: особенности преподавания и принципы // Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің Педагогика және психология журналы. Том 48 №3 (2021). ISSN 2077-6861. <https://doi.org/10.51889/2021-3.2077-6861.05>. Қазақстан, Алматы».

12. «Small forms of contemporary choreography directing of Kazakhstan: national content and supranational scenography. Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының Central Asian Journal of Art Studies журанлы, том. 7, № 2, 2022, б. 76–92, doi:10.47940/cajas.v7i2.522».

13. «Kazakhstan Experiencia En Distancia Learning En Higher Education in the Field of Choreography». ARTSEDUCA, no. 33, Sept. 2022, pp. 97-108, doi:10.6035/artseduca.6891.

**Зерттеу жұмысының құрылымы:** Зерттеу жұмысында кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер және қосымшалар берілген.

**Кіріспеде** зерттеу тақырыбының өзектілігін, нысаны, пәні, базасы, мақсаты, міндеттері, болжамы, әдіснамалық негіздері, қолданылған әдістер, теориялық және практикалық маңыздылығы, жаңалығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеудің сыннан өтуі және диссертациялық жұмыстың құрылымы айқындалған.

**«Хореография өнері бағытында мамандарды даярлаудың даму кезеңдері»** атты бірінші бөлімде, хореографиялық білім берудің қалыптасу кезеңдерінің әдіснамалық аспектілері ашылады. Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, хореографиялық білім беру жүйесінің тарихи кезеңдері сараланады, мамандарды дайындаудың ерекшеліктері айқындалады.

**«Хореографиялық өнер бағытында кадрлар дайындаудағы Қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибесі мен жетістіктері»** атты екінші бөлімде ұлттық хореографиялық жүйе стратегиясын сипаттайтын, әлемдік форматтағы кәсіби хореографиялық білім берудің инновациялық моделі Қазақ ұлттық хореография академиясының көпдеңгейлі білім беру

жүйесі талданады. Сонымен қатар, академияның ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарды ұйымдастырудағы жаңашылдығы қарастырылады. Хореография өнері саласында қашықтықтан оқыту жүйесі академияның тәжірибесінің негізінде сарапталып, шет елдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, талдау жасалынады.

**«Қазақ ұлттық хореография академиясының ұлттық би өнерін дамытудағы негізгі бағыттары»** атты үшінші бөлімде Қазақ ұлттық хореография академиясының «Қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының» ғылыми бағыты талданып, даму бағытының стратегиялық жоспары айқындалады. Академияның «Қазақ биі» пәнін жүргізген жетекші оқытушыларының педагогикалық технологияларыды қолдану тәсілдері талданып, сабақты жүргізудің вариативті формалары анықталады. Ұлттық биді дамыту негізінде хореограф-мамандар даярлаудың қазақстандық моделін іске асырудың жолдары қарастырылып, «Қазақ халқының дәстүрлі би мәдениеті» элективті курсы әзірленді.

Диссертациялық жұмыс ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК Педагогика кафедрасының 2023 жылғы 24 наурызында өткен кеңейтілген отырысында талқыланып, қорғауға ұсынылды. Хаттама №7(1).

## **1 ХОРЕОГРАФИЯ ӨНЕРІ БАҒЫТЫНДА МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ**

### **1.1 Хореографиялық маман дайындау жүйесінің құрылуы мен қалыптасуы**

Хореографиялық білім беру – би мәдениетінің негізі, іргетасы және тәжірибеге бағытталған көркем педагогикалық үдеріс. Хореография өнеріндегі білім беру жүйесі би өнерін әрі қарай дамытуға, күрделендіруге, зерттеуге, орындаушылық, педагогикалық, балетмейстерлік шеберлікті жетілдіруге мүмкіндік береді. Хореография өнерінде білім беру жүйесінің қалыптасуын зерттеу арқылы әр кезеңдегі даму заңдылықтарына, білім беру модельдерінің ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, заманауи реформаларды түсінуге мүмкіндік туғызу. Білім беру нысандары тарихи дамудың әрбір кезеңінде, әлеуметтік-мәдени шындық пен ментальитет арасындағы тепе-теңдікті қалыптастырады. Біз би өнерінің тарихын, қалыптасу жолын зерттеген ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып кезеңдерге бөліп талдаймыз (ежелгі дәуірдегі би өнері (б.з. V ғ. дейін), орта ғасырдағы би өнері (V -XV ғ.), қайта өрлеу дәуіріндегі би өнері (XV-XVIIғ.), ағарту дәуіріндегі би өнері (XVII-XIX ғ.), XIX-XX ғасырдағы би өнері).

Мәдениеттану докторы Т.А. Филановская: «Кәсіби білімнің бір бөлігі ретінде хореографиялық білім мәдениеттің өзекті құндылықтарымен, көркем өмірдің жаңадан пайда болған формаларымен анықталады, сондықтан уақыт өте келе ол өзгеруге мәжбүр болады. Бұл процестер білім берудің динамикасы деп аталады. Динамикалық процестер білім беруде өмірдің өзгеретін сыртқы және ішкі жағдайларына бейімдеу нәтижесінде пайда болады. Мәдени дәуір рухани құндылықтарды, хореографиялық білім берудің мазмұнын, ұйымдастырудың сипатын анықтайды» [5, 76.] автормен толықтай келісіп, хореография өнеріндегі білім беру жүйесінің қалыптасуын әрбір тарихи кезеңдегі мәдени өркениетпен байланыстыра зерттеген ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып қарастырамыз.

В.Н. Торгашов: «Христиан дәуіріне дейін көптеген ғасырлар бойы Қытайдың би өнері даму үстінде болды. Тарихшылардың деректері бойынша, Қытайда би мен музыка өнері Еуропа өркениетіне дейін екі жарым - үш мың жыл бұрын пайда болған. Көптеген ғасырлар бойы Императорлар сарайында ақсүйектердің балаларын оқытуға арналған Академия болды. Би міндетті пәндердің қатарына кірді. Академияда шәкірттерді императорға деген адалдық пен табынушылыққа тәрбиелейтін тәжімдер мен қимыл-қозғалыстарға үйретті» - деп тоқталады [32, 26б.]. Конфуцидің еңбектерінен христиан дәуіріне дейін 1100 жыл бұрын қытайларда балет өнерінің болғанын және орындаушылардың тек қана техникалық шеберлікпен ғана емес, ішкі сезіммен байланыс тапқан табиғи сұлулықты көрсеткені туралы деректер біздің заманымызға дейін жетті. Сонымен қатар, басқа да ежелгі

Шығыс халықтары сияқты үнді храмдарында ән және би орындаушыларын үйрету үшін институттар жұмыс жасаған. В.Н. Торгашов: «Үнді храмдарындағы мектептерге тек қана қыз балаларды бес жастан бастап қабылдаған. Олар монастырларда тұрып, жазу, оқу, би, ән сабақтары бойынша білім алған. Сонымен қатар би музыкасы ежелгі Индияда қарқынды дамып, би билей жүріп, ән айтқан баядеркалар би драмасына қатысуға үміткер бола алған. Индияда басқа әйелдерге қарағанда, баядеркалар өте сауатты, білімді саналған, олар аталған бағдарламадан бөлек шет тілдерін де жақсы білген» - деп ежелгі үнді мектептерінде жүргізілген би сабақтары жайлы тарихи деректерге тоқталады [32, 30 б.].

Би – адмның көңіл-күйімен, дененің еркін қозғалысымен үйлесімділікте қалыптасқан өнер түрі. Ежелгі дәуір адамдарының көркем қызметі біріншіден күнделікті тұрмыс-тіршіліктің, екіншіден адамдардың қарым-қатынасына байланысты дамыған. Ән мен би көпшілікті бір арнаға тоғыстырып, оларға ортақ көңіл-күй сыйлаған және жаттығу-тәрбиелілік қызметін де атқарған. Магиялық билер діни рәсімдерде биленіп, ежелгі дәуір мәдениетінде би өнерінің кәсіби жолы басталған.

«Зерттеулерге сүйенсек, би өнері құдайға мінәжат етуге тиесілі болғандықтан, Мысырда бишілер үшін қажеттілік туындады. Сондықтан да, Мысырда би, ән, музыка мектептері қалыптасты. Амон храмында құрылған хореография мектебін бітірген бишілер, қоғамда жоғары құрметке ие болды. Бұл мектептердің қалай сабақ жүргізгендігі және неге үйреткендігі туралы мәліметтер жоқ. Бірақ біз олардың қимылдарының мимикадан және тербелмелі қимылдардан тұратынын білеміз» [32, 41 б.]. Аталған билерді орындау ұзақ та, күрделі жаттығу жұмыстарын талап еткен. Ежелгі египеттіктердің би өнері өзінің әртүрлілігімен айқындалады. Деректерге сәйкес өзіндік қимылдарымен, орындау стилімен ерекшеленетін, қатаң классификацияны талап ететін би түрлерін көреміз.

В.Н. Торгашов «Ежелгі Грецияда балаларға арналған хореографиялық мектептерде аяқ техникасының дамуына мән берілді. Мектеп түлектері ғибадатханаларда би орындаушысы ретінде және театрларда әртістік қызмет атқарды. Оқытушылар тарапынан оқушыларға қатаң талаптар қойылып, практикалық пәндер кәсіби түрде меңгерілді. Бітірушілерге қойылған қойылымдарды орындау икемділік пен ептілікті талап етті» [32, 30 б.] - деген болса, ежелгі билерді зерттеуші М.Эммануэля: «аяқ қалыптары қазіргі заманғы аяқ қалыптарына толығымен сәйкес, *pirouette* және *pirouette*-ке дайындық қимылдары бірдей, *rond de jambe soutenu* және *glissade* қимылдарының орындау техникалары ұқсас» - деп сипаттама береді [33, 51 б.].

Аталған деректерге сүйене отырып, барлық өнердің бесігі болған Грецияның кәсіби хореография өнерінің дамуына тигізген орасан үлесін көреміз. Сонымен қатар, гректер биді тек қана құдайға табыну мақсатында ғана пайдаланбаған, би өнері қоғамды сұлулыққа тәрбиелеуде маңызды роль атқарған. Аталған тұжырымдама хореография өнеріндегі педагогика

ғылымының ең маңызды компоненті тәрбие процесінің ежелгі гректер тарихынан бастау алғанын дәлелдейді.

Ежелгі ақындардың, суретшілердің, жазушыларының шығармаларында би атаулары, орындау ережелері және орындаушылар туралы еңбектер кездеседі. Мысалы: Гомердің «Илиадасында» хоровод билері, «Одиссеяда» жастардың ортасында билеген жігіттердің жұптық биін, Лукианның антикалық эстетиканың үздік шығармасы «Диалог о танце» еңбектері би өнерінің тарихи деректер базасын қалыптастырды. Б.з.б. II – ғасырда Греция мен Македонияны Рим мемлекеті жаулап алғаннан кейін, гректердің бай өнері мен мәдениетін римдіктер иемденді. Римдіктер үшін би өнері құмарлыққа, ләззатқа ғана бағышталды. Осының салдарынан элиндердің ғасырлар бойы сақтап келген діни тазалықтары біртіндеп жоғалып, билердің рухани міндетіне талап қойылмады. Римдіктердің трагедияны, драманы және комедияны сахнада ойнаулары гректерге ұқсас болды. Хореография өнері үшін мимика қызығушылық тудырып, римде дамып, кейін балет өнерінің қалыптасуына негіз болды.

Антикалық қоғамда күнделікті тұрмыста көркем шығармашылық поэзия, музыка, би арқылы синкретті түрде дамыды. Сол себепті өнер саласында мамандар дайындауда синкретті түрде жүргізілді. Театр актері тікелей актерлік өнерге де, биге де, вокалға да қабілетті болуы керек болса, ежелгі гректердің үрлемелі аспаптарында ойнаушылар тек қана аспапта ғана ойнап қоймай, билей білуге де міндетті болды. Мұндай шығармашылық бірлестік әсіресе хорға қатысушыларды дайындауда айқын көрінді. Өйткені, әр хорист-әнші ансамбльде ән айтушы ғана емес, сонымен қатар ұжымдық биге де қатысуы керек еді. Ежелгі грек және римдіктердің өнерін зерттеуші Е.В. Герцман: «Ежелгі гректердің өмірінде спорттық сайыстардың маңызды орын алғаны белгілі. Осы сайыстардың барысында хор ұжымдарының жарыстары да өткізілді. Бұл ұжымдарды дайындайтын адамды – «хородискалдар» деп атады» [31, 51 б.] және Пантакл, Никострата, Лисиад, Навплий, Памфил, Полизел, Фидий Окуитский, Филофран, Харилай Локрский, Мерагена Опунтского, Сосибий, Филиан, Нипократ және т.б. атақты хорадикалдардың тәжірибелерін зерттейді. Либании еңбектерінде ұжымға қабылданатын орындаушыларға қойылатын талаптар көрсетілді: «Ең алдымен, әрбір дене (бұл үшін) қолайлы емес. Сонымен, (бәрінен бұрын) баланың бойының ұзын болып өсетініне және толық болмайтынына көз жеткізу керек. Ол сұңғақ мойынды және көзге көрінбейтін сұлулықтың иесі болуы қажет, сонымен қатар есте сақтау қабілеті маңызды». Либании еңбектерін сараптай отырып, сонымен қатар орындаушылардың есте сақтау қабілетіне байланысты іріктеу жүргендігін ескеретін болсақ антикалық биледің суырып салмалықтан (импровизация) туындамағанын, кәсіби тұрғыдан мән берілгенін көреміз.

Деректерге сүйеніп, ежелгі дәуірдегі би өнерінің дамуында педагогикалық үдерістің көрініс тапқанына көз жеткіземіз. Ежелгі дәуірдің өнері мен мәдениеті дамыған мемлекеттерде би мектептерінің пайда болып, өзіндік ішкі қағидаларына сүйене отырып, би сабақтарын жүргізгендігі мәлім.



Би өнерінің өзіндік атқаратын қызметі қалыптасып, сұраныс артты, бұл мәліметтер қоғамдағы оның маңыздылығын және жүйелі түрде үйретілгендігіне дәлел деген болжам жасаймыз. Сонымен қатар, ежелгі дәуірдегі би өнерін дамытуда жүзеге асырылған тұжырымдамалар қазіргі таңда өзіндік маңыздылығын жоғалтпағандығы айқын.

Крито-микен мәдениетін зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, өнер көркем шығармашылықтан туындаған. Тастағы суреттерді, көркем шығармаларды сараптай келе, орта ғасырдағы бишілерді, акробатикалық айдаларды орындаушыларды әуесқойларға жатқызамыз.

М.Эмануэль мүсіндер мен кескіндемелерге, тасқа қашалған суреттерді зерттеп, хронофотография жүргізеді. Классикалық бидің негізі болып саналатын «айналымдылықты» грек құмыраларындағы суреттерден кездестіреді, бірақ жиі қолданыста болмағандығын алға тартады. Қай уақытта, қай жерде «айналымдылықты» кездестіргенін жүйелеудің нәтижесінде, оның тұрмыстық билерде қолданылмағандығын, тек орындаушылардың өздерінің асқан шеберліктерін көрсету үшін пайдаланылған деп тұжырымдайды. (Мысалы: б.з.д. V ғ. «Танцовщица. Террактовая статуэтка», «Танцующий юноша. «Танцовщицы-кариатиды. Мраморный рельеф. Рим, вилла Альбани»).

Қол қимылдары – кейіптердің айқындығын көрсетудің және негізгі ойды жеткізудегі басты құралы.

Орта ғасырда Еуропада театрлар мен цирктердің қойылымдарына христиандық шіркеулер шектеу қойды. Би өнері құдайға мінәжат етудің бір құралы ретінде ғана саналды. Би және театр өнерінде керемет бейнелер қалыптастырып, орындаушылық өнердің дәмін сезген артистер мен бишілер шіркеуден кетіп, базарлар мен алаңдарда өнер көрсете бастады. Л.Д. Блоктың зерттеулеріне сүйене отырып, осы кезеңдегі орындаушыларды төмендегі кесте бойынша қарастырамыз:

Кесте №1. Орта ғасырдағы би өнері орындаушыларына сипаттама.

<b>Орындаушылар</b>	<b>Дәрежелері</b>	<b>Сипаттамасы</b>
Би шеберлері және цех инструменталистері	Жоғары және бірінші	Олар тек инструменттерде ойнап қана қоймай, арнайы залдарда қоғамның барлық өкілдеріне арнап би сабақтарын жүргізді.
Актерлер	Екінші	Олар би қойылымдарына қатыспады.
Бишілер	Үшінші	Олар XV ғасырдан бастап, екі ғасырға жуық уақыт аралығындағы мореска биін орындаушылар.
Жәрмеңкелердегі сайқымазақтар	Төртінші	XII-XIII ғасырда дамиды. Олар өлең шығарып, музыка жазып, түрлі фокустар мен акробатикалық айдаларды

Орта ғасырдағы балет өнеріне дейінгі кәсіби би өнерінің орындаушыларын Л.Д. Блок: «Жонглерлер биін ежелгі мимдерден мұра ретінде қалған, акробатикалық қозғалыстардан тұратын, элевация қарқынын қолданған, шебер және техникалық тұрғыдан ойластырылған билер деп санаймыз. Аяқтар айналымдылық қалпын сақтап, аяқтың ұшы жиі созылады. Қол қимылдары мұқият ойластырылып, қол саусақтарының қалпы классикалық бидегі жағдайға ұқсас. Дененің қалпы белден жоғары тартылған. Қимылдардың орындау мәнері өте қарқынды, қазіргі таңдағы *allegro* сияқты» [4, 30 б.] – деп бейнелей келе, XIV ғасырдағы жонглерлер, XV ғасырдағы морескьерлер, XVI ғасырдағы арлекиндер (панталондар), XVII ғасырдағы баладендер асқан шеберлікпен орындалатын секіру қимылдарынан тұратын, комедиялық билерді орындаушылардың, классикалық бидің пайда болуында маңызды роль атқарғандығын тілге тиек етеді. Әрбір өңірде әр түрлі атпен аталған бұл орындаушылардың қойылымдарынан кәсіби классикалық би өнерінің іргетасы қаланып, ежелгі дәуірдегі би өнері мен қайта өрлеу дәуірінің арасындағы байланыс дінгегі орнатылғанын көреміз.

Ренесанс дәуірінде антикалық өнерді танып-білуге көңіл бөлінді. Ағартушылар антикалық ойшылдардың және суретшілердің еңбектерін зерттеу арқылы орта ғасырлық ғылым мен өнердің іргетасын қалады.

XVII ғасырдағы француздық хореография жүйесі, итальяндық көзқарастардың әсерінен қалыптасып, асқан шеберлікпен орындалатын билер және бал билері болып бөлінді. Сарай мәдениетіндегі балеттер дамыған сайын, театрлы-би қызметінің де мазмұны тереңдей түсті. Театр сахналарында *бранль*, *бурре* т.б. ескі халық билері орындалды. Қойылымдарда алғаш рет билеушілер мен сарай қызметкерлерінің есімдерімен қатар, Баллон, Блонди, Дюпре, Пекур т.б. кәсіби бишілердің есімдері пайда бола бастады. Бұл орындаушылардың билері сауырып салмалықтан және күрделі қимылдардан, секірулерден пантомимадан тұрды.

XIV Людовик каролінің кезеңінде би өнері өзінің даму кезеңінің жаңа деңгейіне жетті. Аллегориялық және тарихи пьесалар кең таралды. Француз би өнері жеке өнер ретінде дамыды, мәдениеттің өзіндік жаңа ерекшелігі саясатпен, экономикамен байланысты болды. Отандық ғалым, өнертану профессоры Т.О. Ізім «XVI ғасырда би техникасын дамытуда үлкен қадам жасалды. Сол кезеңде Фабрицио Карозо және Чезаре Негри Италияда, Бальтазарини және Туано Арбо Францияда еңбек етті. Ф. Карозо 1581 жылы Венецияда өзінің «Танцовщик» атты еңбегін жарыққа шығарды. Бұл еңбегінде ол Венеция билерін және олардың орындалу техникасы мен би қимылдарын жазды. Осы кезеңде Францияда Туано Арбо «Оркесография» атты еңбегін диалог түрінде басып шығарды. Ол онда оқырмандардан туындаған сұрақтарға жауап бере отырып, бидің мағынасына және оның музыкаға тәуелділігіне тоқталды» - деп жазды [16, 17 б.].

Хореография өнерінде педагогикалық жүйенің қалыптасуы Италия және Франция елдерінде XVII ғасырдан бастау алады. Аталған дерекке

ғалымдардың еңбектері дәлел болады. Мысалы, В.Н. Торгашовтың зерттеулерінде «Итальяндықтар хореография өнеріндегі алғашқы кәсіби үйретушілері болып табылады. Олар тек қана өз отанына ғана қызмет етіп қоймай, шақырту бойынша әртүрлі елдерде еңбек атқарған.

Итальян хореографтары қалыптастырған терминдер бидің орындалу мәнеріне ықпал етті. Би билеу барысында дененің дұрыс қойылуына және оның қалыптарына мән беріледі. Қыздар қимылдарына байсалдылық және жеңіл орындау тән. Тізені аздап бүгуге, аяқты еденнен жеңіл көтеруге рұқсат берілді. Итальяндықтар мен француздардың ұсынған терминдер мен фигураларының бір-бірінен аса көп айырмашылығы жоқ. XV ғасырдағы Европадағы мәнерлі билерді орындауда тура қалыптар қолданылды. Айналымдылық (выворотность) XVII ғасырда ғана міндетті бола бастады.

Зерттеушілер XV ғасыр билерін төменгі яғни еденде орындалатын билер деп атайды. Бұл билерде секіру қимылдары қолданылмаған (басданстар: бранль, павана, куранта)» - деп саралайды [32, 17 б.]. XVII-XVIII ғасыр аралығында білім беру жүйесінің даму эволюциясы П.Бошанның өзіндік әдістемесін бекітуінен, Р. Фейенің жаңа театр-би тілін енгізуінен, Ж.Ж. Новеррдің мазмұнды би саласындағы тәжірибелерінен бастау алады.

Француз хореографы, биші Ж.Ж. Новерр әлемдік хореография өнерінің бағытын анықтады. Оның реформаларының негізінде XVIII ғасырдың екінші жартысында европалық балет өнері өзінің стилін өзгертті. Бұл өзгеріс Париж Корольдік музыкалық академиясының, балет өнерінің реформасын қалыптастырған Австрия, Германия, Италия елдерінің опера-балет театрларымен ұзақ қақтығыстың нәтижесінде қалыптасты. Себебі аталған өнер мекемелері қалыптасқан дәстүрді сақтап қалуға тырысты. Ж.Ж. Новеррдің теориялық негіздеулері балет өнерін театрлық қойылымдарда жеке өнер ретінде қалыптастырды. Өзінің «Письма о танце» еңбегінде балет өнерінің эстетикасы саласында спектакльдердің драматургиялық негіздерін анықтап, маскалар мен ауыр костюмдерден бас тартып, хореография педагогикасындағы тиімді әдістерді ұсынды. Аталған еңбек қазіргі таңға дейін өзінің теориялық құндылығын жоғалтпай, хореография өнері саласында ғылыми зерттеу жұмыстарының негізіне айналды. Ж.Ж. Новерр ежелгі грек философы Лукиан Самосатскийдің дене бітімінің үйлесімділігі қағидасын ұстанды. Бишіге қойылатын негізгі міндетті талаптарға айналымдылық жатты. Ж.Ж. Новерр «Тізе бөксенің қатысуынсыз айналымдылық қалыпын көрсете алмайды, тізенің атқаратын екі-ақ қызметі бар, бүгілу және тартылу. Сондықтан да, тізе арқылы айналымдылықты талап ете алмаймыз, айналымдылық бірінші кезекте бөксенің қалыпына тәуелді және барлық төменгі бұлшық еттердің жұмысын айқындайды» [2, 73б.]. Л.Д. Блоктың пікірінше айналымдылықтың мақсаты – жамбас буынындағы аяқтың қозғалысын босату. Қалыпты қозғалыс жағдайында аяқтар оған тәуелді.

Айналымдылық – дененің кейіпін нақтылап, аяқтың еркін қозғалысы үшін жаңа кеңістік береді. Айналымдылық жағдайында аяқ сонымен қатар жамбас буынында шыңына жеткен үлкен конусты сипаттай алады (Grand rond de jamb қозғалысы), егер аяғымыз 90 градус биіктікте ұсталса, көлденең

жазықтықта еркін қозғала алады деп түсінік беріледі. Айналымдылық ерте жастан қалыптасатындықтан, кәсіби орындаушыларды 8-10 жастан оқытуды енгізді. Оның бұл реформасы хореография өнерін дамытуда үлкен роль атқарып, тек қана Европа елдерінде ғана емес бүкіл әлемдік балет өнерінде орындаушылар дайындауда қолданысқа енді.

Европадағы хореографиялық білім беру жүйесіндегі институттандыру үрдісі 1661 жылы Парижде П. Бошан басқарған Корольдік би академиясыны ашылуынан басталады. Академияның негізгі міндеті би өнерінде эстетикалық заңдылықтарды қалыптастыру, орындаушылық техниканы дамыту және бишілерді дайындауда белгілі бір әдістемені ұсыну болып табылды.

XVII ғасырдағы саяси жағдайға байланысты хореография өнері саласында білім беру құрылымдарын ұйымдастыруды және басқаруды мемлекет (шіркеу емес) өз қарамағына алғанымен, мекеменің және оқытушылардың табысы қоғамдағы жоғары топ өкілдерінің қызығушылықтарына байланысты болды. Академияда алғаш рет би өнерінің заңдылықтарын сақтай отырып, сыныптар құрылды.

Т.А. Филановская би академиясының хореографиялық білім беру жүйесіндегі ролін былай деп сипаттайды: «Би академиясында қимылдардың грамматикасы бекітіліп, белгілі бір терминология енгізілді, қимылдарды байланыстыру реттілігін кестелерге бөліп, салондық және сахналық бидің бөлінуін негіздеді. Би өнеріндегі тәжірибе қимылдарды байланыстырудың тиімді ережелерін әзірледі, «pas» қолданудың қарапайым жүйесін жобалады. П. Бошан дененің пластикалық механикасына байланысты тұтас тұжырымдама ұсынды. Біріншіден, би қимылдарын жазудың жаңа жолын, екіншіден айналымдылыққа негізделген бес аяқ қалыпын бекітті. П. Бошан енгізген аяқ қалыптары және кейіннен Ж.Б. Рамо толықтырулар енгізген қол қалыптары классикалық биді оқытудың негізгі базасына айналды. П. Бошан жүйесінің негізгі бағыты театр бишісін тәрбиелеу болды» [5, 45б.]. Би өнерінің сұлулықты талап етуі француздардың хореография өнерінің грамматикасын бекітуіне жол ашты. П.Бошан енгізген аяқ қалыптарының орындаушылық өнерді дамытуда өзіндік мәні болды. Дегенмен, Т.А. Филановская:

- «оқу орнының жабық түрі;
- тәрбиеленушілердің санына шектеу қою;
- сыныптық-оқыту жүйесінің болмауы;
- сабақ кестесінің жасалмауы;
- 1792 жылға дейін оқу құралдарының, оқу бағдарламаларының, оқу жоспарларының болмауы;
- жалпы білім беретін пәндерді оқу жүйесіне енгізу;
- орындаушылық шеберлікті жеткізу, тек қана ауызша және көрсетілім арқылы ғана түсіндірілді;
- дайындық жұмыстары – тәжірибеге бағытталған негізгі әдіс ретінде қолданылды» - деп жетіспеушіліктерін көрсетеді [5, 46 б.].

Хореографиялық білім берудің алғашқы моделі синкретті түрде болды. Бұл опера және балет жанрларының жеке саралануы болмаған кезде

қалыптасқан білім беруді дамытудың бастапқы кезеңі. Театрларды басқару органдары білім беру біртұтастықты құрап, бір адам театрда балетмейстер және би мектебінің жетекшісі қызметін атқарды. Педагогикалық қызметті - би мектебінің және кәсіби труппаның жетекшісі, балетмейстер, репетитор болып табылатын адам жүзеге асырды, яғни мамандықтың әр қыры бастапқы да ажыратылмады. Мектеп базасындағы көркем-педагогикалық үдеріс театрлардың репертуарлық саясатына толығымен тәуелді болды. Білім берудің мақсаты театр сахнасына бірнеше өнер түрлерін (актерлық, әншілік, бишілік) орындаушылық шеберлікті меңгерген әмбебап маман тәрбиелеу болып табылды.

XVIII ғасырдағы би теориясының негізі:

- геометриялық сауаттылық, кейіптердің дәлділігі;
- дененің тепе-теңдігін ұстау мәселесі шешілді (por de bra сарапталып, аяқты әр түрлі бұгулер – Рамо, бір аяқта немесе екі аяқта тепе-теңдікті ұстауды үйрету - Дюфор);
- үйретілген қимылдарды теориялық тұрғыдан сараптау.

П. Бошанның теориялық тұжырымдамасының жағасы ретінде, 1820 жылы К. Блазис «Элементарный учебник теорий и практики танца» атты еңбегін жазады. Аталған еңбекте біз алғаш рет хореографиялық сабақтарды құраушы компоненттерге сипаттама берілгенін көреміз: хореографиялық сабақ («үйретудің жаңа әдісі», «үйретуші»), ғылыми-терминологиялық жүйе және т.б.). Көз алдымызға 1820 жылға классикалық би сабағының үлгісі келеді. К. Блазис педагогикалық мақсатта кез-келген қозғалыстың мәнін түсінуді жеңілдету үшін қимылдарды бөліктерге бөліп қарастырады. Өзінің тәжірибесінде пайдаланып, оң нәтижеге жеткендігін дәлелдейді. Л.Д. Блок француздық және итальяндық би мектептерінің тарихын зерттей келе төмендегідей жіктеп, қарастырады.

Кесте №2. Француздық және итальяндық би мектептерінің сипаттамасы.

№	Кезең уақыты	Кезең аттары	Сипаттамасы	Орындау мәнеріндегі ерекшелік
<b>Француздық мектеп</b>				
Ф I	1660-1795	Ескі француздық	Вестрис	Сезімталдылық
Ф II	1795-1827	Ампирность	Блазис	Геометриялылық
Ф III	1827-1850	Тальонизм	Т+ФI + ФII	Артистілік
Ф IV	1850	Заманауи	ФIII – И II	Эпигондық шатасу
<b>Итальяндық мектеп</b>				
И I	XVIII - 1837	Ескі итальяндық	Фоссано Барберина	Sauteurs

И II	1837	Жаңа итальяндық	Блазис	Техникалылық
---------	------	--------------------	--------	--------------

Ф I кезеңі француз революциясына дейінгі хореографиялық өнер. Бұл кезең – О. Вестристің орындаушылық өнерімен сипатталады.

Ф II - революция уақытындағы би өнеріндегі өзгерістер, бұл өзгерістер К. Блазистің тұжырымдамасымен ұштасады. Аталған кезеңге геометриялық дәлділік тән.

Ф III – тальонизм. Ф I және Ф II кезеңіндегі О. Вестристің орындаушылық өнеріндегі сезімділік және К. Блазис тұжырымдамасындағы дәлділік тән.

Ф IV – француз би мектебінің дербестіктен айырылып, итальяндық көзқарастың әсерінен дамуы;

И I – ескі итальяндық мектеп, XVIII ғасырдағы француздық би формаларының және вригуоздық орындаушылық дәстүрдің байланысынан дамыған театрландырылған итальяндық би.

И II – автор К. Блазистің Миланда құрылған жаңа мектебінің даму жолын қарастырады.

Театрлық білімді жүйелеудің негізгі жаңа практикалық моделін К. Блазис, А. Бурнонвиль, Ф. Тальони және т.б. енгізеді. К. Блазис және А. Бурнонвиль алғашқы практик-теоретиктерінің бірі, академиялық оқыту жүйесінің әдістерін экзерсистің негізгі міндеттері негізінде оқушының жеке стилімен үйлестіру қажеттілігін атап өтті. К. Блазис геометриялық схемалар мен оқу кестелері түріндегі арнайы дәлелдерге сүйеніп, қозғалыс пен оның дене қимылдарының айқындылығының арасында психологиялық жағдай жасауға тырысты. К. Блазис тұжырымдамасының негізгі мақсаты – классикалық академиялық биші тәрбиелеу.

Ф. Тальони бидің педагогикалық мәдениетіне жаңа «классикалық романтикалық хореографияны» енгізді. Ф. Тальони романтикалық балетке биші дайындау мәселесін алдыға қойды. Жүйенің құрылымдық компоненті ретінде музыка мен қозғалыстың эмоционалды - бейнелі мазмұны ұсынылады.

XIX ғасырда кәсіби хореографиялық білімнің жаңа моделі пайда болды: экспрессивті ым-ишара теориясы немесе Ф.Дельсарт сезімінің пластикалық белгілерінің моделі, Э. Ж. Далькроздың ырғақтық-пластикалық ым-ишара теориясы, А. Дунканның еркін пластикасы мен еркін дене теориясы. Бұл тұжырымдамалар академиялық би жүйесіне толық балама ретінде ғана емес, сонымен бірге XX ғасырдың басындағы хореография саласындағы мамандарды оқытудың принциптері мен формаларын жаңартуға тікелей әсер етті. Қазіргі тұжырымдамалардың мақсаты - шығармашылық тұлғаның да, жалпы өнердің де тұрақты дамуын ескеру.

Алайда, «хореографиялық оқыту» теориясы тұрғысынан танымдық процестер жүйесі әрдайым бірдей бола бермейді.

XVIII ғасырда Ресейде кәсіби хореографиялық білімнің пайда болуы орыс театрының тарихындағы маңызды оқиға болды. Орыс балет өнерінің екі саласы – әртүрлі уақытта және тарихи жағдайда қалыптастқан Петербург пен Мәскеу мектептері, қазіргі таңда Ресейдің ұлттық өнерінің мақтанышы болып

табылады. Орыс мәдениетінің даму ерекшеліктеріне өнертанушылар былай деп баға береді: «Ресей дайын формаларды алды, Еуропаның тәжірибесін пайдаланды. Орыс мектебінің негізін қалады, бірақ қимыл үлгілері үлкен роль атқарды; көп нәрсе олардың таңдауына байланысты болды» [35, 10б.]. Таңдаудың дұрыстығын тарих көрсеткендей, XVIII ғасырдағы жалпы еуропалық мәдени үдерісті қамти отырып, еуропалық үлгінің ең үздігін игергені мәлім.

Өнертану докторы, профессор, балеттанушы Вера Михайловна Красовская орыс балет өнерінің қалыптасуы жайлы: «Ресейлік дипломаттар, көпестер және саяхатшылар өздерінің шетелдік сапарларында батыстағы театр ісінің жай-күйімен танысты. Драмалық қойылымдармен қатар, олар музыкалық, атап айтқанда балет театрының қойылымдарына қызығушылық тудырды» - деп жазды [34, 36б.]. Ғылыми-теориялық, өнертанушылық тұрғыдан сарапталып, зерттелген орыс балет өнерінің 282 жылдық тарихы болса, отандық кәсіби балет әртістерін дайындайтын мектептің де үш ғасырға жуық уақыт тарихы бар. Русь мәдениетінде би өнері - шіркеу қойған шектеулерге қарамастан, дамып өзіндік ұлттық мәнері қалыптасты. Орыс патшасы Михаил Федорович өзінің сарайына биші Иван Лодыгинді жұмысқа алады. Оның міндеті тек қана өнер көрсету емес, жиырма тоғыз оқушыны өзінің білгеніне үйрету болды. Алексей Михайловичтің билік құрған уақытында алғаш рет театр ұйымдастырылып, пьеса актілері арасындағы үзілісте «балет» деп аталатын театрлы билер көрсетілді. Бұл билердің өзіндік мағынасы болмағанымен, күрделі бал билерін ұсынды.

Жылдар өте Петр I арнайы жарлықпен би өнерін сарай этикетінің ажырамас бөлігіне айналдырды. «XVIII ғасырдың 30 жылдары жоғарғы тап өкілдерінің жастарын би өнеріне үйрету міндетті болды. Петербургте бал биін Шляхет кадет корпусында үйретті. Жазғы бақта – жазғы театр, қысқы сарайда – қысқы тетар ашылған кезде курсанттар балеттерге қатыса бастады. Танцмейстер қызметін Жан-Батист Ланде атқарды. Ол сарай жастарының балет өнеріне аса жауапкершілікпен қарамайтынын түсініп, 1737 жылы қарапайым отбасынан шыққан жастардан арнайы балет мектебін құру керек екендігін негіздеді. Нәтижесінде 1738 жылы ең алғашқы орыс балет мектебі ашылды. Сарай қызметшілерінің арасынан он екі қыз және он екі жігіт таңдап алынды. Танцевальная Ея Величества школа Эрмитаждың жанындағы Қысқы сарайда өздерінің сабақтарын бастады. Ж.Б. Ланде оқушылармен күнделікті сабақтар жүргізіп, көрермендер таң қаларлықтай жоғары нәтижеге қол жеткізді» - деп жазды [36, 8б.]. Ж.Б. Ланденің кәсіби орыс хореография өнерінің дамуына қосқан үлесін В.Н. Торгашов зерттеулеріне сүйенер болсақ, Ж.Б. Ланде өзін көрнекті оқытушы ретінде талантын және шығармашылық әлеуетін көрсете білген. Ресейде ол өзінің шығармашылық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктерін толығымен дамытқанын көреміз. Ең бастысы, ол өзінің педагогикалық қызметінде білім алушыларының ерекше қабілеттерін бағалап, соған сәйкес оқу үрдісін ұйымдастырған. Ол Орыс хореография өнерінде отандық бишілердің шетелдік хореография үлгілерін орындауда өзіндік мәнерін ұстанатынын, ал орыс балет өнерінің өзіндік

ұлттық нақышының болу керектігін басты назарда ұстаған шетелдік хореографтардың бірі болған. Бұл кезде орыс сахналық биі күрделі техникаға негізделген европалық бал билеріне ұқсас сипатта дамыды. Бірақ, орыс балет өнерінде орындаушыларды дайындауда орыс халық биінің жоғары деңгейдегі техникасын меңгертумен ерекшеленді және балет театрында да ұлттық нақышқа аса мән берілді. Сарай балетмейстері және би мектебінің жетекшісі қызметін атқарушы Ресей императорының алдында адал болуға ант беруге міндетті болды. Аталған қызметті әр жылдары Ж.Б. Ланде, А. Ринальди (Фоссано), Ф. Гильфердинг, Ш. Дидло атқарды.

Мектеп орыс сахнасына тек қана кордебалет бишілерін ғана дайындап қоймай, шетелдік бишілерден кем түспейтін жеке орындаушыларды (солистерді) дайындауда да көзге түсті. Балет өнері – әлемдегі озық үлгілерді сіңіріп, сонымен қатар өзіндік ұлттық ерекшелігін қалыптастырып, орыс халық мәдениетінің бір бөлігіне айналды.

«Көп ұзамай жағдай өзгеріп, императорлық театрларды қайта құру қарастырылып, мектептерге көңіл бөлініп, жаңа мұғалімдер жұмысқа шақырылды: кескіндемеден художник Федор Алексеев, орыс сауаттылығы – Марфа Троицкая, математикадан – Иван Гребенщиков, ноталарды жазудан – Сергей Рахманов, Локателли – француз тілінен сабақ берді» [5, 11 б.].

Т.А. Филановская: «Мұрағат құжаттары би мектебіндегі алғашқы білім беру жүйесінің утилитарлық болғанын растайды. Драмалық және балет жанрларын саралаудың болмауы оқу процесі мен сахналық іс-әрекетті үйлестіре отырып, би және актерлік шеберлікті бір уақытта үйренуді қажет етті» [5, 10б.].

А. Ринальди (Фоссано) – орыс балет өнеріндегі венециялық мектептің өкілі. 1736 жылы ол өзінің әйелімен бірге итальяндық опера және балет труппасының құрамымен келген. 1730 жылы венециялық балетте орындаушылық жолын бастап және өзін асқан шебер биші ретінде көрсетіп, комедиялық балеттерді қояды. Ресейде шетелдік труппалардың өнер көрсетуі, көрермендердің отандық балет өнерін салыстырып және орыс балет мектебінің керемет әлеуетін бағалауға жол ашты. Ерлі зайыпты Фузанолар Ресейге күрделі техникасымен Европаны таң қалдырған итальяндық билерді әкелді. Алғашқы болып Ресей өнерінің даму тарихын зерттеушілердің бірі Якоб Штелин: «Ж.Б. Ланде мектепті басқарған кезде, оған оқу үрдісін ұйымдастыруда А. Ринальди Фузано және оның әйелі Джулия Фузано, француз бишісі Лебрен көмектесті. Олардың барлығы орыс балет артистерінің өнерлерін жетілдіруді қамтамасыз етті. Ж.Б. Ланде өмірден өткеннен соң А. Ринальди Фузано мектепті басқарды» - деп жазды [63, 154 б.]. Ал, Л.Д. Блоктың пікірінше ерлі-зайыпты Фузанолар әкелген жаңа бағыт – Парижді өзінің орындаушылық өнерімен таң қалдырып, би өнеріне деген жаңа көзқарас қалыптастырған Барберина Кампанинидің бағыты. Бұл бағыттың өзгешелігі бидің көңілділігінде, әсемдігінде болды. Фузанолардың оқушылары асқан шеберлікпен орындалатын, жоғары секірістерден тұратын комедиялық, итальяндық биді игеруі керек. Оның әдістемесі жайлы тарихи деректерде көрсетілмегендіктен нақты айту қиын. 1858 жылы А. Ринальдо



Фузано Ресейден кеткеннен кейін, оның орнына Вена қаласында артистер отбасында дүниеге келген Ф. Гильфердинг шақыртылды. Өз өнер жолын орындаушылықтан бастаған ол көп кешікпей балетмейстерлік жұмысқа көшті және балетмейстер ретінде тарихта қалды. Балет спектакілінің негізіне драматургиялық ой енгізіп, балетті бөлек жанр ретінде танытуды мақсат тұтты. Балетмейстердің Ресейдегі алғашқы қадамдары үлкен қызығушылық тудырған. «Победа Флоры над Бореєм» балеті көрермен тарапынан ерекше бағаланған спектакль болды. «Ол мектеп оқушыларын балетке қатысуға жиі шақырды. Бұл оқушылар үшін керемет тәжірибе болды, өйткені олар көрнекті артистермен бірге өнер көрсетті» [36, 8б.]. Өнер саласында білім беруде мұғалімнің көркемдік құзыреттілігі ғана емес, сонымен бірге оның ісіне адалдығы, жеке тұлғаның ішкі рухани байлығы маңызды. Бұл қасиеттер Ф. Гилфердингтің бойынан табылды. Оның шәкірті Г. Анджелинидің ойынша ол ерте жастық шағынан әдебиет пен ғылымды сүйген, мәдениетті дамытуда аянбай еңбек еткен. Оны 1730 жылдардағы Париждің шығармашылық ортасы қалыптастырды, оған әйгілі суретшілердің жұмысы және драматург Пьер де Маривоның адам өміріне нұсқау беретін, талғаммен қойылған комедиялары, жас Франсуа Мари Аруэ Вольтердің «Философиялық хаттары», Ж.Ф. Рамо қойған опера-балеттері дәлел. Ф. Гильфердинг 20 жыл бойы Ж. Новерден бұрын Ресейде оның реформасын қалыптастырды. Ол жаңа пластика мен орындауды қажет ететін табиғи, сезімтал және шыншыл кейіпкерлерді жасауға ұмтылды. «Ол өзінің шәкірттеріне қуанышты және қайғы-қасіретті, түсінікті етіп жеткізуге, әр түрлі кейіпкерлердің бейнелерін жасауға үйретті. Мұндай міндеттер би техникасын жаңартуды және маскардан бас тартуды талап етті» [37, 31б.]. Осындай деректерге сүйене отырып, Ф. Гильфердингтің өз әдіс-тәсілдерін қолданып, актерлік шеберлікке баса назар аударғанын және жоғары нәтижелерге қол жеткізгенін көреміз.

Итальяндық биші, балетмейстер, либреттист және композитор, мазмұнды балетті шығарудағы Ф. Гильфердингтің ізбасары, Гаспаро Анджелини Ресейде 1766 -1772, 1776-1779, 1782-1786 жылдары қызмет атқарды. Г. Анджелини Вена сарайында жинаған тәжірибесіне сүйеніп, орыс сарай маңындағыларға не көрсету керек екенін тез түсінді. Ол Екатерина II-нің бабын табуды ойлады. Патшайымның «халықтық» талғамын білген Г. Анджелини 1767 жылы Мәскеуде болған сапарында халық билерін үйреніп келіп «Забавы в святках» балетін қойды, бұл балеттің негізін орыс халық билері құрады. «Г.Анджелинидің аллегориялық үлгіде болса да өз замандастарын суреттеуге ұмтылуы жаңалық болды, музыканы драматургияның ажырамас бөлігі ретінде түсініп, көп мән берді. Балетмейстерлік жұмысқа басты назар аударғандықтан, би мектебінің жұмысына уақыты жеткіліксіз болып, бітірушілердің орындаушылық деңгейлері төмендеп, 1766 жылы 8 ғана білім алушы тәрбиеленді» [5, 58б.]. Дегенмен де, Г.Анджелинидің орыс бишілерін даярлаудағы өзіндік ролін, оның сапасының өзгеруін жоққа шығаруға болмайды, өйткені оның балеттерінің жаңа эстетикасы би өнерінің шеңберін кеңейтіп, мазмұнын байыта түсті.

Хореография өнерінде білім беру жүйесінің бастапқы іргетасының қалануына, дамуында басты роль атқарған, императорлық театр дирекциясының шақыртуымен келген Ф. Гильфердинг және Г. Анджолини болды.

1784 жылы қараша айында мектепте француз балетмейстері Ж.Ж. Новердің тұжырымдамасын жалғастырушы Джузеппе Канциани жұмыс жасай бастады. Оның келуімен сабақтарды жүргізудің сапасы жақсарды. Практикалық сабақтарды жүргізумен қатар, балет өнері, спектакльдер, артистер жайлы және Ж.Ж. Новердің балет өнеріне деген көзқарастары туралы оқушыларға әңгімеледі. Д. Канциани драмалық іс-әрекетті балет спектаклінің негізі деп түсініп, оған үлкен көңіл бөлді. Нәтижесінде оқушылар сахнада өздерінің біркелкі мәнерінен арылып, көркем образдарды нақышына келтіріп орындауға дағдыланды.

Осы уақытта Петербург сахнасында Шарль Ле Пик француз би мәнерін насихаттады. Ол айқын кейіптерді қолдана отырып адажиолар қойып, қойылымдарда секіртулер және пируэттер қолдана бастады. Бұл жаңалық мектеп оқушыларын дайындауда тәжірибеге енді. Сонымен қатар мектепте балет және драмалық қойылымдар көрсетілетін «сынақ кештері» ұйымдастырылды.

1773 жылы мектепте бірыңғай оқу бағдарламасы бекітіліп, барлық оқушылар музыкамен, ән айтумен шұғылданып, би, драма, кескіндеме өнерлерінен дәріс алды.

1786 жылы Д. Канцианидің шәкірті, «биші, жеке орындаушы» отандық хореография мектебінің түлегі, орыс ұлтынан шыққан Иван Иванович Вальберх ең алғашқы балетмейстер және педагог қызметіне келді. И.И. Вальберх балет өнеріне синтементализм идеясын енгізіп, балетмейстер ретінде музыкаға көп көңіл бөлді. Еңбек еткен жылдары ол көптеген бишілерді тәрбиелеп шығарды. 1794 жылы Д. Канциани Ресейден кеткен соң мектеп басшылығын И.И. Вальберх өз қолына алды. Сонымен қатар 1772 жылы Шляхет корпусының оқытушысы И.Кусковтың «Танцевальный учитель» атты алғашқы еңбегі жарыққа шықты. Кітап негізінен «Менуэт» биін оқып-үйренуге арналған.

1801 жылы Петербургке француз балетмейстері Шарль Дидло Лондоннан шақырылып, Ресей оның екінші отанына айналды. Орыс-француз соғысына байланысты оның Ресейдегі шығармашылығы 1801-1811 және 1816-1829 жылдар болып, екі кезеңге бөлінді.

Тарихи деректерді зерделей келе, XVIII ғасырда би мектептерінің тарихы Анна Иоанновна, Елизаветы Петровна, Екатерина II сынды патшайымдар жеке көзқарастарына ғана байланысты болып қана қоймай, елдің мәдени саясатын анықтаудағы маңыздылығымен сипатталады. Би өнерінің эстетикасын, мәдениетаралық байланыстарды дамытуда, Батыс Европаның хореографиялық білім беру үлгілерін енгізуде, орыс балет өнерін жетілдіруде шетелдік балетмейстерлер маңызды роль атқарды.

## 1.2 Отандық хореография педагогикасының даму кезеңдері

Хореографиялық білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік кеңістікке кіріктіруге талпынуда. Бұл хореографиялық білім беру жүйесін жетілдіруді және сапалы деңгейге көтеруді міндеттейді. Осыған орай ғылыми-зерттеу жұмысы барысында әлемдік озық тәжірибелер мен отандық білім жүйесіндегі ерекшеліктерді қарастыруды көздейміз. Ғалымдардың дәлелдеуі бойынша, рухани мәдениетті дамытуға айтарлықтай өз үлесін қосқан тұлғалар қандай да бір ел болмасын сол елдің мәдени тарихында, сонымен қатар балет өнерінің тарихында шешуші маңызды рольге ие болады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, бүгінгі таңда қазақстандық балет педагогикасының бай тәжірибесі мен оның көрнекі өкілдерінің мұраларын практикалық тұрғыдан меңгеру, хореография қайраткерлерінің есімдерін жаңғырту, сондай-ақ балет педагогикасы тарихы бойынша жаңа зерттеулерді ұйымдастыру аса маңызды.

Классикалық би – нақты бір жүйе, бірақ бұл жүйе белгілі бір халықтың табиғи құбылысы ретінде пайда болған жоқ. Классикалық бидің пайда болуы - интеграциялық үдеріс және ашық жүйе. Мұның көптеген артықшылықтары бар. Жалпы адамзаттың рухани эстетикалық қажеттілігін қамтамасыз етуде, оның дүниетанымына әсер ететін, белгілі бір халықтың генофондында пайда болған нәрсені зерттеу құқығын береді.

Отандық хореография педагогикасының даму жолын, профессор Л.М. Кремердің, п.ғ.к. Л.А. Николаеваның, п.ғ.д., профессор А.К. Кульбекованың, п.ғ.к. Б.С. Глеубаеваның және т.б. ғалымдардың еңбектеріне, хореография өнері саласында білім беретін оқу орындарының жеке мұрағаттары мен мұражайларының тарихи қорының негізінде зерттеп, 3-кезеңге бөліп талдаймыз. XX ғасырда қазақ халқының тарихында кәсіби өнердің алатын орны ерекше. Республикада кәсіби театр құру мақсатының негізінде хореография өнері де даму үстінде болды.

Хореография өнерін дамыту мақсатында қолға алынған шешімдердің бірі – одақтас республикаларда қызмет атқарып жүрген білікті мамандарды шақыру болды. Балет өнерінің қазақ жерінде қалыптасып, дамуы - 86 жылдық тарихы бар А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінің құрылуынан бастау алады. Училищенің тарихы жылдар бойы хореография өнерін орындаушылармен қамтамасыз етумен, балет артистерін, би ансамбльдерінің бишілерін дайындау мен тәрбилеудегі педагогтардың тынымсыз еңбегі мен Қазақстанның әлемдік балет өнеріндегі жеткен жетістіктерімен айқындалады. Училищенің педагогикалық ұжымының басты мақсаты: біріншіден, классикалық би мектебінің дәстүрлерін сақтау және дамыту, екіншіден, дәстүр сабақтастығын сақтау және жетілдіру.

А.Н. Уразғалиева мен Л.М. Кремердің зерттеулерінде: «1930-1933 жылдары республика басшылығының бірқатар маңызды шешімдерінде (Бүкілодақтық коммунистік партиясы Орталық Комитетінің 1932 жылғы 23

сәуірдегі қаулысы, 1933 жылғы 8 қыркүйектегі Бүкілодақтық Қазкрайком хатшылығының шешімі) ұлттық өнерді дамыту мәселесін ерекше қарастырады. Осы құжаттар негізінде 1934 жылы тұңғыш қазақ музыкалық театры ашылды. Музыкалық театрдың құрылуымен кәсіби хореографиялық білім беру мәселесі бұрынғыдан да өзекті бола түсті. Мәскеуден кәсіби хореограф А.А. Александровтың келуі, Қазақстанда балет мектебінің құрылуын жеделдетті (1934)» - деп жазды.

Ал, 1934 жылы Мәскеуден Александр Артемьевич Александровтың келуі, көркемөнерпаздар ұжымдарының, кәсіби дағдыларды меңгеруіне жол ашты. «1934 жылы Музтехникумда, Алма-Ата қаласының Сібір көшесі бойындағы №13 балалар үйінің базасында Қазақ КСР-ның Халық Комиссарлар Кеңесінің Өнер істері жөніндегі басқармасының Балалар хореографиялық мектебі құрылады. Қазақ музыка театрының бас балетмейстері – А.А. Александров өз жұмысын хореографиялық мектепте классикалық би оқытушысы, репетитор ретінде қоса атқарып, көркемдік жетекшісі болды» [64, 14 б.]. Ұлттық балетті қалыптастыруда отандық мамандарды дайындаудың маңыздылығын түсінген А.А. Александровтың оқу үрдісін ұйымдастыруға белсене ат салысып, музыка-хореография мектебінің алғашқы тәрбиленушілерін қабылдайды.

«1934 жылы 1 қыркүйекте балалар үйінің ең қабілетті тәрбиеленушілерінен іріктеліп алынған 32 оқушы би өнерін үйрене бастайды. Алғашында балет бөлімі өте қиын жағдайда жұмыс істеді. Сабақ шағын, салқын және жабдықталмаған залда өтеді. Орын тапшылығына байланысты би пәндері көбінесе бір сабақта біріктіріледі. Оқу жоспарлары жоқ. Дегенмен, ең қолайсыз жағдайларда да қатаң ереже сақталады: жаттығудың негізі классикалық би болып табылады» [13, 48 б.].

Ауыл аймақтардан келген би өнерінен хабары жоқ балалардың орыс тілін білмеуі, күнделікті сабақтардың қаншалықты қажет екенін түсінбеуі, классикалық би терминдерінің француз тілінде болуы қиындықтар туғызды. Дегенмен де, А.А. Александров оқушыларды балет спектаклінің дайындық жұмыстарына қатыстырып, атақты балет әртістерінің шығармашылығы жайлы, орыс балет мектебінің үздік дәстүрлері туралы әңгімелеп, олардың хореография өнеріне деген қызығушылықтарын қалыптастыруға тырысты. Классикалық биге жүйелі түрде оқыту, бишілердің ұлттық хореографияны меңгерулеріне әсер етті. Бишілердің қимылдарды орындаудағы мүмкіндіктері артып, қол қимылдары нақты, анық сипатқа ие бола бастады және қимыл реттіліктерін тез естерінде сақтап алуға дағдыланды.

Қазақстан Республикасының халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, әйгілі биші Шара Жиенқұлова өзінің шығармашылық жетістіктерінің себепкері, ұстазы А.А. Александров жайлы өз еңбегінде: «Қатайып қалған денемді балеринаның биіне икемдеу үшін ұстазым А.А. Александров барын салды. «Басы қатудың аяғы тату» деп ұстазым қолына ысылдатып сылқылдақ шыбық ұстап үйрететін биге. Сәл еріншектік жасап, селқос танытсаң, көрсетіп берген қимылын жадында сақтай алмай, бір айтқанын сан қайталатсаң шыбықпен тартып қалатындай. Ал оның қатал талабынсыз мен

ешқашан биші де болып шықпас едім» - деп жазады [65, 48 б.]. А.А. Александровтың отандық хореография педагогикасының дамуына қосқан үлесін Л.А. Николаеваның зерттеулерін жан-жақты талдай келе, келесідей тұжырымдамалар жасаймыз:

- «қарапайымнан күрделіге қағидасын қолдану;
- би өнеріне оқыту белгілі бір тәртіппен жүргізілді;
- хореография бөліміне балаларды таңдауға, қабылдауға мән берілді;
- классикалық балет драматургиясының принциптерін негізге алып, қазақ ұлттық билерін сахнаға бейімдеді» [29, 28 б.].

А.А. Александров өзінің балетмейстерлік қызмет барысына орай, балаларды оқытуға барынша күш сала алмады. Бұл мәселені шешуде Қазақстан балет педагогикасының қалыптасуы мен дамуына зор еңбек сіңірген, кәсіби биші, көрнекті педагог, дарынды тәрбиеші А.В. Селезнев көмекке келді.

Қазақ балет өнерінің алғашқы зерттеушілерінің бірі – Л.П. Сарынованың еңбегіне сүйене отырып, төмендегідей хронологиялық сипаттама береміз: 1937 жылы А.Селезнев Алма-Аты қаласына жұмыс жасауға келеді.

Ол жетекші балет артисі және музыкалық-хореография мектебінің классикалық би пәнінің мұғалімі.

Болашағынан зор үміт күттіретін балаларды оқыту А.В. Селезневті қатты қызықтырады, сондықтан ол 1939 жылы сахнадан кетіп, өзінің барлық білімін, тәжірибесі мен еңбегін, би өнеріне деген сүйіспеншілігін педагогикалық жұмысқа арнайды.

А.В. Селезневтің бастамасымен 1938 жылы музыкалық мектептің балет бөлімі, жеке оқу орны болып бөлінеді.

Оқу үдерісі Ленинград хореографиялық училищесінің бағдарламасының негізінде қалыптасады. 1938 жылы 15 маусымда «Шопениана», «Половецкие пляски» қойылымдары көрсетілген бірінші есеп беру концерті өтеді. 1939 жылы хореографиялық училище өзінің жаңа ғимаратына көшеді (қазіргі Абылай хан даңғылындағы, Құрмағазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ғимараты). Қажетті құралдармен жабдықталған би залдары, оқу сыныптары, жайлы жатақханамен қамтамасыз етілген ғимаратқа көшу, тарихи-тұрмыстық би, театр және балет тарихы, актер шеберлігі, грим, дуэтті-классикалық би сабақтарының жүргізілуіне мүмкіндік берді. Училищеде бұған дейін жұмыс атқарған А.В. Селезнев және Л. Молодяшина, концертмейстер О. Мануйловадан басқа, Абай атындағы театрдың прима балериасы З. Плужникова және балет артистері М. Шатловский, М. Мирон, А. Степачкин, А. Токпанов, А. Гутенко, концертмейстерлер М. Гольцева, Л.Шаврина сынды мамандар толықтырады. Аталған деректерге және А.В. Селезневтің шәкірттерінің естеліктеріне, училищенің мұрағат құжаттарына және Қазақстан балет педагогикасының тарихын зерттеген Л.А. Николаеваның мазмұнды еңбектеріне сүйене отырып, «Қазақ балаларын классикалық балетке оқытудағы А.В. Селезневтің әдістемесінің жаңалығы неде», - деген сұраққа жауап береміз.

Біріншіден, А.Я. Ваганованың педагогикалық жүйесіне сүйене отырып, классикалық би сабағын кәсіби деңгейде жүргізді және оқушыларды жас ерекшелігі мен біліміне сәйкес топтарға бөлді.

Екіншіден, классикалық би сабағында түрлі варианттағы комбинацияларды үйрете отырып, болашақ орындаушылардың кәсіби есте сақтау қабілеттерін жаттықтырып, белсенді ойлау жүйесін қалыптастырды.

Үшіншіден, атақты би шеберлерінің тәжірибелерін пайдалана отырып, өзінің педагогикалық шеберлігін жетілдіруге ұмтылып, оқытудың көптеген бірегей және тиімді әдістері мен тәсілдерін жасады. Мысалы, бірсарындылықты жою, балет сабақтары кезінде бір қимылды қайта-қайта орындай беру негізіне құрылған жүйеден бас тартып, балалардың тезірек, әрі жақсы меңгеріп алуына ықпал ететін, би қимылдары мен композицияларын сабақта қолданды.

Төртіншіден, теориялық білімді практикамен ұштастыру қажет екенін түсініп, балалардың арнайы пәндер бойынша сабақтардан алған білімдерін жетік қолдана білулері үшін, сахналық практиканы ендіруді көздеді. Нәтижесінде Өнер ісі бойынша Комитеттің театр дирекциясымен байланысып, училище түлектерін театр ваканцияларына жұмысқа тартылуын қамтамасыз ету мәселесін көтерді.

Аталған факторларды сараптай келе, А.В. Селезневтің шығармашылық қызыметінің, оның педагогикалық идеяларының Қазақстан кәсіби хореографиясының қалыптасуы үшін маңызы зор екендігіне көз жеткіземіз. Сонымен қатар, педагогикалық еңбегінің жемісі, Д. Әбіров, Р. Тажиева, Л. Таганов, Г. Ақжанов, С. Көшербаева, С. Толусанова, З. Райбаев, А. Асылмуратов, И. Манская, Э. Мальбеков, Б. Аюханов және т.б. көптеген оқушылары классикалық және ұлттық қазақ би өнерінің негізін қалады. Хореография училищесінің ең талантты, дарынды түлектері Ленинград және Мәскеу училищелерінде өз білімдерін жалғастырды.

Фашистік Германияның шабуылы оқу орнының үйлесімді өмірінің шырқын бұзды. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» ұранын ұстанған училище өзінің жаңадан салынған ғимаратын госпитальге беріп, бұрынғы ескі ғимаратына қайта көшті. Оқушылар құрамын сақтай отырып, училище өз жұмысын жалғастырды. Шефтік концерттер мен госпитальдарда, әскери бөлімшелерде оқушылар өнер көрсетті. Хореография училищесінің бірінші түлектері осы соғыс жылдарында (1942 жылы) оқуды тәмамдап, майданға аттанды. Қазақ балет педагогикасының даму тарихындағы маңызды кезең – Ұлы Отан соғысы жылдарында КСРО Халық артисі Галина Сергеевна Уланованың Қазақстанға эвакуацияланып келуі.

А.В. Селезнев: «Галина Сергеевна балет мектебінің оқушыларына көп уақытын арнайтын. Жұмыстың қиындығы оған еш кедергі болмайтын. Ол репетиция өткізіп, емтихан қабылдайтын, қажет кездері маған құнды кеңестер беретін» - деп еске алған [64, 102 б.].

Л.А. Николаева: «Г.С. Уланова Алматыдағы опера және балет театрында балерина қызметін атқарумен қатар, репетиторлық жұмысты да бірге алып жүрді. Г.С. Уланова қазақ би өнеріне жаңа бағыт беріп,

классикалық биді оқытуда жаңа қолтаңба қалдырды. Оның педагогикалық еңбегінің арқасында Қазақстанның кәсіби хореографиясы «Лебединное озеро» (П. Чайковский) «Бахчисарайский фонтан» (Асафьев), «Жизель» (А.Адан) сияқты классикалық балет спектакльдерінің жаңа редакцияларымен толықты. Г. Уланова қанаты қатаймаған қазақстандық труппаның жаңа кәсіби деңгейге көтерілуіне көмектесті» - деп жазды [29, 48 б.]. Ол:

- «дарынды балалармен жұмыс істеу және оларды әлемдік хореография мұраларының балет спектакльдеріне қатыстыру арқылы жас қазақ бишілерінің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті;

- карапайымнан күрделіге, жүйелілік, оқушының жас ерекшелігін, физикалық мүмкіндігін ескеру қағидалары сақталды;

- Абай атындағы опера және балет театрының балет спектакльдеріндегі оқу практикасы арқылы болашақ орындаушылардың кәсіби құзыреттіліктері қалыптасты.

Қазақстанда жұмыс жасаған кеңестік педагог-хореографтар орыс классикалық балет педагогикасының идеялары мен қағидалары негізіне сүйеніп, өздерінің оқыту жүйесін қолданды. Дегенмен де, бұл әдіс-тәсілдер ғылыми түрде жүйеленген жоқ.

1940-1960 жылдары өнер саласында қызмет атқарған кәсіби мамандар директорлық қызмет атқарды. 1965 жылдан 1975 жылға дейін ҚазКСР Халық артисі Ш. Жиенкұлова училищені басқарып, қазақ би өнерінің дамуына өлшеусіз еңбек сіңірді.

Ш. Жиенкұлованың шәкірті Төрбек Шәленұлы Бақтыбаев: «Шара өмірі – қазақ өнерінің өсу жолы. Өнегелі өмір белестерінде өз биігін тапқан биші қазақ өнерінің уығын шаншысып, шағырағын көтерісті. Өз өнерімен, ересен еңбегімен, абырой даңқымен қазақ халқының мәдени мұрасын дамытты» деп өзінің ұстазы жайлы жазады [66, 8 б.]. Сонымен қатар, Ш.Жиенкұлованың хореографиялық білім беру жүйесінде ұстанған реформалары қазақ биінің дамуында маңызды роль атқарды.

Өзінің педагогикалық жолында халық биін дамыту және оқыту бағытын ұстанады. Ш. Жиенкұлованың орындаушылық өнері, шығармашылық жолы туралы Ш. Жиенкұлованың «Өмірім менің - өнерім», Диярованың «Шара» еңбектері арқылы таныса аламыз. Ш.Жиенкұлованың «Тайна танца» (1980), «Сымбат» (1989), қазақ биінің дамуына және оқытудағы әдіснамасының қалыптасуына жол ашты. «Танцы друзей» (1989) атты еңбегінде әлем халықтарының билеріне тоқталып, балалармен жұмыс жасаудағы өзінің әдістемесімен бөліседі.

Ш. Жиенкұлованың шәкірті, «Астана Опера» театрының балет труппасының директоры Тұрсынбек Нұрғалиев: «Алғаш Алматы хореография училищесіне оқуға келгенде Шара апай бізді сондай бір жылы, мейірімді жүзбен қарсы алды. Толқып тұрған бәрімізді ақжарқын, жайдары мінезімен өзіне бірден баурап алды. Ұстазымыз ішкі мәдениеті жоғары адам еді, қашанда сыпайы сөйлейтін. Шәкірттеріне бірде-бір рет қатал мінез танытқан емес. Ол кісі сабақ уақыты біткенде бізге қай елде болғанын, қандай би билегенін әңгімелеп беретін. Әңгімесін түрлі мысалдар келтіріп, мақал-

мәтелдеп айтқанда ұйып тыңдап қалушы едік. Біз үшін би өнерінің құндылығы одан сайын арта түсетін. Ұстазымыздың тәлім-тәрбие берудегі әдіс-тәсілдері осындай ерекше болатын. Сосын жаттығу кезінде ұстазымыз бізді «міне, қандай жақсы биледің, осылай дұрыс» деп мақтап, бидің ішкі мазмұны мен ырғағын сезіндіретін. Бір уақытта жаттығу залынан терлеп-тепшіп, алайда жан дүниеміз айырықша әсерленіп шығатынбыз» - деп есіне алады [67, 48 б.].

Ш.Жиенқұлованың ұлттық өнерге деген шынайы жанашырлығы, шығармашылығы, педагогикалық идеялары қазақ ұлттық хореография өнерінің негізін қалады:

- қазақ биінің оқытушыларына арналған алғашқы нұсқаулықтарды ұсынды;

- қазақ биін ресми түрде пән ретінде оқу жүйесіне енгізді;

- «Халық би» бөлімін ашып, халық би ұжымдарына мамандар дайындап, ұлттық би өнерінің дамуына жол ашты. Ш. Жиенқұлова ұлттық би өнерін дамытумен қатар, классикалық би дәстүрін сақтаудың және дамытудың маңыздылығын түсініп, Ресейден көрнекті педагогтарды шақыртып отырды. Ш.Жиенқұлова училищені басқарған жылдары Б. Аюханов, Р. Курпешова, Қ. Жакипова, В. Усманов, А. Асылмұратов, Э. Голубенко көркемдік жетекші қызметін атқарып, училищенің репетуары халық және классикалық билермен толықты.

Ш. Жиенқұлованың қалдырған шығамашылық мұрасы - ұлттық хореографияның іргетасы, негізі, қазақ би өнерінің асыл қазынасы. Ш. Жиенқұлова негізін салған қазақ биін үйретудің дәстүрлерін училищеде оның талантты оқушысы және ісін жалғаушы, қазақ биі бөлімінің жетекшісі - Ғайникамал Нығметжанқызы Бейсенова жалғастырып келеді. Ғ.Н. Бейсенова: «Оқу бағдарламасын әзірлеп шығару, «Қазақ биі» пәнін оқыту әдістемесін құру – тың жерді игергенмен тең» дейді. Сол уақытта қолданыста болған классикалық, халық-сахналық, тарихи-тұрмыстық билер бойынша барлық оқулықтарды, бағдарламаларды саралап, зерттей отырып, Ғ.Н. Бейсенова қазақ биінің қандай жолмен даму керектігін түсінді. Ғ.Н. Бейсенова кәсіби хореографтардың, бишілердің және халықтық көркемөнер шығармашылық ұжымдарының хореографтарының үздік жұмыстарында көрініс тапқан қазақ биінің негізгі қимылдарының барлық элементтерін бір арнаға жинады:

- қимылдарды әдістемелік тұрғыдан сипаттады;

- қимылдардың орындау нақышы мен бейнесіне тән атаулар белгіледі;

- барлық жиналған материалдарды тарауларға бөліп, жүйелендірді.

1993 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігімен «Қазақ биі бойынша хореографиялық училищелерге, мәдениет училищелеріне, өнер мектептеріне, жоғары оқу орындарының хореография факультетіне арналған бағдарлама» жарыққа шығып, Қазақстанның мәдениет саласындағы орта және жоғары оқу орындарында «Қазақ биі» пәнін оқытудың, сондай-ақ жетекші педагог-хореографтардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының әдіснамалық негізіне айналды. Педагогикалық жұмысының алғашқы күнінен-ақ Ғ.Н. Бейсенова Қазақстанның алдыңғы қатарлы



хореографтарының үздік туындыларының негізінде білім беру үдерісін қалыптастырады. Оның жетекшілігімен училищеде Шара Жиенқұлованың, Юрий Ковалевтың, Дәурен Әбіровтің, Заурбек Райбаевтың, Болат Аюхановтың, Деляфруз Киякованың, Ментай Тлеубаевтың, Жанат Байдаралинның баға жетпес би қойылымдары қайта қалыпқа келтіріліп, оқу бағдарламасының «Мұра» бөліміне енгізілді.

Ш. Жиенқұлоадан кейін училищені 1975 жылдан 1986 жылға дейін С.Ы. Көшербаева басқарды. «Шара Жиенқұлова сияқты, С.Ы. Көшербаева да Қазақстан хореография өнерінің мерейін асқақтатқан өнер қайраткерлерінің бірі. Оның жан-жақты сахналық тәжірибесі мен балет техникасын терең меңгергені, ұйымдастырушылық дарыны училищенің деңгейін сол кездегі КСРО-дағы ең үздік хореографиялық училищелердің қатарына қосты. Одақтық республикалардың балет мектептерімен тығыз қарым-қатынас орнатты. Классикалық және халық-сахналық би пәндерін оқытуда әдістемелік көмек көрсету мақсатында Л. Рафаилова, Т. Васильева, Н. Тихонова, Е. Жемчужина (РСФСР-дің еңбек сіңірген артисі), О. Ильина (РСФСР-дің еңбек сіңірген қайраткері), Т. Косова (РСФСР-дің еңбек сіңірген артисі), Н. Колиденко, М. Петрова, И.Покровский (РСФСР-дің еңбек сіңірген қайраткері), П. Андрейченко (Молдова КСР Халық әртісі), С. Гарибян (Армения КСР халық әртісі) және т.б. шақырылған болатын». [68, 69 б.]. Осы кезеңнен бастап, классикалық биді оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдірудің жаңа кезеңі басталды. С.Ы. Көшербаева өз сабақтарында актерлік шеберлікке және оқытудың көрнекілік қағидасына үлкен мән берді. Л.А. Николаева: «Жаңа материалды педагог түсіндіріп қана қоймай, өзі билеп көрсеткенде ғана оқушы жақсы меңгереді деп есептеді. Оның пікірінше сабақта педагогтың сауатты көрсетуі оқытудың негізгі құрамдас бөлігі болуы керек» - деп жазды [29, 96 б.]. Сонымен қатар, С.Ы. Көшербаева Ленинградтық оқу жүйесінен алған «мұғалімдерді мамандандыру әдісін» енгізді. Мұғалімдер бастауыш және жоғары сыныптармен жұмыс жасаушылар болып бөлінді. Бұл әдіс мұғалімдерге білім алушылардың жас ерекшелігін зерттеуге, психофизикалық қабілеттерін дұрыс ескеруге мүмкіндік беріп, жалпы оқыту үдерісін тиімді жүргізуге жағдай жасады. Училищеде С.Ы. Көшербаеваның бастамасымен әдістемелік кабинет ашылды. Нәтижесінде педагогтар өздерінің сабақ өту тәжірибелерін жинақтап, сабақ жоспарларын жазбаша түрде жаза бастады. Әдістемелік бірлестіктің отырыстарында сабаққа өзара қатысу кестесі, ашық сабақтардың тақырыбы бекітіліп, әрбір ашық сабақтан соң мұғалімдер өздерінің пікірлерімен бөлісті. Аталған факторлардың барлығы оқу үрдісін жүйелеуге мүмкіндік берді.

ҚазКСР еңбек сіңірген артисі Людмила Ли Мунсековна: «Ұлы ұстаздың әрбір сөзі біз үшін жоғары дәрежедегі шеберліктің үлгісі. С.Ы. Көшербаеваның сабақтарды жүргізудегі әдістемесі, біздің өмірімізге әсер етті. Оның ерекше табиғаты тек оқушыларды тәрбиелеуге ғана емес, айналасындағылардың бәріне өзінің білімімен, өзін-өзі дамытуымен, жоғары талап қоюымен, өмірлік даналығымен және шығармашылық жетілуге деген құштарлығымен әсер етті». [69, 78 б.].

С.Ы. Көшербаева өзінің оқытушыларынан алған білімін, сақтап, дамытып өз шәкірттеріне жеткізе білді, оның тәжірибесі қазіргі таңда А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінде жалғасын табуда. «1975-1986 жылдары училищеде көркемдік жетекші қызметін В. Бурцев, И. Кошкин, С. Бурханов, Т. Косова, М. Миргарипов атқарды» [64, 25 б.]. Училищенің шығармашылық қызметінде классикалық мұраның озық үлгілерімен және халық билерінің негізінде академиялық репертуар қалыптасты. Ұлттық орындаушылық стильді қалыптастыруда, балет артистерін тәрбиелеуде 1970-1980 жылдары хореография өнерінің негізін қалаған көрнекті педагогтармен бірге, отандық кадрдың екінші буыны: «КСРО Халық артисі Р.Бапов, Қазақ КСР еңбек сіңірген артистері С. Тулусанова, Р. Тажиева, А. Джалилов, А. Исмаилов, Э. Мальбеков, Р. Унгарова, Ғ. Бейсенова, Н. Гудочкина, Қ. Андосов, Д. Накипов, Г. Сидорова, Г. Горская, Қ.Мажикеев, Т. Парпибаева, А. Зарембо, С. Войцеховская, В. Лукомский, Р. Лукомская, О. Шубладзе, А. Амангельдина, Т. Мальбекова, М. Мунтин, Ф. Қойгельдинова, М.Тиранова, И. Ахметшин, және т.б. қызмет атқарды» [64, 25 б.].

1986-1989 жылдар аралығында училищені ҚазКСР еңбек сіңірген әртісі Э.Д. Мальбеков атқарды.

Отандық балет өнерінің қалыптасуында өзіндік орны бар, балет артисі, классикалық, халық-сахналық би сабақтарын жүргізуде өзіндік әдістерімен ерекшеленген педагог Э.Д. Мальбеков мәдениет қызметкерлерінің, әріптестерінің ұсынысымен, жоғары жауапкершілікті талап ететін, басшылық қызметке келісімін береді. Тарихи деректерден «Желтоқсан» оқиғасымен белгілі бұл кезең қазақ жастары үшін ауыр соққы болды.

Э.Д. Мальбеков бұл кезеңдегі өзінің басты мақсатын былай деп есіне алады: «Мен келістім. Аталған жылдар қазақ халқы үшін ауыр болды. Мен үшін ең бастысы, оқушылардың көтеріліске шықпауын қадағалау міндеті тұрды. Себебі оларды алда қуғын-сүргіннің күтетінін білдім» [70, 15 б. ]- деп өз ойымен бөліседі. Тәжірибелі, ақылшы адам және өз елінің азаматы ретінде кейінгі ұрпаққа үлгі бола жүріп, ол әрбір адам өз Отанының өркендеуіне адал қызмет етуі керек деп есептейді. Аталған саяси күрделі кезеңге қарамастан училищеде кәсіби-шығармашылық қызмет өзінің жалғасын тауып, Э.Д. Мальбековтің бастамасымен және училище түлектерінің қолдауымен, Қазақ КСР министрліктер кеңесінің қаулысымен 1988 жылы 2 ақпанда Алматы хореографиялық училищесіне Александр Владимирович Селезневтің аты беріледі.

Жас зерттеуші Д.Е. Шомаеваның Э.Д. Мальбековтің шығармашылық және педагогикалық қызметін зерттей келе, оның қазақстандық балет артистерін дайындауға қосқан үлесін саралап: «Э.Д. Мальбеков өзінің орындаушылық және педагогикалық тәжірибесінің негізінде оқытудың түрлі әдістерін сараптады. Оның жаңашылдығы шетелдік үздік балет мектептерінің және отандық тәжірибенің озық үлгісін, өзіндік инновациялық әдістерімен байланыстыра отырып шәкірттер тәрбиелеуінде. Сонымен қатар оның басты педагогикалық ұстанымы кәсіби шығармашылық ұжымның заманауи

талаптарына сай болашақ балет артисін дайындау болды» - деп тұжырымдайды [70, 9б.].

1980 жылдардың аяғы, 1990 жылдардың басы Алматы хореографиялық училищесі үшін де қиын кезең болды. Экономикалық жағдайдың құлдырауы, жаңа жүйенің қалыптасуы, училищенің материалдық жағдайына әсер етті. Дегенмен де, оқытушылардың өз ісіне деген шексіз ықыласы, оқу орнын сақтап қана қалмай, білім беру үрдісінде педагогикалық әдістерді дамыта отырып, жаңа бағыттарды енгізді. Өткен ғасырдың 90-жылдары қазақ балет өнері жаңа белеске көтерілгенін, оқушылардың халықаралық конкурстарға шығуынан, жаңа балеттік қойылымдардан және көптеген жобалардың қолға алынуынан көреміз. Г. Ашимова, Л. Ли, С. Медеубаева, Н. Абдулина, М. Кадырова, А. Бүркітбаев, Л. Макарецца, Б. Сулеева, А. Алишева, А. Тати, Г. Саитова, Ж. Байдаралин, Г. Адамова, Г.Алиева, Д. Фадеева және т.б. Тәуелсіз Қазақстанның балет мектебінің дамуына ат салысып, жемісті еңбек атқарды.

Арасына жылдар салып, 10 жылдан астам училище директоры қызметін ҚР еңбек сіңірген қайраткері Болат Михайлович Жантаев (1989 жылдан 1998 жылға дейін, кейін 2006 жылдан 2007 жылға дейін) болды. Қазақстанда алғаш рет училище базасында Қазақстан хореография өнерінің қалыптасуына еңбегі сіңген тұлғаларға арнап республикалық, халықаралық хореографиялық конкурстар мен фестивальдар ұйымдастырыла бастады. Атап айтатын болсақ, ҚазКСР Халық артисі А.В. Селезнев атындағы жүлдесіне арналған хореографиялық байқау (1991), Ш. Жиенқұлова атындағы Қазақ биінің I республикалық байқауы (1992). Сонымен қатар, білім алушыларға және оқытушыларға арналған семинарлар, дөңгелек үстелдер, шеберлік сыныптарды жүргізу дәстүрге айналды. Аталған іс-шаралардың нәтижесінде училищенің шығармашылық-ғылыми деңгейі көтеріліп, оқытушылар педагогикалық үрдісті ұйымдастырудың жаңа жолдарын зерттеуге дағдыланды және оқушылардың орындаушылық деңгейі өсті.

«Училищенің шығармашылық-ғылыми бағытымен қатар, оқу бағдарламасына өзгерістер енгізілді. Оқу бағдарламасының арнайы пәндер циклына «Қазіргі заман биі», «Балдық би», жалпы кәсіби пәндер циклына «Мамандыққа кіріспе», «Әлем мәдениетінің тарихы», «Қазақ драма театрының тарихы», «Қазақ балет өнерінің тарихы» пәндері енгізілді.

«Қазіргі заман биі» пәнін жүргізу үшін жоғары классты мамандар Паскалина Ноэль (Франция) және Коцуорек (Чехия) шақырылды. Сонымен қатар, тек қана училищеде емес, жалпы Қазақстанда қазіргі заман биінің дамуының бастауында Жанат Байдаралин мен Гульнар Адамова болды.

1989 жылы оқу бағдарламасына «Шығыс биі» пәні енгізіліп, Нурия Тохтахунова және Тамара Парпибаева жүргізді» [64, 80].

Б. М. Жантаевтың бастамасымен хореографиялық училище алғаш рет өзінің шетелдік гастрольдерін Еуропада (Лихтенштейн королдігінде, Швейцария, Австрия) жүзеге асырады. Қазақстандық балет мектебінің оқушылары талғампаз еуропалық көрермендерді қазақ өнерімен таныстырды.

ҚР еңбек сіңірген қайраткері, қауымдастырылған профессор А.Т. Алишева өз естеліктерінде: «Б.М. Жантаев өте ақырын, бірақ нық сеніммен

өзінің армандарына қарай қадам басты. Оның басты арманы Қазақстанда хореография өнері саласында жоғары оқу орнын құру болды. Ол әрқашан осы мәселеге байланысты сәтсіздіктер мен жақсы жаңалықтарын ұжыммен бөлісіп отыратын. Бізден бір ұсыныс немесе қолдау күткендей, бәрін ашық айтатын. Көбісі аталған мәселенің қиындығын түсіне отырып, оның жетістікке жететініне сенбеді. Бірақ Б.М. Жантаев өзінің қажырлы еңбегінің, заң саласындағы сауаттылығының нәтижесінде, ойлаған мақсатын жүзеге асыра алды», - деп ой бөліседі [71, 106.].

1994 – жылы Б. Джантаевтың тынымсыз еңбегінің нәтижесінде Хореография жоғары мектебі ашылады. Жоғары мектептің алғашқы ұстаздары қызметін ресейдің танымал оқу орындарының түлектері атқарды. Хореография өнерінің ұлы шеберлерінің мұрагерлері, елімізде жоғары білім берудің негізгі ірге тасын қалап, білім беру жүйесін дамытты. «Д. Т. Әбіров, З. М. Райбаев, Б.Г. Аюханов, Қ. Н. Андосов, С.Ы. Көшербаева, Э.А. Усин, Э. Д. Мальбеков, О.Б. Шубладзе, Р.М. Көрпешова, Қ.М. Жакипова, С.А. Наурызбаева, М.Ж. Тлеубаев сынды хореография өнерінің майталмандары атқарды» [47, 136.]. Осы уақыттан бастап елімізде ғылыми-әдістемелік жұмыс жандана бастады. Сонымен қатар Б. Джантаев Білім және ғылым министрлігіне педагог-хореографтар мамандығы бойынша бірінші түлектердің міндетті түрде қысқартылған бағдарлама бойынша білім алу керектігін дәлелдеді. Себебі құжат тапсырған талапкерлердің барлығы жылдар бойы жиналған педагогикалық тәжірибелері бар, училищеде талай жылдар маман дайындап, шығарған ұстаздар мен орындаушылық өнердің қыр-сырын меңгерген Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артистері болды.

1998-2003 жылдары училищені Улан Атаулаевич Мирсейдов басқарды. Осы уақытта Қазақстанның жаңа астанасында К. Байсейтова атындағы ұлттық опера және балет театры ашылып, училищенің 54-ші түлектері балет труппасының негізін қалады. У. А. Мирсейдов училище оқушыларының халықаралық байқауларға қатысып, нәтижеге жетулері үшін, барлық күш жігерін жұмсады. Ол қазақстандық классикалық балет өнерінің әрі қарай дамуына ықпал еткен, өзіндік ерлер би мектебін, әдістемелік қағидаларын қалыптастырды.

«2003-2006 жылдары училищені ҚазКСР еңбек сіңірген артисі, доцент Р.И. Унгарова басқарды. Ол дәстүр сабақтастығын сақтай отырып, алдыңғы буынның қызметін жалғастырды. Алыс-жақын шет елдермен шығармашылық байланыс орнатып, жетекші хореографиялық білім беру мекемелерімен келісім шарт жасады.

2006 жылы училищеде А.В. Селезневтің 100 жылдық мерейтойын атап өтіп, оқушыларға Г.Гертельдің «Тщетная предосторожность» (Хореографиясы А. Горский, М. Газиев, қоюшы Е. Гырнец) спектаклі қойылды. Сонымен қатар, 2006 жылы училищеде классикалық вариацияларға арналған байқау ұйымдастырылды» [64]. Осы байқау кейін «Өрлеу» конкурсын өткізуге негіз болады. «Өрлеу» халықаралық хореографиялық оқу орындарының байқауы 2008 жылдан бастап, қазіргі күнге дейін өткізіліп келеді.

2007 жылы училищенің директоры қызметіне ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымының кандидаты, доцент Қарлығаш Ыбрайхановна Мырзаханова тағайындалды. Хореография саласының кәсіби маманы болмағанымен, білім беру жүйесін ұйымдастырудың барлық қыр-сырын меңгерген ұстаз 2011 жылға дейін училище өміріне көптеген жаңалықтар енгізді:

- «училище ғимараты қайта жөндеуден өтіп, заманауи талаптарға сай жабдықталды;

- ҚР Тұңғыш Елбасы қорымен байланыс орнатып, училищенің қаржылық жағдайын қалыпқа келтірді;

- Қазақстанның және шет елдердің хореография өнері саласында білім беретін мекемелерімен байланыс орнатып, халықаралық ғылыми конференцияларды жүргізу және ауқымды шығармашылық жобалар қолға алынды.

Училищенің ұзақ жылдар бойы қызметінің, шығармашылық жетістіктерінің бірі – «Өрлеу» жас балет артистері театрының құрылуы болды. Тетардың жан-жақты қызметі:

- өскелең ұрпақтың эстетикалық, зияткерлік, мәдени, рухани қажеттіліктерін қанағаттандырып, рухани дамуына жол ашу;

- көпшіліктің, оның ішінде жастардың арасында ұлттық және әлемдік хореографиялық мұраны насихаттау;

- хореографиялық білім берудің деңгейін жетілдіру» [64].

Театр 2009 жылы 6 қарашада ашылды. Училище оқушыларына арнап, Поикьеллидің «Джаконда» операсынан «Танцы часов» балеттік сахнасы, К. Сен-Санстың «Умиращий лебедь» миниатюрасы қойылды. «Өрлеу» жас балет артистерінің екінші ауқымды қойылымы 2010 жылы 12 желтоқсанда премьерасы өткен «Ер төстік» тұңғыш балалар балеті. Либреттосын жазған – Д. Накипов, хореографиясын қойған – Г.Адамова, композиторы – Б. Дальденбай. Спектакльді сахналаудағы негізгі мақсат тек қана сахналық тәжірибеде емес, балалар аудиториясын халқымыздың ауыз әдебиетінің туындысымен, рухани байлығымен терең таныстыру. Спектакльдің сахналануында училищенің педагогикалық құрамының және училищенің директоры Қ. Мырзаханова мен көркемдік жетекшісі М.Ш. Қадырованың еңбегі зор. Қойылым жаңашылдығымен, жоғары деңгейдегі орындау шеберлігімен, көрермендерге рухани-адамгершілік тұрғыдан әсер етуімен, қазақстандықтардың сүйікті спектакліне айналғанын, спектакльді қайталап көрсетуге түскен ұсыныстардан көреміз.

2011-2013 жылдары училищені ҚР Мәдениет қайраткері Талғат Апжапарович Андаспаев басқарды. Аталған жылдары училище 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспар бойынша көптеген шығармашылық жобаларға ат салысады. 2011 жылы 8 желтоқсанда «Өрлеу» жас балет артистерінің театры «Возрождение» балетін ұсынады. Спектакль Қазақстан хореография одағымен бірігіп, ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен училищенің базасында жүзеге асырылады. Музыкасын жазған – Е.Кусенов, хореографиясын қойған – М. Қадырова, А. Медведев, суретші – Т. Есалиева.

Балеттің бағдарламасын құрастырған - Д. Накипов. «Возрождение» балеті – барлық жастағы оқушыларды үйретудегі әдістемелік қағидаларымен ерекшеленеді. Негізінде қойылым оқушылардың жеке немесе ансамбльдегі орындаушылық сахналық тәжірибесінің нәтижесін көрсететін, класс-концерт. Сонымен қатар барлық педагогтар балет мазмұнына өзіндік үлес қосуға мүмкіндік алады. Аталған қойылымды авторлар, педагогтар, қатысушылар Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20-жылдық мерекесіне арнады. Осы кезеңнің тағы бір жарқын оқиғасы Ш. Жиенқұлованың 100 жылдық мерекесінің өткізілуі. Мерекелік кеш Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өтіп, еліміздің жетекші би ұжымдары мен хореографиялық оқу орындары қатысты. Сонымен қатар, 1970 жылы халық биі бөлімін бітірген түлектер жиналып, А.В. Селезнев атындағы училищеде Ш.Жиенқұлова атындағы би залы ашылды. Атақты биші, өнері мен өмірін би өнеріне арнаған ұстазды ұлықтау жалғасын тауып, училищеде 2012 жылы 22 желтоқсанда Ш.Жиенқұлованың 100 жылдығына арналған студенттердің ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияның негізгі мақсаты ұлы тұлғаның дара жолын болашақ мамандарға насихаттау.

2013 жылы училищеде Қазақ КСР-нің Халық артисі С.Ы. Көшербаеваның 80-жылдығы атап өтіліп, «Өрлеу» жас балет артистері театрының ұйымдастыруымен мерекелік кеш, С.Ы. Көшербаеваның өмірі мен шығармашылығына арналған «Естеліктер мен мақалалар жинағының» таныстырылымы өткізілді.

2013-2015 жылдары училищені ҚР Мәдениет қайраткері Базарбаева Гульмира Нұрсейтовна басқарып, оның қызметінің негізгі бағыты оқу, шығармашылық үрдісті әрі қарай дамытып, оқу орнының материалдық базасын жақсарту болды.

2014 жылы училищенің 80-жылдығына орай, көптеген жаңа жобалар ұйымдастырылды. Атап айтатын болсақ, училищенің көркемдік жетекшісі М.Қадырова жетекші педагогтардың көмегімен «Дон-Кихот» (композиторы Л.Минкус, хореографиясы М. Петипа, А. Горский) спектаклін жүзеге асырды.

Аталған жылдары училищеде А. Медведев, Л. Рудакова, Р. Лукомская, Г.Бейсенова, М. Қадырова, Л. Ли, И. Гуляева, Г. Ашимова, Н. Абдулина, О. Воеводина, С. Медеубаева, М. Тиранова, А. Алишева, Г. Алиева, А. Акбарова, А. Буркитбаев, Л. Макарцева, М. Тукеев, Гульмира және Гульнара Габбасовалар және т.б. жетекші педагогтар қызмет атқарып, өздерінің педагогикалық және сахналық тәжірибелерімен жас мамандармен бөлісті.

2015- 2018 жылдары училищені ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Ая Жакеновна Калиева басқарып, 2015 жылдан бастап көркемдік жетекші қызметін Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің кавалері Людмила Мунсековна Ли атқарып келеді. А.Ж. Калиеваның жетекшілігімен училищенің жаңа стратегиялық даму жоспары жасалынып, А.В. Селезневтің 110 жылдығы жоғары деңгейде атап өтілді. Сонымен қатар, А.Калиеваның бастамасымен балет өнерінің көрнекті қайраткерлері Болат Жантаев, Рамазан Бапов, Сара Көшербаева, Ғаникамал Бейсенова, Адолят Акбароваға арналған кітаптар,

халықаралық конференциялар мақалаларының жинақтары және училищенің тың тарихынан сыр шертетін «Қазақстан Хореографиясының Алтын Бесігі» атты кітап жарық көрді.

Аталған кезеңде Тұңғыш Президент қорының лауреаты - А.А. Садыкованың шығармашылық-ғылыми еңбегі училищенің даму бағытына ықпал етеді. Халықаралық байқауларға оқушыларды дайындай жүріп, салт-дәстүрімізді, ұлттық өнерімізді зерттеп, би қойылымдарының мазмұнына арқау етеді. Көптеген ұлттық би қойылымдары мен қатар, «Тұран» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің музыкасына «Тұран Дала – Қыран дала» атты бір актілі балетін училищенің оқушыларына қояды. Сонымен қатар, училищенің мұрағатында, музейінде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қазақ балет өнерінің қалыптасуы мен даму жолы жайлы ғылыми еңбектер жазады.

А.В. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі директорының оқу-әдістемелік бірлестігі жөніндегі орынбасары Г.М. Канапьянова: «Арнайы кәсіби пәндер бойынша педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі негізгі мәселе болып табылады. 2016 жылы Астана қаласында Қазақ ұлттық хореография академиясының ашылуына байланысты, көптеген мамандар еліміздің бас қаласына қоныс аударды. Сонымен қатар, 100 ге жуық білім алушылардың жаңа оқу орнына ауысуына байланысты училищенің контингенті төмендеді. Аталған мәселені шешуде, училище басшылығы педагогикалық тәжірибесі жоқ, театрдан балет артистерін шақыртып, «Педагогикалық шеберлік мектебін» құрды. Мектептің міндеті – классикалық бидің теориясы мен әдістемесін оқыту. Туындаған мәселелерге қарамастан училище мұғалімдері, нәтижеге жетуде аянбай еңбек етіп, оқушыларды халықаралық фестивальдарға, байқауларға қатыстырып, семинарлар мен конференцияларда өздерінің тәжірибелерімен бөлісуде» - деп жазды [72, 92 б.].

2019-2021 жылдары училищенің директоры қызметін «Құрмет» орденінің кавалері, PhD доктор, доцент Досбатыров Даулет Курманғалиевич атқарды. Д.К. Досбатыров алдыңғы буынның дәстүрін жалғастыра отырып, халықаралық байқаулар, ғылыми конференциялар өткізіп, хореография өнері саласында арнайы пәндерді оқытудың теориясы мен әдістемесі тақырыптарында қосымша білім беру мекемелерінің, өнер колледждерінің педагог-хореографтарына арналған біліктілікті көтеру курстары, мастер класстар ұйымдастырылды. Атап айтатын болсақ, «Өрлеу» Халықаралық хореографиялық оқу орындарының байқауы, «Селезнев оқулары» студенттердің ғылыми-практикалық конференциясы және т.б. Ғылыми-шығармашылық, оқу-тәрбие, халықаралық байланыстар бағыттарын дамытып, училищенің танымалдылығын арттыруда жоспарлы түрде жұмыстар жүргізілді.

2020 жылдың наурыз айында бүкіләлемдік пандемияға байланысты барлық оқу орындары қашықтықтан білім беру форматына көшкені белгілі. Осы бағытта жұмыстарды жүргізуде, «Sova» - оқу үрдісін басқару жүйесі арқылы, қашықтықтан білім беру ұйымдастырылды. Сонымен қатар

әлеуметтік желілерде училищенің тыныс-тіршілігінен ақпарат беріліп, білім алушыларға, оқытушыларға арналаған түрлі члендждер жалғасын тапты. Қазіргі таңда училище – форумдар, концерттер, байқаулар, конференциялар, көрнекті хореографтардың шеберлік сыныптары секілді шығармашылық акцияларды өткізетін мәдени, білім беру орталығы болып саналады. Училищенің стратегиялық жоспары мемлекеттің даму бағдарламасымен байланысты және еліміздің хореографиялық өнері мен білім берудің 86 жылдық тәжірибесін жинақтап, жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізуге және оқу процесін жаңғыртуға бағытталған:

1. Білім беру мазмұнын жаңарту және түлектердің құзыреттіліктерін жетілдіру.

2. Училищенің басқару құрылымын жақсарту.

3. Сандық колледж бағдарламасын енгізу.

4. Сапа менеджменті жүйесін енгізу және пайдалану.

5. Президенттің «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру сынды 5 жоба айқындалды.

2021 жылдан бері училищені ҚР еңбек сіңірген арисі Мұрат Орындықбаевич Тукеев атқарып келеді. Бүгінгі таңда ұлттық балет мектептері, балет артистері, педагог-хореографтар әлемдік деңгейде балет өнері саласындағы жаңалықтармен, ресурстармен, оқытудың заманауи технологияларымен танысып, оны талдау мүмкіндігіне ие. Сондықтан қазіргі кезеңде балет мектебін дамыту үшін дәстүрлі оқыту жүйесін меңгерген, сонымен қатар білім беру үрдісінде болып жатқан инновацияларды ендіре білетін кәсіби мамандар қажет.

Аталған мәселені шешуде, қазіргі таңда училищеде дәстүр сабақтастығын жалғастырып, өз өмірлерін би өнерін өркендетуге арнаған, жоғары дәрежелі А. Медведев, Р. Лукомская, Г.Бейсенова, Л.Ли, И. Гуляева, О. Воеводина, Г. Ашимова, С. Медеубаева, А. Буркитбаев сынды мамандар өз қызметтерін жалғастыруда. Сонымен қатар, училищедегі шығармашылық, кәсіби деңгейін дамытуда А. Бестембаев, Ж. Картамысов, Н. Байбусинов, А. Ильясова, Ф. Алиева, Г. Матаева, А. Бекталиев, Қ. Сарқытбаева, А. Бердиярова, Г. Тлесбаева, И. Аухадиев, А. Карымбаева, Н. Джумалиев т.б. жас-педагог-хореографтар еңбек етуде.


Бірінші кезең 1934-1950 жылдар - қалыптасуы. Бұл кезеңде хореографиялық мектеп құрылды сабақтарды жүргізудің әдістемесі қалыптасты, қазіргі таңға дейін өзектілігін жоғалтпаған, сапалы білім беру жүйесін ұйымдастыруға негіз болған, ережелер енгізілді.

Екінші кезең 1950-1980 жылдар отандық хореографиялық білім беруінің дамуымен сипатталады. Мәскеуде педагогикалық білім алған мамандар алғаш рет балет шеберлігін оқытуда жинақталған барлық теориялық және практикалық дағдыларды біріктіріп, Қазақстанда ұлттық хореографиялық білім беру жүйесі құрылды. Аталған кезеңде қазақ ұлттық биін зерттеу, балет өнерін дамыту, кәсіби халық би ансамбльдерін құру міндеттері шешілді.



Үшінші кезең 1980 жылдардың қазіргі уақытқа дейін, ұлттық хореографиялық білім беру жүйесінің жетілуі. Хореографиялық жоғары білім беру қолға алынып, Республикамыздың аймақтарында орта және жоғары білім беру бөлімдері ашылды. Бүгінгі таңда Қазақстанда хореографиялық білім берудің нақты жүйесі бар, ол педагогикалық білімнің, дағдылардың, құзыреттердің жиынтығы болып табылады, оның негізінде орындаушылық шеберлікті қалыптастырудағы кәсіптік оқытудың кешенді тәсілі жатыр. Бұл кезең әлі күнге дейін жалғасып отыр және хореографиялық білім беру жүйесін зерттеуді, жетілдіруді талап етеді.

Кесте №3. Отандық хореография өнерінің педагогикасының даму кезеңдері.



### **1.3 Хореография өнері саласында мамандар дайындаудың мазмұндық сипаты**

Қазіргі таңда елімізде хореография өнері саласында білім беру жүйесін төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастырамыз:

- балалар хореографиялық ұжымдары, мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі студиялар, балалар музыка мектептері мен өнер мектептеріндегі хореографиялық сыныптар мен бөлімдер;

- арнаулы орта оқу орындары;

– жоғары оқу орындары;

- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, біліктілікті арттыру курстары, кадрларды қайта даярлау;

– өздігінен білім алу.

Орта білім берудің практикалық бағыты, білім алушының жоғары оқу орнында теориялық материалды жете түсінуге мүмкіндік береді. Хореография өнері саласында кадрлар даярлау мәселелерін шешуде кәсіптік білім беру жүйесіне кіретін колледждер мен өнер училищелері жетекші роль атқарады.

Бұл оқу орындарының негізгі қызметі:

- мектепке дейінгі білім беру жүйелеріне педагог-хореограф кадрларды дайындау;

- өнер мектептеріне, қосымша білім беру мекемелеріне арналған әдістемелік база ретінде;

- жоғары оқу орындары үшін контингент дайындау;

- әлеуметтік-мәдени сала үшін мамандар даярлау.

Еліміздегі хореография өнері саласында білім беретін орта оқу орындары:

1. А.В. Селезнев атындағы АХУ», Алматы қаласы.

2. Қазақ ұлттық хореография академиясының колледжі, Нұр-Сұлтан қаласы.

3. Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжі, Қарағанды қаласы.

4. Өнер колледжі – музыкалық-эстетикалық бейімдегі дарынды балаларға арналған мамандандырылған меткеп-интернат кешені, Петропавл қаласы.

5. М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті жанындағы мәдениет және өнер колледжі, Тараз қаласы.

6. Маңғыстау өнер колледжі, Ақтау қаласы.

7. Ж. Елебекова атындағы эстрада-цирк колледжі, Алматы қаласы.

8. Қостанай педагогикалық колледжі, Қостанай қаласы.

9. М. Төлебаев атындағы музыкалық колледжі, Семей қаласы.

10. Құрманғазы атындағы саз колледжі, Орал қаласы.

11. Қазанғап атындағы Қызылорда жоғары музыкалық колледжі, Қызылорда қаласы.

12. М. Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, Қызылорда қаласы.

13. Қаскелең мәдениет колледжі, Алматы облысы.

14. Оңтүстік Қазақстан саз колледжі, Шымкент қаласы.

15. Біржан сал атындағы музыкалық колледжі, Көкшетау қаласы.

16. А. Жұбанов атындағы Ақтөбе музыкалық колледжі.

Аталған білім беру мекемелерінде «Балет артисі», «Би ансамблінің артисі», «Би ұжымдарының жетекшісі, ұйымдастырушы-педагог» біліктіліктері бойынша мамандар дайындайды. Орта кәсіби білім беру жүйесі, мамандықтар бойынша бағдарламалар, жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Қазақстандық хореографиялық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өміріндегі өзгерістер кәсіби білім беру жүйесін дамытуда да маңызды болып табылады. Болашақ орындаушыларды кәсіби дайындаудың негізгі міндеттері қарқынды дамып келе жатқан қоғамның қажеттіліктерімен анықталады. Бүгінгі таңда әрбір жас маман, яғни хореография өнері саласындағы орындаушылар сахналық шеберлікті ғана емес, сонымен қатар жоғары интеллектке, креативті ойлауға, кәсіби міндеттерді шешуде дербестікке және мақсатқа ұмтылушылыққа ие болуы тиіс.

Кәсіби пәндердің мемлекеттік тілде жүргізілмеуі, хореография өнері саласында жоғары білікті маман дайындауға кері әсерін тигізеді. Жоғары оқу орындарында хореография мамандығы бойынша кадрлар дайындау негізінен педагогикалық қабілетті меңгеруге бағытталады, яғни білім алушы оқу материалын көрсете, түсіндіре, бір-бірімен байланыстыра отырып жұмыс жасауға дағдыланып, ғылыми тұрғыдан өздерінің теориялық білімдерін жетілдіре білулері қажет. Білім алушылардың өз ойларын қазақ немесе орыс тілдерінде нақты жеткізе алмауы, негізінен кәсіби пәндердің орыс тілінде, гуманитарлық пәндердің қазақ тілінде жүргізілуіне тікелей байланысты. Аймақтық колледждерде, халық-сахналық, қазіргі заман биі, тарихи-тұрмыстық би пәндерінен мамандар тапшылығы да байқалады. Себебі, жастардың облыстарда жұмыс жасауға ниет білдірмейтіндігінен. Практикалық біліммен қатар, теориялық білім беру – хореография өнерін дамытудың негізгі компоненттерінің бірі. Қазақстандық жоғары оқу орындары бүгінде ғылыми зерттеулерді жүргізетін ұйым ретінде ғана емес, сонымен қатар, сыртқы әлеуметтік-экономикалық және технологиялық ортаға тәуелді жүйе ретінде де қарастырылуда. Осыған байланысты университет әлеуметтік ортадағы өзгерістерге жауап бере алмайтын, нарықтық қатынастардың тең құқылы субъектісі болып табылады. Қазіргі таңда оқу орындарына сыртқы және ішкі ортаның факторлары әсер етеді. Сыртқы факторлар ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- білім беру мекемесінің білім беру қызметтері нарығындағы өзіндік позициясы;

- білім алушылар мен түлектерге үнемі кәсіби бағдар беру қажеттілігі;

- білім сапасын бағалау жүйесін үздіксіз дамыту;

- ЖОО-ның халықаралық білім беру кеңістігіне біртіндеп кірігуі.

Ішкі факторлар:

- оқытуды дараландыру мүмкіндіктері;

- кадр саясаты;

- білім беру үрдісін жаңғырту;
- жұмыс берушілермен өзара байланыс.

Кесте №4. Хореографтарды дайындаудың мазмұндық сипаттамасы.



Осыған байланысты білім беру жүйесін жетілдіру, білім беру қызметтерінің сапасын, қазақстандық білім беру бағдарламаларының халықаралық білім беру стандарттарына сәйкестігін арттыру, сапа критерийлерінің жүйесін құру, қазіргі заманғы қазақстандық білім берудің өзекті проблемалары болып табылады.

«Қазіргі таңда елімізде жоғары оқу орны педагог-хореографтар мен балетмейстер-хореографтарды дайындайды:

- М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, 1985 ж., 1989 жылдан бастап құрылымдық бөлім ретінде;

- Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 1987 жылы бөлім ретінде, 1992 жылдан бастап «Хореография» кафедрасы;

- Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, 1994 жылы Алматы хореографиялық училищесінде «Хореография жоғары мектебі» болып құрылып, 1997 жылы «Хореография» факультеті ретінде;

- Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 1990-1998 жылдары, 2009 жылы қайта ашылды.

- М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 1992 жыл.

- Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, 1997 жыл, Қызылорда қаласы.

- Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, 2004-2005 жыл, Түркістан қаласы.

- М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, 2000 жыл, Тараз қаласы.

- Қазақ ұлттық өнер университеті 2010 жыл, Астана қаласы, 2016 жылы Қазақ ұлттық хореография академиясының негізін қалады.

- Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе аймақтық мемлекеттік университеті, 2011 жыл, Ақтөбе қаласы.

- Академиялық инновациялық университеті, 2008-2020 жыл, Шымкент қаласы.

- «Болашақ» университеті, 2011 жыл, Қызылорда қаласы» [38, 22 б.].

Елімізде хореография өнері саласында жоғары білікті мамандар дайындау 1985 жылдан бастау алады. Педагогика ғылымының кандидаты, доцент Б.С. Тлеубаева және Г.Ж. Шагитова: «Хореографиялық ұжым жетекшілерінің жетіспеушілігі Мәдениет министрлігінің қызметкерлерін Республикада жоғары хореографиялық білім беруде мамандарын даярлау мәселесін шешуге итермеледі және ол 1985 жылы табысты іске асырылды. Алғаш рет Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтында «хореографиялық ұжым жетекшісі» мамандығы бойынша мамандар даярлана бастады» - деп жазады [45, 58 б. ]. Сонымен қатар тарихи деректерден аталған білім бағдарламасын іске асыруда Мәскеу мемлекеттік мәдениет институтының түлегі, қазіргі уақытта философия ғылымдарының докторы, профессор С.Ш. Тлеубаевтың еңбегінің зор болғанын көреміз. Оқытушылар құрамы Мәскеу, Ленинград, Ташкент, Казань, Куйбышев,

Кемерова қалаларындағы мәдениет және өнер институттарының түлектерімен толығып, еліміздің әр түрлі аймақтарынан талапкерлерді қабылдай бастайды. Сонымен қатар, Мәскеу мемлекеттік мәдениет институтының «Хореография» кафедрасының меңгерушісі И.В. Смирнов, Ташкент мемлекеттік мәдениет институтының «Хореография» кафедрасының меңгерушісі С.Ш. Бурханов кафедраның құрылуына әдістемелік көмек көрсетеді.

Оңтүстік Қазақстан облысының хореография өнерінің қалыптасуын зерттеген Г.А. Идрисова өз зерттеулерінде: «М.Әуезов атындағы ОҚМУ хореография кафедрасының оқу үрдісінде өзін-өзі жетілдіру мен нәтижеге жетуде оқытушылар шығармашылық және танымдық белсенділігінің барлық арсеналын белсенді қолданады. Кафедра педагогтарының кешенді білім беру кеңістігінің белгілері: студенттің шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға ықпал ететін креативтілік, көп аспектілік және интегративтілік болып табылады. Көптеген жылдар ішінде кафедраның оқытушылар құрамы білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін аша алды, олар кейіннен түрлі конкурстардың лауреаттары болып, ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарға ие болды» - деп тұжырымдайды [73, 29 б.]. Ғылыми зерттеулер 1985 жылдан бері кафедраның елімізде хореография өнері саласында мамандар дайындауда өзіндік роль атқарып, табысты еңбек етіп келе жатқанын дәлелдейді. 2015 жылы «Педагогика және мәдениет» факультеті құрамындағы «Хореография» және «Режиссура және актерлік өнер» кафедраларының негізінде жаңа атаумен «Өнер» кафедрасы болып қайта құрылды. 2003 жылдан бері кафедраны педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты, «Қаракөз» би ансамблінің жетекшісі және балетмейстері Глеубаева Балжан Сейдрамановна атқарып келеді. Кафедрада оқу үрдісі, шығармашылық бағыт, ғылыми-зерттеу жұмысы, студенттердің бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру және т.б. сапалы білім берудің жетекші компоненттері бір жүйеге біріктіріліп, жоғары нәтиже көрсетіп келеді.

Жылдар өте елімізде педагог-хореографтарды дайындаудың ауқымы кеңейіп, 1987 жылы ҚР Халық артисі, балетмейстер, профессор Д.Т. Әбіровтің бастамасымен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Хореография» бөлімі ашылып, 1992 жылы «Хореография» кафедрасы ретінде құрылады.

«Хореография және Арт-менеджмент» кафедрасының, ЖАҚ профессоры Л.М.Кремер: «Даурен Тастанбекұлы классикалық би, халық-сахналық би, балетмейстер өнері пәндерін жүргізіп, ансамбльдің жетекшісі қызметін атқарды. Сонымен қатар, классикалық би пәнінен Кастеева Зарема Ахметовнаны, халық-сахналық би пәнінен Жулимбетова Фируза Рафильбековнаны, заманауи балдық би пәнінен Векшина Лидия Павловнаны, отандық және шетел хореографиясының тарихы пәнін жүргізуге Уразгалиева Аманкул Ибрагимовна сынды жоғары білікті мамандарды шақырады» - деп алғашқы кадрлар туралы жазады [40, 106.].

Ұлттық музыкалық-би мәдениетінің қарқынды дами отырып, ғылыми негізде белгілі бір деңгейге көтерілуі еліміздің тарихында орын алған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен тәуелсіздікке қол жеткізуге байланысты болды. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының музыка факультетінің қалыптасуы, өз өмірлерін, шығармашылықтарын қиын да, игілікті іске арнаған оның алғашқы негізін қалаушылардың, ұйымдастырушылар мен педагогтардың есімдерімен тығыз байланысты. Қазақ халқының терең де, ерекше музыкалық және би дәстүрлеріне сүйене отырып, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан бай рухани мұраны мұқият сақтаған, ұлттық өнер сласында педагог-мамандарды дайындайтын негізгі оқу орындарының бірі.

1993 жылы Д.Т. Әбіров «Хореография» мамандығы бойынша сырттай оқу бөлімін ашады. Орта білімі бар, кәсіби балет артистерінің, би ансамблінің артистерінің жоғары білім алуына жол ашқан бастама, 2018 жылға дейін жалғасын тауып, қазіргі таңда қашықтықтан білім беру ретінде жаңартылды.

Аталған кафедраның негізін қалаушылардың бірі ҚазКСР Халық артисі, профессор З.А. Кастеева: «Д.Т. Әбіров би өнерінің барлық оқушының, әрбір жас ұрпақтың өміріне енгенін армандайды. Қазақстан Республикасында музыкалық факультеттердің, хореография кафедраларының ашылуына ат салысады. «Ол Қазақстан Республикасы бойынша музыка факультеттерін, хореография кафедраларын ашу үшін көп жұмыс жасады. Пікірлес адамдар тобын құра отырып, оқытудың жаңа бағдарламалары әзірленді, ұлттық би фольклорын зерделеу және сақтау би мұраларын үйрету бағытында пәндер енгізілді. 1996 жылы «Хореография» мамандығының алғашқы түлектері бітіріп шықты. Рухани өмірдің динамикасы қарқынды дамып, факультет пен кафедраның өмірі қайнап жатты. Студенттердің күшімен Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек», А. Жұбанов, Л. Хамидидің «Абай», М. Төлебаевтың «Біржан Сара» спектакльдері қойылды. Бұл спектакльдер факультет, институт сахналарында, мектептерде, театр сахнасында қойылды» - деп кафедраның тарихи жолын саралайды [41, 96 б. ].

2006 жылға дейін кафедраны ҚР Мәдениет қайраткері Г.Ж. Қарамолдаева басқарып, «Хореография» кафедрасы ретінде бөлініп, ҚазКСР еңбек сіңірген артисі, өнертану кандидаты Т.О. Ізім кафедра меңгерушісі болып тағайындалады.

Л.М. Кремер: «Кафедрада қазақ биінің оқытушысы болып қызмет еткен Т.О. Ізім өзін жоғары білікті маман ретінде танытты. Оқу-тәрбие үрдісінің дамуына үлкен үлес қосты. Қазақ биінің типтік бағдарламасын жасады. Ш.Б. Жиенқұлова, Д.Т. Абиров, З.М. Райбаев, Б.Г. Аюханов сынды ұлттық би өнерінің негізін салушылардың би мұрасын жетік меңгеріп, шәкірттерге жеткізе білді» - деп пікір білдіреді [40, 68 б.]. Сонымен қатар, 2004-2008 жылдары кафедра «Хореография» мамандығы бойынша білім беру стандарттарын әзірлейтін әдістемелік орталық болды.

2010 жылы Астана қаласында Қазақ ұлттық өнер университетінде «Хореография» факультетінің ашылуына байланысты 2011 жылы Т.О. Ізім шақыртылып, кафедраны басқаруға ҚР Мәдениет саласының үздігі

Сабдалиева Роза Болысқызы тағайындалады. Білім беру саласындағы өзгерістерге, кредиттік технологияға бейімделуде жоғары нәтиже ғана көрсетіп қоймай, кафедрада ғылыми-шығармашылық бағыт өзінің жалғасын табуда. Кафедра «Хореография» өнері саласында еліміздің аймақтарына білікті педагог-хореографтарды дайындап, қазіргі таңда хореография өнерінің танымалдылығы артып, әрбір оқушының өміріне еніп, Д.Т. Әбіровтің алға қойған мақсаты орындалды деп сенеміз.

Кафедраның құрамы, білім беру бағдарламасы жылдар бойы қоғамның талабына сай өзгергенімен, студенттерді әлемдік өнер құндылықтарына баулу, еліміздің көпұлтты мәдениетін өзара байланыстыру, кәсіби даму мен жетістікке жету, өткен тәжірибеден сабақ ала отырып, хореография өнерінің өзіндік ерекшеліктерін сақтап, жаңа технологияларды меңгеру қағидасын ұстану өзінің құндылығын әлі күнге сақтап келеді.

Жоғарыда Б.М. Жантаевтың 1994 жылы Алматы хореографиялық училищесінде «Хореография жоғары мектебін» ашудағы роліне және оны құруға ат салысқан хореография өнерінің жетекші мамандарына тоқталған болатынбыз. Аталған мектеп 1997 жылы Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында «Хореография» факультеті ретінде құрылады. Педагогика ғылымының докторы, профессор А.К. Кульбекова: «Хореография жоғары мектебінің алғашқы түлектері-белгілі орындаушылар, педагогтар және балетмейстерлер, сахнаның танымал шеберлері, олардың арасында: Н.Л. Гончарова, А.Т. Алишева, Л.М. Ли, Г.А. Ашимова, Г.Н. Бейсенова, М.О. Тукеев, С.М. Медеубаева, У.А. Мерсеидов, Т.О. Ізім, Г.Ю. Саитова, Л.В. Ким, Гульмира және Гульнара Габбасовалар, Г.У. Туткибаева, Т.А. Нуркалиев және т.б. болды» - деп оқу орнының алғашқы түлектеріне тоқталады [38, 21 б.]. Аталған түлектердің барлығы қазіргі таңда хореография өнерінің дамуына, ғылыми-әдістемелік жүйесінің қалыптасуына үлес қосқан тұлғалар. Академияның оқытушылары мен түлектері туралы 2014 жылы жарыққа шыққан «Танец. Поиск. Достижения» (жауапты құрастырушы Д.В. Сушков) атты еңбек Хореография факультетінің 20 жылдық тарихынан сыр шертеді [49].

Қазіргі таңда академияда балетмейстер өнері және хореография педагогикасы кафедралары: хореография режиссурасы 1994 жылдан, балетмейстер өнері 2020 жылдан, хореография педагогикасы 1994 жылдан, спорттық бал-биі педагогикасы 2001 жылдан, қазіргі заман биінің педагогикасы 2018 жылдан бастап аталған мамандандырулар бойынша мамандар дайындап келеді. Қазіргі таңда факультетте профессорлар К.Н. Андосов, ҚР Халық артисі Р.Х. Байсеитова, ҚР Еңбек сіңірген артисі, Н. Л. Гончарова, өнертану кандидаты, ҚР Білім беру саласының үздігі Л.А. Жуйкова, өнертану кандидаты А.Б. Шанкибаева, ҚР Халық артисі, «Балетмейстер өнері» кафедрасының меңгерушісі Г.У. Туткибаева, «Хореография» факультетінің деканы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Д.В. Сушков, доцент Т.В. Терехова, ҚР Мәдениет қайраткерлері, оқытушылар Т.Ж. Қлышбаев, Гульнара Габбасова, Мәдениет саласының үздігі аға оқытушы Гульмира Габбасова «Достық» орденінің иегері,



«Хореография педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі Л.В. Ким, доценттер п.ғ.к. Л.А. Николаева, PhD доктор, Д.К. Досбатыров, аға оқытушылар PhD докторы А.Т. Молдахметова, өнертану кандидаты Д.Д. Уразымбетов, А. М. Жумагалиева, өнер магистрлері аға оқытушы А. Т. Исалиев, оқытушылар Г.Ж. Қапанова, А.Н. Карымбаева, оқытушылар В.А. Гончаров, Н.О. Меньшикова, концертмейстерлер: Н.А. Антонова, А.М. Досмухамбетова, З. Н. Қалмурзаева, И.Г. Козлова, Е. А. Шаталова қызмет атқарады.

Жас зерттеуші Д.Д. Уразымбетов факультеттің тыныс-тіршілігін: «Әр оқытушы өз мүмкіндіктеріне байланысты білімге, ғылымға, әдістемеге, шығармашылыққа жол ашады. Дегенменде, факультетте жұмыс істеген және жұмыс істейтін жетекші педагогтар мен хореографтардың әдістемелері талданбаған, барлық шығармашылық іс-шаралар, қойылымдар, дипломдық жұмыстар, магистрлік және докторлық диссертациялар және т.б. талданбаған. Бірақ көп нәрсе жасалды. Факультеттің соңғы жетістіктеріне хореография және театр өнерінің көрнекті қайраткерлерімен дөңгелек үстелдер, семинарлар, шығармашылық кездесулер өткізу, профессор-оқытушылар құрамының кітаптары мен оқу құралдарының тұсаукесері жатады» – деп көрсеті [47, 14 бет].

Факультетте балетмейстер өнері, хореография педагогикасы, спорттық бал биі педагогикасы, қазіргі заман биінің педагогикасы траекториялары бойынша мемлекеттік жоғары білім саласындағы кәсіптік жалпыға міндетті стандарттар дайындалды. Бакалавриат, магистратура және докторантура (бейінді және ғылыми-педагогикалық бағыттар) білім беру деңгейлері бойынша мамандар дайындалады. Қазақстанда алғаш рет спорттық бал биі мамандығы ашылып, осы оқу орнының ерекшелігі болды.

Елімізде педагог-хореограф мамандарды дайындауға үлес қосқан тағы бір кафедра 1992 жылы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде ашылды. Кафедраны 1992-1999 жылдары п.ғ.к, профессор А.А. Жолтаева, 1999-2005 жылдары п.ғ.д, профессор А.К. Кульбекова, 2005-2008 жылдары кафедраның аға оқытушысы А.У. Шукирова, 2008 жылдан қазіргі күнге дейін өнертану кандидаты Қ.Д. Айтқалиева басқарып келеді. Кафедра Батыс Қазақстан облысын педагог-хореограф мамандармен ғана қамтып қоймай, еліміздегі би ансамбльдерін де орындаушылармен толықтырды. Кафедраның ашылған күнінен бастап, ғылыми-шығармашылық қызмет жанданып, А.К. Кульбекованың бастамасымен 2001 жылы - II, 2006 жылы – III Ш.Жиенқұлова атындағы республикалық қазақ би байқауы ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, кафедраның оқытушылары халықаралық ғылыми конференцияларда, ғылыми журналдарда өздерінің тәжірибелерінің тұжырымдамаларымен бөлісіп отырады және «Қ.Д. Айтқалиеваның «Танцы народов Средней Азии», «Халықтық-сахналық биді оқыту теориясы мен әдістемесі» (үш тілде), «Классикалық биді оқыту теориясы мен әдістемесі» (үш тілде) атты хореография мамандығы бойынша әзірленген оқу-әдістемелік құралдары, «Қазақ және шетел хореография тарихы», «Д.Әбіровтің қазақ би

мектебі» атты электрондық оқулықтары мен монографиялары» [74, 310 б.] қазақ тіліндегі ғылыми еңбектердің қатарын толықтырды.

Хореографиялық білім берудегі жаңа концептуалдық ықпал осы жоғары білімді маман даярлау барысын қайта қарастыруды талап етеді. Жоғары оқу орындарында хореограф мамандар дайындауда оқу жүйесінде ғылыми ізденіс және оқу-әдістемелік нұсқаулықтар, оқулықтар, басқа да еңбектер, ғылыми мақалалар даярланып басылуда.

Дегенменде кәсіби пәндерді оқытудың теориясы мен әдістемесіне байланысты жоғары оқу орындарында шыққан көптеген оқулықтар республика деңгейінде қолданысқа енген, бұл жазылған еңбектердің теориялық және практикалық құндылығының төмендеу мәселесін туғызады. Әрбір жоғары оқу орнында шыққан әдістемелік, тарихи еңбектер, оқытушылардың тәжірибелері - ақылы түрде сақтап алуға мүмкіндік беретін сайттарға жүктелсе, оқулықтың қолданыс аясының кеңейетіндігі мәлім. Аталған мәселені Start up жобасының негізінде қолға алып, кафедраға қаржы табу мақсатында қолдануға болады. Сонымен қатар, электронды жүктелген оқулықтар арқылы плагиат мәселесі де өзінің шешімін табатыны айқын.

Хореография өнері саласында мамандар дайындауда оқу жүйесіндегі сахналық тәжірибенің орны ерекше екені белгілі. Осыны ескерген оқу орындары білім алушылардан би ансамбльдерін құрып, оның репертуарын кеңейтуде еңбек етіп келеді. «М. Әуезов атындағы ОҚУ» – «Қаракөз», «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде» – «Томирис», «Т. Жүргенов атындағы ҚҰӨА» – «ASD», «Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінде» - «Дара», «М. Өтемісов атындағы БҚМУ» – «Арна», «Қорқыт ата атындағы ҚМУ» – «Дидар», «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде» – «Томирис», «Қожа Ахмет Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде» – «Би Сұлтан» би ансамбльдері құрылған.

«Оқу орындарында ұйымдастырылған барлық аталған шығармашылық ұжымдар халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі фестивальдер мен байқаулардың жеңімпаздары. Ансамбльдің репертуарын құру және дайындық жұмыстарының барысында студенттер кәсіби шығармашылық ортаға бейімделеді.

Біріншіден, педагог-репетитордың жұмыс жасау әдістемесін бақылай және саралай білген студент, өзінің болашақ мамандығының қыр-сырын білуге тырысады.

Екіншіден, өзінің орындаушылық қабілетін дамыта отырып, би ұжымында жұмыс жасай білуге дағдыланады.

Үшіншіден, өнер саласындағы тәжірибелі мамандармен пікір алмаса отырып, шығармашылық ойлау қабілеттері қалыптасады. Сондықтан кафедралардың жанынан құрылған би ансамбльдеріне тек қана университеттің мәдени іс-шараларына қатысатын қызмет көрсетуші ұжым ретінде қарамай, студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың жолы ретінде мән беріп, ансамбльдің халықаралық, республикалық кәсіби байқауларға қатыстырудың жолға қойылуы, білім алушылардың

шығармашылық дамуына жол ашады. Сонымен қатар, жоғары курс студенттерінің өзіндік жұмыстарының қорытындысы ретінде қойылған билер ансамбльдің репертуарынан орын алса, білім алушылардың өздеріне деген сенімділігін арттырады. Осылайша, студенттердің сабақтан тыс шығармашылық жұмыстары олар үшін өзін-өзі дамыту уақытына айналады» [75, 150 б. ]

Жоғары оқу орындарында хореография өнері саласында кадрларды даярлау әртүрлі бағыттар бойынша жүргізіледі. Барлық жоғары оқу орындарында 6В02101 «Хореография» мамандығы бойынша педагог-хореографтарды дайындау жүзеге асырылады.

Қазақстан ЖОО-ның болашақ оқытушысының маңызды кәсіби құзыреттіліктерін тиімді қалыптастыру үшін:

- жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үрдісін одан әрі жетілдіруде оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін енгізу;

- оқытушы мен білім алушы арасында кері байланыстың болуы;

- болашақ мамандардың жеке тұлғасын қалыптастыру барысында кешенді, жүйелі, жеке тәсілді қолдану;

- жоғары оқу орындарының біртұтас педагогикалық үрдісінде модельдеу, микро оқыту, тренингтер, іскерлік ойындар сынды оқытудың белсенді әдістерін тиімді пайдалану;

- арнайы пәндермен пәнаралық байланысты күшейту және оқу процесіне үздіксіз педагогикалық практиканы енгізу;

- педагогикалық практика кезінде қалыптастырған жұмыс тәжірибесін пайдалана отырып, болашақ педагог-хореографтарды ғылыми-зерттеу жұмысына кеңінен тарту.

Педагогтың кәсіби шеберлігі - қоғамның дамуына байланысты өзгеріп отыратын, әлеуметтану, экономика, мәдениеттану, психофизиология, психология, педагогика сынды ғылымдадың зерттеу объектісі болса, ал өнерде ол маманның орындаушылық деңгейін де қамтиды. Мемлекеттік құжаттарда, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың қаулыларында мамандарды дайындауға және білім сапасын жетілдіруге аса мән беріліп отыр. Қазіргі таңда барлық жоғары оқу орындарына академиялық еркіндік беріліп, оқу жүйесі өзіндік талаптарына сәйкес ұйымдастырылады. Әлемдік жетекші оқу орындарының білім беру үрдісін зерттеудің негізінде, олардың тәжірибелері енгізіле бастады. Дегенмен де, оқу орындарының жаңа технологияларды меңгеруге, оқу үрдісіне енгізуге деген дайындығының болмауы қоғамда көптеген мәселелер тудырып, ғалымдардың еңбектерінде талданды. Жоғары білім беру орындары білім алушыларды мамандықтардың сапалы оқу жоспарларымен, білім беру бағдарламаларымен, мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларымен, студенттердің жеке оқу жоспарларымен және пәндер бойынша оқу бағдарламаларымен қамтамасыз етуге міндетті болып табылады. 2018 жылдан бастап, білім беру бағдарламалары типтік стандарттарға сүйенбей, әр кафедра өздерінің білім беру бағдарламаларын ұсына алатын мүмкіндік алды.

Білім беру бағдарламасы 3 циклдан тұрады: жалпы білім беру пәндері, базалық пәндер, кәсіптендіруші пәндер. Осы 3 цикл бойынша білім алушылар оқу мерзімінде 240 кредитті меңгеруге міндетті.

Кесте №5. Білім беру бағдарламасының құрылымы:

№	Компоненттердің аттары	Құрылымы	Кредит саны
1	Жалпы білім беру пәндер циклы	Міндетті және таңдау компоненті	56
2	Базалық пәндер циклы	Жоғары оқу орынының ұсынатын пәндері және таңдау компоненті	112
3	Кәсіптендіруші пәндер циклы	Жоғары оқу орынының ұсынатын пәндері және таңдау компоненті	72

Кестеде көрсетілгендей циклдар міндетті, таңдау және жоғары оқу орны ұсынатын компоненттерден тұрады. Бұл оқу орнының академиялық дербестігінің көрінісі, жалпына білім беру циклының міндетті компонентінен басқа циклдарды жоғары оқу орынының бағдарламаны дауындаушы кафедраның ұсынуымен жоспарланады.

Білім беру бағдарламасының стратегиялық мақсаты инновациялық идеяны көрсете білетін, интеллектуалды көшбасшыны даярлауға негізделіп, білім алушының бойында парасаттылық, кәсібилілік, әлеуметтік жауапкершілік, академиялық еркіндік, жаһандық азаматтық, ашықтық т.б. құндылықтарды қалыптастыруға бағытталады.

«6B028 – «Хореография» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды даярлау бағдарламасы Дублин дескрипторлары негізінде қалыптасатын және жалпы, әдістемелік және пәндік оқытудың құзыреттіліктері арқылы берілетін оқыту нәтижелерімен анықталады. Білім беру бағдарламаларының құрылымына сараптама жасау мақсатында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 6B028 – «Хореография» білім беру бағдарламасын негізге аламыз.

Білім беру бағдарламасыны - оның сипаттамасынан, мазмұнынан, ресурстармен қамтамасыз етілуінен, перспективалық даму жоспарынан тұрады.

Кадрларды даярлаудағы университет стратегиясы, БББ төлқұжаты және бейіні, түлектің портреті білім беру бағдарламасының сипаттамасында талданады.

Білім беру бағдарламасының мазмұнында модульдердің сипаттамасы, пәндер бойынша мәліметтер беріледі. Сонымен қатар, кітапхана қоры, кадрлық қамтамасыз ету туралы мәліметтер және базалық оқу жоспары ұсынылады.

Білім беру бағдарламасының мазмұнына сүйене отырып, негізінен барлық университеттерге академиялық еркіндіктің берілуі – оқу орындарының өзіндік авторлық идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беру. Мысалы, білім беру бағдарламаларының әрбір жоғары оқу орнында дайындалып, ұсынылуы, олардың өзіндік ерекшеліктерін ескерулеріне мүмкіндік береді. Хореография өнері саласында 2016 жылға дейін білім беру стандарттарын Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы дайындап келгендігі мәлім, барлық жоғары оқу орындарына ортақ стандарттың болуы көп жағдайда тиімді болғанымен (академиялық ұтқырлық, білім алушының оқу орнын ауыстыру жағдайында айырма пәндердің аз болуы, республика аумағында барлық кәсіби пәндердің бірдей мөлшерде оқытылуы), типтік оқу бағдарламаларының мазмұны стандартты дайындаушы оқу орнының ықпалына тікелей тәуелді болды. Білім беру бағдарламаларына сараптама жасай отырып, бағдарламаны құрастырушылардың кәсіби деңгейінің жоғары болуы және ұжымда егжей-тегжейлі талдануы, әлемдік деңгейдегі жетекші жоғары оқу орындарының тәжірибелеріне талдау жасай отырып құрастырылуы маңызды роль атқарады деп санаймыз. Қазіргі таңда білім беру бағдарламалары университеттердің сайттарында жүктеледі, бұл талапкерлерге оқу орнымен және оқу үрдісінің мазмұнымен танысуға және таңдауға мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламаларының кафедрада талдануы әрбір мұғалімнің авторлық технологияларын іске асыруға, білім беру жүйесіне жаңалықтарды енгізуіне және әрбір жоғары оқу орнының өздерінің контингенттерінің мүмкіндіктерін ескеруге жол ашады.

Еліміздегі білім беру жүйесін дамыту мақсатында жасалынып жатқан жұмыстарға қарамастан, хореография өнері бойынша білім беруде педагог-хореографтардың, режиссер-хореографтардың тапшылығы байқалады. Себебі, жас мамандар:

- жалақының төмендігіне, жүктеменің көптігіне;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жете меңгермегендіктен;
- жүргізетін пәндерін оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз ете алмағандықтан;
- өздерінің тәжірибелерін ғылыми түрде негіздеу дағдысының төмендігіне байланысты білім беру мекемелерінде жұмыс жасауға ниет білдірмейді.

Қазіргі таңда қоғамда хореография өнеріне деген сұраныс артып, осы саланың маманы немесе маман еместерде жеке би мектептерін ашуға қызығады. Көп жағдайда бұл өнерді дамыту емес, кәсіпкерлікке деген қызығушылықтан аспайды. Астана, Алматы қалаларында жақсы дамыған бұл кәсіп, аймақтардан келіп, жетекші жоғары оқу орындарын бітірген түлектерді

жоғары жалақымен қамтамасыз ететін негізгі жұмыс көзіне айналып отыр. Аймақтарда білікті педагог-хореограф мамандардың жетіспеушілігі аталған мәселеге байланысты. Колледждердің, жоғары оқу орындарының білім алушыларды білікті мамандармен қамтамасыз ете алмауы қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Осы мәселені шешуде жыл сайын аймақтардан оқу орындарына мамандардың қажеттілігіне байланысты сұраныс жіберіліп, еңбек шарты ұсынылып, облыстарды мамандармен қамту мәселесі жолға қойылса, елімізде хореографиялық білім беру жүйесінің өзіндік бір деңгейге көтерілетініне сеніміміз мол. Еліміздің өнер саласындағы жетістіктері, әлемдік деңгейдегі орны, би өнері саласындағы хореография педагогикасын дамытуға тікелей байланысты. Жапонияда педагогикалық мамандықтарды даярлауға ерекше көңіл бөлініп, мектеп жасынан бастап оқушыларды ерекше іріктеу жүргізіледі яғни бұл елде педагог мамандығы беделді мамандықтың қатарына жатады. Қазіргі таңда Қазақстанда да педагогтардың мәртебесін көтеру туралы Заң жобалары қолға алынып, айырықша көңіл бөлінуде. Аталған жобалардың аясынан хореография өнері саласындағы педагогтарға да кәсіби жағдай жасалынады деп үміттенеміз.

1 бөлім бойынша тұжырым.

1. Би өнері саласында мамандар дайындау жүйесінің құрылыу мен қалыптасуын талдау хореография педагогикасында қолданылатын категориялық-тұжырымдамалық аппаратты анықтауға мүмкіндік береді.

2. Тарихи деректерді зерделей келе, XVIII ғасырда би мектептерінің тарихы патшалардың жеке көзқарастарына ғана байланысты болып қана қоймай, елдің мәдени саясатын анықтаудағы маңыздылығымен сипатталынды.

3. Отандық хореография педагогикасының өзекті мәселелерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, даму тарихына үш кезеңге бөліп, хореонологиялық анықтама берілді: 1934-1950 жылдар - қалыптасуы, 1950-1980 жылдар - дамуы, 1980 жылдан қазіргі уақытқа дейін - жетілдірілуі.

4. Еліміздің хореографиялық білім беру жүйесінің мазмұндық сипаттарын қарастырып, орта және жоғары оқу орындарында білім беру үрдісінде кездесетін бірқатар мәселелер айқындалып, шешу жолдары ұсынылды.

## **2 Хореографиялық өнер бағытында кадрлар дайындаудағы Қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибесі және жетістіктері**

### **2.1 Хореография өнері саласында білім берудің ұлттық моделі**

Хореографиялық өнердің заңдары, оның формаларының пластикалық үйлесімі мен әсемдігі, балет шығармаларының бейнелі көрінісі үлкен және жүйелі еңбектің арқасында туындайды. Бұл балет артистерінің қалыптасуы үшін физикалық және жеке қасиеттердің болуы ғана маңызды емес, сонымен қатар оқу процесінің дұрыс ұйымдастырылуы, ішкі құрылымдық мазмұнының өзара әрекеті болып табылады. Балет артисі тұлғасының қалыптасуында жалпы дайындық процесінің ұйымдастырылуы мен мазмұны шешуші рөл атқарады. Ал балет артистерінің кәсіби тұлғасы күнделікті еңбек нәтижесінде қалыптасып, орындаушылық кәсіби шеберлігі байытылып, жетілдіріледі. П.ғ.д., өнертану профессоры А.К. Кульбекова: «Болашақ балет артистерінің жұмысы күнделікті сабақтарымен ерекшеленеді. Сондықтан дайындықтың барлық процестері, атап айтқанда: оқу, шығармашылық, тәрбиелік, бос уақытты өткізу, кәсіби тәжірибе өзара әрекеттесуге және болашақ балет артистерінің қалыптасуына кепілдік беруі керек. Егер процестердің бірі жұмыс істемесе немесе іс жүзінде қызмет атқармаса, онда балет артистерінің кешенді түрде жүйелі дайындығы бұзылады және кейіннен олардың болашақ кәсіби қызметінде көрінеді» - деп хореографиялық білім беру жүйесін ұйымдастыру туралы өз ойын білдіреді [38, 276.]. Қазақстандық көпдеңгейлі хореографиялық білім беру моделін талдау арқылы әр түрлі деңгейлерде (Хореографиялық училище, бакалавриат, магистратура, докторантура) оқыту және кәсіби міндеттерге сәйкес өнер саласындағы мамандарды даярлауды ұйымдастыру процесі әр түрлі екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, әрбір деңгейде, тарихи кезеңде көрнекті педагогтар мен атақты орындаушылардың есімдері сақталып қалды. Қазіргі таңда әдістемелік жүйелер мен балет мектептерінің құнды дәстүрлерін үйрену, зерттеу, талдау, жасау өзекті мәселелердің бірі. Балет артистерін даярлаудың белгілі бір мақсаттары мен міндеттерін барлық педагогикалық құрамға жүйелі және шығармашылық тұрғыдан жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

2016 жылы Еліміздің астанасында Орта Азиядағы хореография өнері саласында толық циклді білім беретін – Қазақ ұлттық хореография академиясы ашылды. Академияның негізін 2010 жылы Қазақ ұлттық өнер академиясында ашылған хореография факультетінің білім алушылары мен тәжірибелі мамандары және Алматы қаласынан, шет елдерден шақыртылған білікті педагогтар құрады. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2016 жылғы 29 тамыздағы жарлығы бойынша РФ Халық артисі, «Достық» және «Парасат» ордендерінің кавалері Алтынай Абдурахимовна Асылмуратова академияның ректоры болып тағайындалды. Академияның ашылу салтанатында Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Бұл өнер ғибадатханасында ұлттық балет және би өнерінің жаңа саңлақтары білім алып тәрбиленеді және уақыт өте келе қазақстандық

хореография академиясы бүкіл Евразиядағы би өнерінің шеберлерін дайындайтын, жетекші орталыққа айналады» - деп сенім білдіреді [76, 1 б.]. Қазіргі таңда аталған оқу орнының ашылғанына 7 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында еліміздегі хореография өнері саласындағы жетекші жоғары оқу орны ретінде ұлттық өнеріміздің дамуында академия қандай роль атқарды, хореографиялық білім беру жүйесіне қандай жаңалықтар енгізді, болашақ орындаушыларды және педагог-хореографтарды, режиссер-хореографтарды, балеттанушыларды, арт-менеджерлерді, ғылыми кадрларды дайындауда қандай тәжірибе ұстанғандығын саралау, қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі.

Қазақ ұлттық хореография академиясының хореограф мамандарды дайындау жүйесі.«Қазақ ұлттық хореография академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (2016-2021жж.) - Республикалық маңызы бар, көп деңгейлі кәсіптік білім беру мекемесі ретіндегі бірегей жоба. Академияның еліміздің астанасында орналасқандығының өзі бүкіл республика үшін мәдени, ғылыми-шығармашылық білім беру орталығы ретіндегі маңызын және қызметінің негізгі стратегиялық бағыттарын айқындайды.

Академияның қызыметінің маңызды құрамдас бөліктері:

- заманауи жоғары білікті мамандарды даярлау;
- ұлттық мәдениетті сақтау және дамыту;
- хореографиялық өнер саласындағы креативті және үздік әлемдік үлгілерді ендіру;
- халықаралық кеңістікте Қазақстанның эстетикалық, рухани, мәдени, ғылыми және білім беру имиджін ілгерілету болып табылады.

Академия - болашақ мамандарды дайындауда тұлғалық-бағдарлы оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асыратын бірегей инновациялық білім беру мекемесі болып табылады. Академияда кәсіби білім алудың бірегейлігі - үздіксіз хореографиялық білім беру деңгейлері бойынша мәдениет пен хореографиялық өнер саласындағы мамандарды қалыптастыруға негізделіп отыр.

П.ғ. докторы, өнертану профессоры А.К. Кульбекова: «Қазақ ұлттық хореография академиясының ашылуы - Қазақстан хореографиялық білім беру саясатындағы жаңа қадам. Қазақ балет өнерінің дамуы ең алдымен оқу үдерісін жетілдіруден, болашақ педагогтарды дайындаудың әдістемелік негізін қалыптастырудан басталады. Білім беру жүйесінің сапалық деңгейі - кез келген саланың даму деңгейіне әсер ететіндей, хореографиялық білім беру жүйесінің дамуы - отандық балет өнерінің және ұлттық би өнерінің әлемдік деңгейін қалыптастыруға тікелей ықпал етеді» - деп ой білдіреді [44, 8 б.].

М.С.Косиди: «Қазақ ұлттық хореография академиясында оқу үдерісі балет әртістеріне мамандықты еркін өзгертуге немесе басқа оқу орындарына ауысуға мүмкіндік беретін негізгі жалпы және орта жалпы білім негізінде кәсіптік білім алуға мүмкіндік береді. Студенттер сондай-ақ балет өнерінде бірегей тәжірибе алу үшін шағын және үлкен сахналарда өнер көрсетуге мүмкіндік алады. Осылайша студенттер барлық қажетті инфрақұрылыммен,



сондай-ақ техникалық және ақпараттық ресурстармен толық жабдықталған бір оқу орнында бастауыш білімнен жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейін өз дағдылары мен білімдерін игереді» [77, 31 б.]. - деп академияның білім беру сатысының құрылымының тиімділігіне тоқталады.

Балет өнерін зерттеуші Ф.Б. Мусина: «Бұл жерде балалардың жайлы өмір сүруі, балет өнерін үйренуі үшін барлық жағдай жасалған. Жақсы ойластырылған инфрақұрылымы бар керемет ғимарат. Балет заманауи талаптарға сай жабдықталған жиырмадан астам зал бар. Әрбір залда бейне таспаларды көрсетуге болатын LED-экрандар бар. Интернет желісімен, қажетті музыкалық аппаратурамен қамтылған. Балалар мен студенттерге тіпті сыртқа шығудың қажеті жоқ: балет, тұрғын үй және оқу ғимараттары өткелдер арқылы біріктірілген. Оқу ғимаратының әрбір сыныбы интерактивті тақталармен жабдықталған. Сонмен қатар, академияның кітапханасы студенттерді барлық қажетті ғылыми ресурстармен қамтамасыз етеді. Медициналық бөлімнің кәсіби мамандары тәулік бойы балалардың денсаулығын қадағалайды» - деп академияда білім алушылар үшін жасалған жағдайды сипаттайды [48, 52 б. ].

Академияның ашылуы Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекетінің жаңа тарихымен және оның астанасымен тығыз байланысты. Мәдениет пен өнердің белсенді дамуы жаңа форматтағы мамандарға деген жоғары сұранысты білдіреді. Олардың қызметі рухани тәрбиенің стратегиялық міндеттерін іске асыруға, эстетикалық мәдениет мұрағаттарын сақтауға және оны қазіргі қазақстандық қоғамда көбейтуге бағытталған. Қоғамның мәдени және рухани-эстетикалық дамуын қамтамасыз ететін жоғары білікті балет артистерін және хореографиялық өнер саласындағы кең форматты мамандарды үздіксіз даярлауды жүзеге асыратын бірегей білім беру, ғылыми-шығармашылық орталық болу академияның алғашқы миссиясы болып табылады.

Қазақ ұлттық хореография академиясының миссиясы оның даму стратегиясында айқындалған. Академияның 2016-2020 даму стратегиясы мен стратегиялық даму жоспары білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың мән-мәтінін көрсетеді. «Стратегиялық жоспардың нысаналы индикаторлары мен көрсеткіштері стратегиялық мақсатқа қол жеткізуге негізделеді:

- хореографиялық өнер мен мәдениет саласындағы білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын арттыруға;

- Академияның республиканың және әлемдік қоғамдастықтың жетекші мәдени бөлімшелерімен интеграциялық өзара іс-қимылын дамытуға;

- Қазақстан мен Орталық Азияның барлық мәдени құрылымдарын кадрлық, ғылыми және шығармашылық жағынан қамтамасыз етуге арналған қазіргі заманғы оқу-шығармашылық орталық ретінде академияны тұрақты дамытуға бағытталған» [78, 5 б.].

Стратегия әлемдік білім беру стандарттарының талаптарына жауап беретін және Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Бес институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» [78, 5 б.]. жолдауында көрсетілген міндеттерді іске асыруға бағытталады. Қазақ ұлттық хореография

академиясының 2016-2017 оқу жылында атқарылған жұмыстары бойынша есебінде: «Нормативтік-құқықтық құжаттар негізінде әзірленген академия стратегиясында тұтастай алғанда хореографиялық өнер саласындағы ҚР-дағы жоғары білім беру миссиясын, мақсаттары мен жүйесін іске асыруға ықпал ететін стратегиялық даму векторлары белгіленген:

- өнер және мәдениет ұйымдарында біліктіліктің барлық деңгейлері бойынша кәсіби кадрлар қажеттілігін қанағаттандыру;

- өнер саласында шағын және орта бизнес үшін кәсіби мамандарды даярлау;

- тікелей және жанама инвестицияларды тарту үшін әлемдік аренаға мәдениет пен өнер өнімдерін экспорттауды қамтамасыз ету;

- елдің заманауи қажеттіліктері үшін ғылыми ізденістер тақырыбын өзектендіру және ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру дәрежесін арттыру» - деп көрсетіледі [78, 5 б.].

Барлық міндеттер білім беру сапасын қамтамасыз етуге, материалдық-техникалық базаны, ресурстарды нығайтуға, академияның ғылыми-шығармашылық базасын, халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, ЖОО-ның жастар саясатын нығайтуға бағытталған.

Академияның бюджетін жоспарлау - миссияны және алға қойылған мақсаттарды орындауға арналады. Қаражат академияның материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік, ғылыми-зертханалық, ақпараттық базаларын, инфрақұрылым объектілерін құруға, білім алушылар мен оқытушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, сондай-ақ мекеменің еңбек ресурстарын қамтамасыз етуге жұмсалады. Академия қызметінің негізгі бағыттары төмендегідей принциптер арқылы іске асырылады:

- үздіксіздік және сабақтастық-көп жылдық кәсіби дайындық жағдайында бәсекеге қабілетті тұлғаны кезең-кезеңмен қалыптастыру: білім беру, шығармашылық, ғылыми-зерттеу, тәрбие процестерін және білім алушылардың кәсіби практикасын, бос уақыттарын ұйымдастыру;

- қол жетімділік, объективтілік, ашықтық, хореографиялық өнер және мәдениет саласындағы мамандарды даярлаудың барлық процестерінің тығыз өзара әрекеті;

- академияның барлық білім беру деңгейлерінде кәсіби білім алу үшін дарынды жастарды іріктеу, оқыту нәтижелерінің ашықтығы, бағалау және таңдаған мамандықтары бойынша тиісті біліктілік беру;

- оқу орнына, Қазақ ұлттық мәдениетінің дәстүрлеріне құрметпен қарау, патриотизм мен тұрақты өмірлік ұстанымды қалыптастыру, көп мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу, басқа халықтардың дәстүрлеріне, мәдениетіне толерантты көзқарас;

- таңдаған мамандығы бойынша алған кәсібінің мәртебесін, беделін және қадір-қасиетін сақтау, мәдениет, өнер саласында тиімді дамуға қол жеткізуге беталысы бар әрбір білім алушы тұлғаны оқыту мен тәрбиелеудің дербес-бағытталған процесіне негізделген кәсіби өсуге ынталандыру;

- жеке және қоғамдық қатынастардағы өзара көмек пен өзара сыйластық, ізгілік, адалдық, еңбексүйгіштік.

Институционалдық тиімділікті арттыру және танымал имиджді қалыптастыру мақсатында академия <http://balletacademy.kz/>. веб-сайттында өз миссиясын белсенді түрде насихаттауда. Академия хореографиялық өнер және мәдениет саласындағы қолжетімді сапалы білім беру міндеттерін игеру мақсатында:

- біліктілік деңгейі бойынша art білім беру саласындағы үздік әлемдік практикаларға жауап беретін кәсіби және ғылыми кадрларды даярлау;
- PR-іс-шаралар өткізіледі және академия қызметінің стратегиялық бағыттары шеңберінде жан-жақты байланыстар орнатады;
- Қазақстанның барлық өңірлері бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізіліп, академия сайтында жарияланады.

Статистикаға сүйене отырып, сайтқа неғұрлым белсенді кіру - академияға түсу емтихандары, есеп беру концерттерінің өту кезеңдерінде және техникалық және кәсіптік білім беру мен бакалавриат студенттерінің оқуды бітіру уақытына сәйкес келетінін көреміз.

Академияның 2016-2020 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаттың төмендегідей негізгі ережелері мен бағыттарын дамытады:

- әкімшілік және басқару персоналы мен ПОҚ біліктілігін арттыру;
- жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу және құру;
- оқытудың тиімді әдістері мен инновациялық технологияларын енгізу;
- материалдық-техникалық базаны жаңарту және жетілдіру;
- бірлескен білім беру және ғылыми-зерттеу жобаларын құру мақсатында шетелдік әріптестерді тарту.

Академиядағы менеджмент - сапа менеджменті жүйесінің принциптеріне негізделген. Білім беру процесін басқару қызметтің стратегиялық жоспарлауына сәйкес орталықтандырылған түрде жүзеге асырылады. Оқу, ғылыми-зерттеу, тәрбие және өндірістік құрылымдық бөлімдердің белсенді өзара әрекеттесуіне негізделген. Құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимыл тәртібі академияның ұйымдық құрылымында көрініс табады, ол академия қызметін оңтайлы және тиімді басқаруды қамтамасыз етуге бағытталған. Академияның ұйымдық құрылымы Директорлар кеңесінің шешімдерін қабылдайды.

Академияны басқару тіке және көлденең компоненттерді қамтып, нәтижесінде матрицалық құрылым пайда болады. Көлденең байланыстар әртүрлі үйлестіруші органдардың, соның ішінде: ғылыми кеңес, көркемдік кеңес, әдістемелік кеңес, конференция, еңбек ұжымының қызметі нәтижесінде орнатылады.

Академияның ұйымдық құрылымының тіке компоненті басшылықтың үш деңгейімен ұсынылған.

Кесте №6. Академияның ұйымдық құрылымын басқару деңгейі.

Бірінші деңгей:	директорлар кеңесі, ректор, көркемдік жетекші, проректор, ғылыми жұмыстар және стратегиялық даму жөніндегі директор, оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі директор,
-----------------	---

	әкімшілік-шаруашылық бөлімі жөніндегі директор.
Екінші деңгей:	қаржы-экономикалық қызмет, мемлекеттік сатып алу және материалдық-техникалық жабдықтау қызметі, оқу процесін бақылау және мониторинг қызметі, факультет декандары.
Үшінші деңгей	бөлім басшылары және кафедра меңгерушілері.

ЖОО-ын басқару мынадай ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Ғылыми Кеңес туралы ереже;
- Көркемдік Кеңес туралы ереже;
- Студенттердің, магистранттардың және оқытушылардың ішкі академиялық ұтқырлығы туралы ереже;
- Ішкі еңбек тәртібінің қағидалары;
- Қызметтер мен бөлімдердің ережелері, лауазымдық нұсқаулықтар.
- Құрылымдық бөлімшелердің қызметі тиісті құрылымдық бөлімше туралы ережелермен лауазымдық нұсқаулықтармен регламенттеледі.

Академияның жоғары басқару органы ретінде ғылыми кеңестің құрамына студенттер, магистранттар және докторанттар кіре алады. Көркемдік кеңестің ережесіне сәйкес кеңес отырыстарына оқытушылар, оқушылардың ата-аналары, оқушылар шақырылуы мүмкін. Академияны басқаруға Жастар ісі жөніндегі комитет қатысады.

ПОҚ іріктеу және орналастыру ҚР Білім және ғылым министрінің 23.04.2015 ж. №230 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының, ғылыми қызметкерлерінің лауазымдарына конкурстық ережелері негізінде еңбек шартын жасасу және конкурс бойынша сайлау жолымен жүзеге асырылады.

Еңбек қызметін ұйымдастыру және ҚР Еңбек кодексінің талаптарын сақтау үшін академияда құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер және академияның барлық қызметкерлеріне арналған лауазымдық нұсқаулықтар әзірленіп, бекітілген.

Академияның көп деңгейлі білім беру жүйесінде мамандар даярлау барысына төмендегідей ұйымдастырушылық және мазмұнды инновациялар енгізілді:

1. Академияға қабылдау еліміздің түпкір-түпкірінен дарынды балаларды оқуға түсу емтихандарына шақырумен және алдын-ала тексеру арқылы жүзеге асырылады. Алдын-ала тексеру комиссиясының жұмысы, кестесі жайлы ақпарат академияның барлық әлеуметтік желілерінде хабарланады.

2. Хореографиялық училищелеріне 10-11 жастағы балаларды қабылдау жүйесі қалыптасса, академияда балаларды 6-7 жастан қабылдау енгізілді. Төрт жыл бойы балалар мамандықты табысты игеруге дайындалып, икемділік, ырғақтылық, артистік қабілеттерін дамытады. Оқу жүйесінің ең басты міндеті - оларға биге деген сүйіспеншілікті, өнерге деген жауапкершілікті дарытуға

бағытталған. Аталған деңгейде оқуға Астана қаласында тұратын балалар қабылданады.

3. Академияның оқу бағдарламасы кредиттік технологияға, Болон процесіне негізделіп жүзеге асырылады және оқу траекториясын дербес таңдайды, оқу процесін ұйымдастыруда академиялық еркіндікке ие.

Академияның білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру жүйесінің тыныс-тіршілігін реттейтін нормативтік және құқықтық актілер негізінде әзірленген.

«Академияның көпдеңгейлі үздіксіз білім беру жүйесі төрт деңгейден тұрады:

Орта білім беру деңгейінде: балет артисі, би ансамблінің артисі.

Жоғары білім беру деңгейінде: арт-менеджмент, өнертану, спорттық бал биінің педагогикасы, хореография өнерінің педагогикасы, хореография өнерінің педагогикасы қос дипломды білім беру.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру: хореография, өнертану» [79].

Білім беру бағдарламасын әзірлеудің ішкі ережелері мемлекеттік үлгідегі нормативтік құжаттарға негізделген. ББ құрылымдық элементтері оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) болып табылады, оған пәндердің тізімі, көлемі мен оқыту реттілігі, оқу сабақтарының түрлері, аралық, қорытынды бақылау және қорытынды аттестаттау нысандары кіреді. Академияда оқу жұмыс жоспарлары типтік оқу жоспарына (ТОЖ) және шығарушы кафедраның элективті пәндер (ЭПК) каталогына сәйкес екі нысан бойынша әзірленді. Бірінші форма кафедра студенттері пәндерді таңдағанға дейін дайындалады. Екінші форманы кафедра студенттер пәндерді таңдағаннан кейін үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) құрастырады.

ББ құрылымын бекіту оқу жұмысының әртүрлі түрлері негізінде жүргізілді: жалпы білім беру (ЖП), базалық (БП) және бейіндеуші пәндер (БП) циклдерін, оқытудың қосымша түрлерін (дене шынықтыру, кәсіби практикалардың түрлері), аралық және қорытынды аттестаттауды қамтитын теориялық оқу. ББ мазмұнын әзірлеу модульдік жүйеге негізделеді: ЖБП модулі әлеуметтік-экономикалық, құзыреттерді, ақпараттық сауаттылықты және тілдік даярлықты қалыптастырады. Кәсіби құзыреттіліктер базалық пәндер және бейіндеуші пәндер модулінде қалыптастырылады. ББ әзірлеу және қалыптастыру кезінде жоспарлауға, әдістемелік қамтамасыз етуге, оқыту технологияларына ғылыми негізделген тәсілдер пайдаланылды, онда нормативтік және оқу құжаттарының академиялық тұтастығы оларды іске асыру тетігін тиімді басқаруға бағытталған. Білім беру бағдарламасын іске асыру кредиттік-модульдік жүйе бойынша жүзеге асырылады және студентке бағдарланған қағидаға негізделген.

Магистратураның білім беру бағдарламалары магистранттарды даярлау сапасын қамтамасыз ететін оқу жоспарын, зерттеу, өндірістік, педагогикалық практика бағдарламаларын, академиялық күнтізбені және тиісті білім беру траекторияларын іске асыруды қамтамасыз ететін басқа да әдістемелік материалдарды қамтиды. ТОЖ және ЭПК негізінде студент эдвайзердің көмегімен магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен ЖОЖ құрастырды,

ол әрбір білім алушының жеке оқу траекториясын анықтайды. Оқу пәндеріне тіркеуді білім алушылар өздерінің жеке траекториясын егжей-тегжейлі талқылағаннан кейін жүзеге асырады. Академияға түскен барлық студенттерді кредиттік оқу жүйесімен, пәндерге тіркелумен жалпы танысу үшін бағдарлы (ақпараттық) апта жүргізледі. Әр түрлі нұсқаулықтарды қоса алғанда, академия қызметі туралы ақпарат (анықтамалық нұсқаулық, ішкі тәртіп ережелері, әртүрлі қызметтердің жұмыс кестесі, берілетін біліктіліктер туралы білім беру бағдарламалары туралы ақпарат) студенттер үшін <http://balletacademy.kz/> сайтында еркін қол жетімді және бітіруші кафедраларда, академияның құрылымдық бөлімшелерінде сақталады. Академия ПОҚ оқу процесінде түрлі белсенді әдістерді қолданады: проблемалық баяндау әдісі, ақпараттық-коммуникациялық технология, сыни ойлауды дамыту технологиясы, жобалық технология, шығармашылық шеберханалар, презентациялар, пікірталастар, кейс-стади, топтық жұмыс, сыни ойлау әдісі, викториналар, іскерлік және рөлдік ойындар, блитс-сауалнама әдісі, миға шабуыл әдісі және т.б.

Балет залдарында бейнематериалды көруге арналған экрандар орнатылған, бұл студенттерге қажетті материалды ұсынуға көмектеседі. Мысалы, тақырып бойынша презентация түрінде экранға шығарылатын кейс-стади әдісін жүргізуге, Яндекс ресурсының, Kahoot.it. қосымшасының көмегімен интернет-тесттерді орындап, өткен материалды қорытындылауға, студенттерді бағалауға болады. Сондай-ақ, кәсіби театрларда балет спектакльдерімен айналысатын немесе театрдың балет труппасының құрамында гастрольге баратын оқытушылар Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне тапсырмалар жібере алады, ал білім алушылар өткен тақырып бойынша материалдарды қашықтықтан ала алады және тапсырмаларды орындай алады.

Енгізілген инновациялардың нәтижелері кафедралар мен факультеттердің оқу-әдістемелік секцияларында және академияның оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланады. Сонымен қатар, академияда әдістемелік семинарлар, жаңа оқыту технологияларын пайдалана отырып ашық сабақтар, мастер-кластар өткізіледі. Көп деңгейлі оқыту жүйесін енгізу жаңа білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын әзірлеу, оқу процесін ұйымдастыру бойынша күш – жігерді ғана емес, сонымен қатар білім беру процесіне қатысушылардың яғни оқытушылар мен білім алушылардың байыпты психологиялық бейімделуін талап етеді.

Аталған жүйе жаңа білім беру бағдарламаларын жасау үшін академияның бай педагогикалық, ғылыми және шығармашылық әлеуетін көбірек пайдалануға мүмкіндік береді. Қазақстандық жоғары оқу орындарында жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, хореографиялық кадрларды даярлау үшін оқу процесін ұйымдастырудың жаңа тәсілдері талап етіледі. Қазіргі таңда академия әлемдік хореографиялық білім беру мен ұлттық педагогиканың үздік дәстүрлерін дамыта отырып, әр деңгей бойынша білікті мамандарды тәрбиелеуде. Академияның «Өнер» және «Хореография» факультеттері мамандардың кәсіби құзыреттілігін, іскерлігін, дағдысын

қалыптастырудың өзіндік моделін даярлауда. Кәсіби пәндерді оқытудың дәрістік-практикалық әдісі оқу процесін ұйымдастырудың жетекші нысандарының бірі болып табылады. Дәріс курстары оқытудың теориялық бөлігін қамтиды (би қимылдарын орындау әдістемесі); практикалық курс би қозғалысының дағдылары мен сауатты орындалуын қамтамасыз етеді. Тренаж класс күнделікті жүргізіледі. Білім беру процесі студенттердің төменгі курстарда міндетті іргелі пәндерді (жалпы білім беретін, базалық) меңгеруін, кейіннен жоғары курстарда бейіндік пәндерді оқуға көшуін көздейді. Мамандықтар бойынша ББ-ның барлық оқу пәндері өзара тығыз байланысты. Пәнаралық байланыс пререквизиттер мен постреквизиттерді игеруді, сондай-ақ мамандықтың практикалық бағытын ескере отырып жасалған оқу пәндерінің жұмыс бағдарламаларында анық байқалады.

Кафедра меңгерушілері жүйелі түрде білім алушылардың академиялық жетістіктеріне талдау жүргізіп, емтихан сессиясының нәтижелері кафедра отырыстарында талқыланады. Кафедралар бойынша есептер, туындаған мәселелер факультеттердің ғылыми кеңесінде қаралып, сәйкессіздіктер талданып, олардың оқу процесінде пайда болу себептері анықталады. Әрбір оқу жылының соңында кафедра меңгерушілері атқарылған жұмысы бойынша есеп берді. Онда кафедраның құрылымы мен оқу-өндірістік базасы, ғылыми-педагогикалық кадрларды талдау, білім алушылар контингенті, оқу жұмысы, оқу-әдістемелік жұмысы, оқу-өндірістік база, ақпараттық ресурстар мен кітапхана қоры, ғылыми-зерттеу жұмысы және т.б. ұйымдастыру туралы ақпарат қамтылады. Бірінші курстан бастап білім алушылар ұйымдастырушылар, модераторлар, үйлестірушілер ретінде халықаралық және республикалық театр және балет фестивальдерін, көрмелерді, ғылыми форумдарды ұйымдастыруға және өткізуге қатыса отырып, кәсіби дағдыларын дамытады. Білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін пікірталас жүргізу дағдылары өте қажет. Осыған байланысты ББ білім алушыларының телевизиялық бағдарламаларға (ток-шоу), дебаттарға, спектакльдерді, фильмдерді, көрмелерді талқылауға қатысуы маңызды болып көрінеді. Халықаралық фестивальдер мен көрмелер аясында шетелдік мамандардың қатысуымен тақырыптық семинарлар, шеберханалар өткізіледі. Мұның барлығы ББ білім алушыларының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін орта құруға ерекше дәрежеде ықпал етеді. ББ басшылығы білім алушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тарта отырып, ғылыми мектептердің дамуы үшін жағдай жасайды. ПОҚ жетекшілігімен білім алушылар ҚР БҒМ желісі бойынша ғылыми жұмыстар конкурстарына, пәндік олимпиадаларға, ғылыми студенттік конференцияларға белсенді қатысады, курстық және дипломдық жобаларды әзірлейді. Кафедраның ПОҚ ғылыми іс-шараларды (конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, мастер-кластар) ұйымдастырады және олардың белсенді қатысушылары болып табылады. Сондай-ақ жас ғалымдар мен білім алушылардың ғылыми әлеуетін дамыту үшін магистранттар мен докторанттардың шетелде ғылыми тағылымдамадан өтуіне ықпал етеді.

Аз уақыттың ішінде академияда өзіндік оқыту дәстүрлері де қалыптасып үлгерді. Заманауи балет театрының талаптарына және шығармашылық ұжымдардың репертуарлық рөлінің әмбебаптығына сәйкес келеді. Сонымен бірге жас балет артистеріне қойылатын талаптардың деңгейі айтарлықтай өсіп, бұл талаптар олардың ішкі әлеуетіне, репертуарлық-орындаушылық, түрлі жанрлық, стильдік әмбебаптығымен тікелей байланысты болып отыр. Сәйкесінше осы критерийлер олардың кәсіби сипаттамасының негізін құраушы және айқындаушы фактор болып табылады. Академиядағы кәсіби пәндер бойынша оқыту және дайындық процесінде белгілі балет мектептерінің дәстүрлеріне көңіл бөлінеді. Сондай-ақ хореографиялық пәндердің оқыту саясаты анықталды, осыған байланысты А.Я. Ваганова атындағы Орыс балеті Академиясының (петербург мектебі ретінде) және Мәскеу мемлекеттік хореография академиясының (мәскеулік мектеп ретінде) оқыту әдістемелік негіздері біріктіріліп, өзара әрекеттесті. Біздің ойымызша, мұндай жетекші мектептердің және отандық балет мектептерінің жинақталған тәжірибесіне сүйене отырып, оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру арқылы жүргізілген іс-шаралардан ұлттық балет мектебінің қалыптасу тарихын көруге болады. Мұнда рационалды жол басымдық танытатынын атап өту керек, яғни бұл жол жалпы оқу мекемесінің оқу-әдістемелік концепциясын айқындайтын болады. Осы өзара тығыз байланыстың болуынан біз жүйелі хореографиялық білім берудегі инновациялық әдіс-тәсілдер жиынтығын көре аламыз және оның нәтижелері өте жуық арада Қазақстан балет театрларында міндетті түрде көрініс табатын болады деп ойлаймыз.

Келешегі зор жас оқу мекемесінің барлық жетістіктерін Академия ректоры Асылмұратова Алтынай Абдурахимқызының қызметімен байланыстырамыз, оның Қазақстан хореография өнері мен балет театрының гүлденіп дамуына сіңірген еңбегі орасан зор. Балеттанушы, ғалым Ф.Б.Мусина академияның ұжымы туралы: «Қазақ ұлттық хореография академиясында тамаша педагогикалық ұжым бар. Көптеген мұғалімдер-театрлардың жетекші солистері, олардың бойында сахналық тәжірибесі мен шығармашылық бағажы бар. Олар Мәскеу, Санкт-Петербург, Алматы қалаларының балет мектептерінде тәлім алған. Мұғалімдердің пікірінше әрқайсысы өз мектебімен, орындау стилі мен нюанстары бойынша сабақ жүргізетін. Уақыт өте келе, Алтынай Асылмұратованың басшылығымен бірте-бірте бірыңғай әдістемелік тәсіл әзірленді. Ректор өте сауатты және дәйекті түрде Санкт-Петербург балет мектебінің тәжірибесін меңгеріп, осы жолда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді» - деп сипаттайды [48, 54 б.].

Шығармашылық атмосфера, заманауи кадрларды оқытып, даярлау бойынша әдістемелік траекторияны құрастыруда үздіксіз ізденіс жұмыстары, ашық ынтымақтастық, мамандар мен барлық қызметкерлерге мейірімділік таныту – осының барлығы көрнекті балерина, тәлімгер, педагог, басшы болмысы мен көп қырлы тұлғасын көрсетеді. А.А. Асылмұратованың шығармашылық миссиясы оқу мекемесімен қоса қазақстандық балет театрының тұтастай жетіліп, дамуында маңызды роль атқарып отыр. Сондай-



ақ, ұлттық балет театры мен хореографиялық педагогиканың келешегін айқындауға ат салысуда. Осыған орай, профессор-оқытушылар құрамын да атап өткен жөн, мұнда түрлі балет мектептерінің өкілдері (отандық және шетелдік), тәжірибелі оқытушы-педагогтар, еліміздегі ұлттық балет театрларының артистері, еуропа мектептерінде тәлім алған мамандар қызмет атқаруда. Мұның барлығы әрине, жалпы педагогикалық тәжірибені байытып қана қоймайды, сонымен қатар заманауи балет театрлары сұраныстарын және қоғам қажеттілігін қанағаттандыратын жағдай туғызары сөзсіз. Сонымен қатар, дәстүр мен жаңашылдықтың өзара әрекеттестігін біз білім беру мекемесінің барлық процестерін ұйымдастыруда маңызды рөл атқаратын ұлттық компонент ретінде қарастырамыз. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанда дәстүрлердің, құндылықтардың жаңғыруы мемлекетіміздің ұлттық дамуының басым бағыттарын қалыптастыра алды. Олар қазақстандық қоғам өмірінің барлық салаларында, соның ішінде өнерде, мәдениетте, білім беруде өз көріністерін тапты. Ұлттық театрлардың, мұражайлардың ашылуы, ұлттық балеттің, ұлттық хореографияның дамуы, ұлттық кадрларды даярлау – осының барлығы бірегей тарихы мен тегі бар ұлттық мемлекеттің жалпы даму процесін айқындап береді. Академия соңғы бес жыл көлемінде жұмыстың барлық бағыттары бойынша көркейіп дамыды, кадрларды даярлау бойынша жетістіктерге қол жеткізіп, оқу-әдістемелік жұмыстар да жоғары деңгейге қойылды. Сонымен қатар, профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуда, материалдық ресурстар толықтырылуда, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, концерттік-орындаушылық, шығармашылық жұмыстар да, халықаралық ынтымақтастық та, ақпараттық-кітапханалық қор да алға басып, даму үстінде. Академияның көпдеңгейлі білім беру жүйесі ұлттық хореографиялық жүйе стратегиясын сипаттайды және әлемдік форматтағы кәсіби хореографиялық білім берудің инновациялық тәжірибесі болып табылады. Осыған орай, оқу орнының ары қарай даму шарттарын түйсініп, жоспарлау маңыздылығын түсініп, кепілдік нәтижелерді болжамдай алауымыз керек деп тұжырымдама жасаймыз. Себебі, олар қазақстандық балет мектебінің қалыптасып дамуына тікелей әсер етеді, сондай-ақ, әлемдік балет тәжірибесі дәстүрлерімен, ұлттық компонентті ескере отырып, оқытудың жаңа технологияларын қолдануда тығыз байланыста болып, онымен ортақ тәжірибе жинақтауда да өз ықпалын тигізетінін атап өткеніміз жөн. Осы қоғамдық процеске пандемиямен байланысты орнаған төтенше жағдайлар да өз әсерін тигізгені белгілі, бұл жағдайда адамдар өзінің кәсіби мансаптық және әлеуметтік маңыздылығын ғана түсініп қоймай, ментальді этникалық және рухани құндылықтары жөнінде де ойлануға ықпал жасады.

Шетелдік оқу орындарында хореографияны оқыту тәжірибесін қарастырсақ, «Ecole de Danse de l' Opéra national de Paris», оқу орнының 300 жылдан астам дүниежүзілік бай тарихы бар. Мектеп орта арнаулы білімге негізделген және «Балет артисі» мамандығы бойынша ғана білім береді. Атақты француз балет мектебіне түсу үшін дайындық бөліміне конкурстық іріктеуден өту керек. Қабылдау жасы 9 жастан 10,5 жасқа дейін. Жыл сайын мектеп 10-30

оқушы қабылдайды. Оқуға түскен оқушылардан жаңа сынып құрылмайды - олар кәсіби қасиеттері мен алған дағдыларына сәйкес тиісті бөлімшеге (сыныпқа) жіберіледі. Барлығы 6 бөлімше бар. Келесі бөлімге өту үшін оқу жылының соңында білім алушылар емтихандар тапсырады. Әр бөлімшеде жаңа оқытушының тәжірибесімен танысады. «Ecole de Danse de l' Opéra national de Paris» хореографиялық білім беру жүйесі 1713 жылдан бері өзгерген жоқ. Дегенмен де, оқу бағдарламасы жыл сайын байытылып, түрлі инновациялық технологиялар енгізілуде. Әр семестрде оқу жоспары сахнада міндетті кәсіби тәжірибені қарастырады: Grand Opéra сахнасында ашық демонстрациялық қойылымдар көрсетіледі.

«The Royal Ballet School» мектебінің негізгі миссиясы корольдік балет үшін артистерді дайындау болып табылады. Мұнда балаларды қабылдау 11 жастан басталады. Жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен балалар конкурстық негізде іріктеледі, бірақ бюджет негізінде тек Англия азаматтары ғана білім алады. Академия академиялық дәрежелердің кең ауқымын ұсынады, соның ішінде: кәсіби жоғары білім туралы дипломдар, бакалавр, магистр дәрежелері, сондай-ақ әртүрлі сертификаттар. Оқу курстары бастапқы хореографиялық білімі жоқ студенттерге де, хореограф мамандығын меңгергісі келетін бишілерге де арналған. Мысалы, академия шетелдік және жұмыс істейтін студенттерге ыңғайлы кестемен, сонымен қатар толық немесе ішінара қашықтықтан оқыту қағидаты бойынша оқу мүмкіндігін береді.

«The School of American Ballet» – Америкада 1934 жылы Джордж Баланчин мен Линкольн Кирстен негізін қалаған, ең көрнекті балет мектептерінің бірі. Мектеке балалар 6 жастан қабылданады, алайда кәсіптік және бейіндік оқыту 11 жастан басталады. Мектеп түлектері американдық балет театрының артисі қызметін атқарады. Американдық балеттің студенттік бірлестігі білім алушылардың оқу процесінен тыс әлеуметтік өмірлерін ұйымдастырады.

Салыстырмалы талдау нәтижелері әртүрлі елдердегі хореографиялық білім берудегі бірқатар ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсетеді. Оқу орындарының негізгі міндеттері - оқу процесін ұйымдастыру, заманауи білім беруді реформалау және оны жаңғырту болып табылады. Қазіргі заманғы хореографиялық білім берудің тенденциялары - қоғам мен мемлекеттің жалпы мәдениетінің бір бөлігі болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Әрбір елдің білім беру жүйесінде оның әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерімен, тарихи фактілермен байланысты белгілі бір дәстүрлер қалыптасқан. Әлемнің барлық балет мектептерінің оқу процесіндегі ұқсас принциптері өткеннің көрнекті педагогтары мен орындаушылары қалаған бірегей балет дәстүрлерімен, заманауи мамандардың кәсібилігімен және әрдайым балет өнерінің жоғары талаптарымен айқындалады.

## **2.2 Қазақ ұлттық хореография академиясының қызметіндегі ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарды ұйымдастырудағы жаңашылдығы**

Жоғары кәсіптік білім берудегі ғылымды дамыту хореография теориясы мен практикасының озық идеяларын жетілдіріп, ғылыми міндеттерді өз бетінше шеше алатын мамандарды даярлау сапасын арттыруды көздейді. Сондықтан білім алушылардың ғылымға деген қызығушылықтарын ояту, өз бетінше ойлауға дағдыландыру қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Қазақ хореография өнерінің даму тарихын зерттеген ғалымдардың еңбектерімен және орта және жоғары оқу орнында жүргізілетін кәсіби пәндерге арналған оқу құралдарымен, монографиялармен толықтырылып, отандық хореографиялық білім беру жүйесінің әдіснамасын қалыптастырып отыр. Жоғары оқу орындарының хореография өнері саласында мамандар дайындаудың әдістемелік базасын ғалым А.К. Кульбекова өзінің «Хореографиялық білім беру жүйесіндегі кәсіби педагогика» атты ғылыми еңбегінде қарастырып, Л.П. Сарынованың, Д.Т. Әбіровтің, С.Б. Жукенованың, А.А. Жолтаеваның, Г.Т. Жумасеитованың, С.Ш. Тлеубаевтың, А.К. Кульбекованың, Т.О. Ізімнің, Г.Ю. Саитованың, Б.С. Тлеубаеваның, З.Б. Әжібекованың, А.Б. Шанкибаеваның, Қ.Д. Айтқалиеваның, Г.Р. Дильдебаеваның кандидаттық диссертацияларының және А.К. Кульбекованың, С.Ш. Тлеубаевтың докторлық жұмыстарының маңыздылығына тоқталады» [38, 21б.]. Сонымен қатар еліміздің жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік базасын зерттейді.

Аталған еңбектер хореография режиссурасы саласында өзекті мәселелерді талдаса, Д.К. Азизханованың «Жоғары оқу орындарында болашақ хореографтардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі таңда сұранысқа ие мамандарды дайындауды зерттейді [80, 38 б. ]. Еліміздің жетекші оқу орындарында магистратура, докторантура бойынша білім беру деңгейлері ашылып, ғылыми-педагогикалық бағытта мамандар дайындауға ерекше назар аударылып отыр. Аталған оқу орындарында хореография өнері саласындағы өзекті мәселелерді талдауға арналған ғылыми конференциялар өткізіліп тұрады. Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында жыл сайын студенттерге арналған республикалық ғылыми зерттеу жұмыстар байқауы жүргізіледі. 2021 жылдан бастап республикалық студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстары байқауын Қазақ ұлттық хореография академиясы ұйымдастыруда.

Жоғары оқу орындары арасында өткізілетін Республикалық пәндік олимпиада – еліміздегі хореография өнері саласы бойынша білім алушыларды байланыстыратын, болашақ кәсіби қызметке бағыт беретін іс-шаралардың бірі. Хореография мамандығы бойынша білім беретін жоғары оқу орындарында білім алушылардың ғылымға деген көзқарастарын айқындау мақсатында ғылыми апталықтар, кездесулер, ғылыми конференциялар мен шеберлік сыныптары өткізіліп тұрады. Республикалық

пәндік олимпиада 2016 жылға дейін Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында, Қазақ ұлттық өнер университетінде (2016 ж.) «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде (2017 ж.) «Халық-сахналық биді оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша өткізіліп, академияның атынан осы жылы «Хореография педагогикасы» мамандығының 4-курс студенттері Исмагулова Г. 1-орынды, Уфимцева М. 2-орынды иеленіп, 2018 жылы олимпиаданы өткізу құқығы (ҚР Білім және ғылым министрлігінің ЖОО пәндік олимпиаданы өткізу жайлы ережесіне сәйкес) Қазақ ұлттық хореография академиясына берілді. Осы жылдан бастап академия олимпиаданың өткізілу форматына бірқатар өзгерістер енгізе отырып, ұйымдастыру деңгейімен көзге түсті. Олимпиаданың шарттары мен талаптарына байланысты, «Хореография» мамандығы бойынша білім беретін жоғары оқу орындарынан 5 студенттен құралған, 1 команда қатыстырылды. Олимпиаданың I кезеңі студенттердің кәсіби дайындық деңгейін көрсетуге бағытталып, тапсырмалар классикалық биді оқытудың теориясы мен әдістемесі, халық-сахналық биді оқытудың теориясы мен әдістемесі, қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі пәндері бойынша оқу бағдарламасы шеңберінде құрастырылды. II кезеңінде студенттер өздері алдын-ала дайындап әкелген жоғары оқу орны жөніндегі презентациясы мен ғылыми-шығармашылық жобаларын таныстырды. Олимпиаданың командалық форматқа ауысуы, студенттерді ұжымда жұмыс жасауға, бірлесіп өз университеттерінің намысын қорғауға баулып, кәсіби-ғылыми қызметке бағыттады. 2019 жылы I кезең классикалық биді оқытудың теориясы мен әдістемесі, тарихи-тұрмыстық бал билерін оқытудың теориясы мен әдістемесі пәндерін билет тапсырмалары бойынша берілді. II кезеңде 2018 жылғы талаптар сақталды. 2020 жылы 12-13 наурызда Абай Құнанбайұлының 175-жылдығына арналған олимпиада Бүкіләлемдік пандемияның әсерінен, онлайн форматта өткізіліп, қашықтықтан өткізу алғаш рет қолға алынды. Онлайн форматқа сәйкес өзгертулер енгізіліп, I кезеңде жоғары оқу орнының презентациясы таныстырылып, II кезеңде ғылыми-шығармашылық жобалары қорғалды. II кезеңде студенттер өздерінің ғылыми жобаларын олимпиаданың талаптарына сәйкес Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арнады. Олимпиаданың ережесіне сәйкес барлық қатысушы командалар алдын-ала түсірілген видеоматериалдарын ұйымдастырушы комитетке жіберіп, 13-наурыз күні барлық жіберілген материалдар академияның youtube каналынан тікелей эфирде көрсетілді. 2021 жылы да 25-26 ақпан күндері олимпиада онлайн форматта өткізілді. Аталған кезеңде хореография өнері саласында оқытушылардың да, білім алушылардың да ақпараттық информациялық технологияларды қолдануда құзыреттіліктері дамып, ұйымдастырушылар мен қатар қатысушылар да олимпиаданың жоғары деңгейде өтуіне ат салысты. Қатысушылар алдын ала берілген үй тапсырмасы бойынша «Ашық сабақ» деп аталатын I кезеңде кәсіби пәндердің жүргізілу барысын көрсетіп, «Біздің ЖОО-да қашықтықтан оқыту» тақырыбындағы II кезең бойынша өздерінің презентацияларын таныстырып, жоғары білім деңгейлерін көрсетті. III кезең

«Kahoot» зияткерлік ойыны ретінде ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арналған және хореография өнерінің тарихына байланысты сұрақтарға жауап берді. Командаларды әділ бағалау үшін тәуелсіз комиссия төрағасы және қатысушы әр жоғары оқу орнынан ұсынылған білікті педагог-хореографтардан әділ-қазылар алқасы құрылды. №7 кестеде (Қосымша А) «Хореография» мамандығы бойынша 2018-2021 жылдары өткен Республикалық пәндік олимпиадасының нәтижелері көрсетіледі.

Осы орайда Қазақ ұлттық хореография академиясының хореография өнері саласында ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудағы тәжірибесінің маңызы зор. 2016 жылдан бері академия хореография өнері саласында ғылыми зерттеу жұмыстарын дамыту мақсатында жаңа жобаларды қолға алып, ғылыми кадрларды дайындап келеді. Академияның ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО-ның бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыруға бағытталған және болашақ мамандардың іргелі ғылымы, білімі мен кәсіби ортасының өзара тығыз байланысын қамтамасыз етуге негізделген. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру ғылыми қызметпен тікелей байланысты және кафедралармен, академияның басқа да бөлімдерімен ынтымақтастықта жұмыс атқаруды міндеттейді. Академия ғалымдары жүргізген зерттеулердің қорытындылары монографияларда, магистрлік, докторлық диссертацияларда жинақталады. Академияның ғылыми-зерттеу қызметін қаржыландыру зерттеушілердің өз қаражатының және сыртқы қаржыландыру көздері есебінен жүзеге асырылады. Ғылыми-зерттеу жұмысының сапасын академияның профессорлары, доценттері, оқытушылары қамтамасыз етеді. Профессор-оқытушылар құрамы академия базасында және одан тыс жерлерде өткізілетін іс-шараларға белсенді қатысу арқылы өздерінің ғылыми жұмыстарының нәтижесін жариялай алады. Сонымен қатар, академияда студенттердің, магистранттардың, докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына да көп көңіл бөлінеді.

Академияда жыл сайын сәуір айында білім алушыларға арналған ғылым апталығы ұйымдастырылады. Ғылым апталығына қатысушы білім алушылардың санының жыл сайын артуы, зерттеу аясының кеңеюі, олардың қызығушылықтарының өсіп келе жатқандығын білдіреді. Ғылым апталығы білім алушылардың ғылыми көзқарастарын қалыптастыруға ықпал етіп, өздерінің жыл бойы жасаған зерттеу жұмыстарының нәтижесін таныстыруға мүмкіндік береді. 2016 жылдан бері ғылым апталығының аясында әр жыл сайын білім алушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарының қорытындысы ретінде «Академияшілік студенттер мен магистранттардың ғылым апталығының мақалалар жинағы» жарық көреді. Педагог-хореографтар, кәсіби пәндердің теориясы мен әдістемесіне байланысты мәселелерді сараптап, режиссер-хореографтар театрдағы спектакльдерді талдаса, өнертанушылар хореография өнерінің дамуына үлес қосқан тұлғалардың шығармашылықтарын зерттейді. Бұл болашақ педагогтарды ғылыммен ұштастыра еңбек етуге баулиды деп тұжырымдаймыз.

2017 жылдың ғылым апталығында «Арт-менеджмент» мамандығының бірінші курс студенттері дайындаған «Арт-портрет» шығармашылық жобасының тұсаукесері өтті. «Арт портрет» жобасының мақсаты – академияда жұмыс істейтін хореограф-педагогтардың шығармашылық бейнелерін ашу. Арт-портреттерін таныстырмас бұрын студенттер оқытушылармен жеке кездесулер өткізіп, оқытушылардың сабақтарына қатысып, олардың өмірбаянын зерттеп, жеке және кәсіби имиджін ашуға тырысады. Бұл жобаның мақсаты «Арт-менеджмент» мамандығы студенттерінің шығармашылық әлеуетін анықтау ғана емес, сонымен қатар студенттер мен оқытушылар арасында ынтымақтастық атмосферасын құру.

2019 жылдан бастап, ғылым бөлімі білім алушыларға «Үздік постерлік доклад», «Уақыт керуені» атты түрлі іс-шараларды өткізу арқылы ғылым апталығының жаңа формасын ұсынып отырады. 2019 жылдан бастап, академияның педагог-оқытушылар құрамы мен студенттердің, магистранттардың, докторанттардың арасында ғылыми қарым-қатынас орнату үшін «Science safe» форматындағы бейресми пікірталас ұйымдастырылып келеді. «Science safe» педагогтардың, студенттердің, магистранттар мен докторанттардың ғылыми коллаборация дағдыларын дамыту үшін құрылған және қатысушылардың зерттеу қызметін қалыптастыруға және жетілдіруге қолайлы жағдайлар жасалынған. Ғылымға, жаңа нәтижелерге, білімге қызығушылық танытатын ғалымдардың, жас мамандардың, білім алушылардың арасында бейресми өзара байланыс орнайды. 2021 жылдан бастап ғылым апталығының аясында «Теле-көпір» бағдарламасы қолға алынды. Аталған бағдарлама аясында студенттер шетелдік жоғары оқу орындарының студенттерімен, оқытушыларымен ғылыми байланыс орнатып, тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелілігінің бір түрі – магистрлік, докторлық диссертацияларды қорғау, мақалаларды ғылыми журналдар мен практикалық конференция материалдарының жинақтарында жариялау, монографиялар, оқу және әдістемелік құралдар жазу және басып шығару болып табылады. Осы орайда, академия халықаралық ғылыми практикалық-конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жарияланып келеді.

Қазақстан хореография өнерін дамыту, оның жетістіктерін ғылыми және оқу процесіне енгізу, сондай-ақ хореография саласында жоғары білікті кадрларды даярлау кезіндегі маңызды құралдардың бірі болу мақсатында 2016 жылдан бастап, академияда ARTS ACADEMY ғылыми журналы жарық көреді. Отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеу нәтижелерін таныстыру, хореография өнерінің өзекті мәселелері бойынша пікір алмасу үшін орта қалыптастыру, білім беру жүйесіндегі тәжірибелерді талдау журналдың міндеті болып табылады.

Бүгінде Қазақстанның хореографиялық өнері елден тысқары кеңінен танымал және әлемдік балет ауқымында танылған. Қазақстан Республикасының егемен мемлекет ретінде әлемдік қоғамдастыққа кіруі жоғары оқу орындарында мамандар даярлау сапасын жаңаша бағалауға

итермелейді, оны қоғамның қажеттілігін ішкі қанағаттандыру санаты ретінде ғана емес, мемлекетаралық форматтағы құбылыс ретінде де қарау керек. Осыған байланысты, Қазақ ұлттық хореография академиясы оқытушылардың біліктілігін арттыру, мастер-кластар ұйымдастыру, халықаралық фестивальдерге, конференциялар мен семинарларға қатысу мақсатында халықаралық қызметті жоспарлы түрде жүзеге асырады, төмендегідей елдердің жоғары оқу орындарымен және мәдени орталықтарымен әріптестік қатынастарды қолдайды:

- «Мәскеу мемлекеттік хореография академиясы» жоғары кәсіптік білім беру федералдық мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі (Ресей);
- «Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнер университеті» білім беру мекемелері, Беларусь Республикасының мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесі, «Беларусь мемлекеттік хореографиялық гимназия-колледжі»;
- Санкт-Петербург мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі, орта кәсіптік білім техникумы Борис Эйфман би академиясы (Ресей);
- Пекин би академиясы (Қытай);
- Р. Нуреев атындағы башқұрт хореографиялық колледжі (Ресей);
- Баку хореография академиясы (Әзербайжан);
- Шота Руставели атындағы мемлекеттік театр және кино университеті (Грузия);
- Ч. Базарбаев Бішкек хореографиялық училищесі (Қырғызстан);
- Новосібір мемлекеттік хореографиялық училищесінің федералды мемлекеттік бюджеттік білім беру мекемесі (Ресей);
- Ресей академиялық театр өнері институты (РАТИ), (Ресей);
- Ла Скала театрының академиясы (Италия);
- «Ballet school Opera de Paris» Париж ұлттық операсы жанындағы балет мектебі (Франция);
- Шанхай театр академиясы «Шанхай Театр Академиясы» (Қытай);
- Токио жаңа ұлттық театры жанындағы «New National Theatre Tokyo» балет мектебі (Жапония);
- Ташкент мемлекеттік ұлттық би және хореография жоғары мектебі (Өзбекстан);
- Латвия мәдениет колледжі (Латвия);
- «София» балет академиясы (Жапония);
- «Фуэтэ» балет мектебі (Эстония);
- Таллин университетінің Балтық кино, медиа, Өнер және коммуникация мектебі (Эстония);
- Италия Республикасының Рим халықаралық би академиясы (Италия);
- Қазан мемлекеттік мәдениет институты (Татарстан Республикасы, Ресей);
- Музыка, би және бейнелеу өнері академиясы (Болгария).

Халықаралық ынтымақтастық - шетелдік мәдениет, өнер және білім беру мекемелерімен тікелей келісім-шарттар бойынша да, елшіліктермен тікелей жұмыс кезінде де, әртүрлі халықаралық қорлармен, орталықтармен ынтымақтастық дамып, сонымен қатар профессорлық-оқытушылық құрамы мен талапкерлер қатарына шетелдік азаматтарды тарту қолға алынды.

Субъектілер арасындағы әріптестік - колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектерін қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, оларды сапалы даярлау және жұмысқа орналастыру мәселелерін шешу үшін қажет.

Академиялық ұтқырлық бағдарламалары білім беруді дамытудың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады және жыл сайын осындай бағдарламаларға қатысушылар саны артып келеді. Қазіргі таңда студенттердің 14 елде орналасқан 26 университетке оқуға баруға мүмкіндігі бар.

Бірлестіктің арқасында білім алушылар Қазақстан аумағында ғана емес, әртүрлі ұйымдар мен мекемелерде оқыту мен практикадан өту мүмкіндігіне ие болады. Қазақстандық хореография өнері саласындағы әдістемелік ғылым үнемі дамып, жүйелі түрде жаңартылып, жетекші шеберлерді шақыру арқылы кәсіби оқытудың әдіснамасын жетілдірді:

- 2016-2017 оқу жылы А.Я. Ваганова атындағы Орыс балет академиясының доценті, өнертану кандидаты О.И. Розанова, қазіргі заман хореографиясы бойынша халықаралық конкурстардың призеры К. Зверева, «Жемчужина» көркем гимнастикалық орталығының тренері А.А. Беркова, РФ Еңбек сіңірген қайраткері, Татарстан Республикасының Халық артисі Г.А. Ковтун, п.ғ.к., Б. Эйфман би академиясының директорының даму жөніндегі орынбасары А.В. Фомкин, балет артисі, балетмейстер, халықаралық конкурстардың призеры В.А. Малахов, Эстонияның еңбек сіңірген артисі В.М. Медведев, Марин тетатрының солистері И.В. Щеглов, В.Б. Иванова, «Сіңірген еңбегі үшін» француз ұлттық орденінің кавалері хореограф А. Сирилл, э.ғ.д., Алтай мемлекеттік университетінің профессоры И.И. Дубин;

- 2017-2018 оқу жылы «Жемчужина» көркем гимнастикалық орталығының тренері А.А. Беркова, п.ғ.к., Б. Эйфман би академиясының директорының даму жөніндегі орынбасары А.В. Фомкин, э.ғ.д., Алтай мемлекеттік университетінің профессоры И.И. Дубин, Хьюстон балет труппасының оқытушысы Синер Букуин, Paris Opera Ballet School түлегі, Корольдік швед балетінің оқытушысы Янник Букуин, Бүкілодақтық конкурстың лауреаты, Американдық өнер киноакадемиясының «Оскар» премиясының иегері, Universal ballet Корей тетарының педагог-репетиторы Р. Бобовников, Ресей театр өнер институтының ректоры, фил.ғ. к., Заславский, өнертану кандидаты, Ресей театр өнер институтының профессоры М.Е. Валукин, ресейлік балет артисі, балетмейстер, педагог И. Мухамедов, Ресей Халық артисі, жетекші-прима балерина У. Лопаткина, Ресейдің еңбек сіңірген қайраткері, Б.Эйфман балет театрының жұлдызы Е. Кузьмина;

- 2018-2019 оқу жылы И.А. Римский-Корсаков атындағы консерваторияның профессоры, РФ еңбек сіңірген өнер қайраткері А.М. Полубенцов, өнертану кандидаты, Ресей театр өнер институтының



профессоры М.Е. Валукин, Латвия мәдениет колледжінің директоры С. Плата, өнертану докторы, Өзбекстан мәдениет және өнер институтының профессоры М.Т. Туляходжаева, Үлкен театрдың хореографының ассистенті С. Жеромски, А.Я. Ваганова атындағы Орыс балет академиясының түлегі Д. Пимонов, Мәскеу мемлекеттік хореография академиясының оқытушылары М.К. Буланкина, О.И. Попова, М.О. Сверцева, «Blackbox» би труппасының руководителі М. Пирсон, Ағылшын ұлттық балетінің солисті А. Луковкин, білім беру менеджері Д. Филипс;

- 2019-2020 оқу жылы «Companu E» заманауи би балет труппасының көркемдік директоры К. Сайделл, бродвейлік джаз программасының директоры Ф. Бараоидан, би тарихын зерттеуші В.А. Хлопова, хореограф Е.Ю. Федотова, атақты хореограф Д.А. Пимонов;

- 2020-2021 оқу жылы ERASMUS жобасының аясында Рим ұлттық би академиясының оқытушысы Graham техникасы бойынша Ф.Кава және концертмейстер Ф. Перкосолито, «ЕВРОПА және АЗИЯ» поляк-қазақ танымдық онлайн би проектісінің аясында Лодзь гуманитарлық-экономикалық академиясының магистрі А. Козыра-Вуйчик.

Әр оқу жылында академияда ұйымдастырылған мастер-класстарға сараптама жасай отырып, тақырып аясының кеңдігін және хореография өнері саласында орындаушылық шеберлікті дамыту, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу, кәсіби пәндерді оқытудың теориясы мен әдістемесін жетілдіру, хореография өнері саласындағы арт-менеджмент сияқты салалардың қамтылғандығын көреміз. 2016 жылдан бастап мастер-класстардың ұйымдастырылуы жоғары деңгейде жүргізіліп, академиямыздың теориялық және практикалық базасының қалыптасуына ықпал етсе, 2020 жылдан бастап бүкіләлемдік пандемияның әсерінен онлайн форматқа ауысқандығын көреміз. Академия білім алушылары жыл сайын әртүрлі хореографиялық конкурстарда өздерінің бақтарын сынап, халықаралық деңгейде өнер көрсетіп келеді. «Қазіргі таңда халықаралық байқаулар - XX-XXI ғасырлардағы әлемдік би мәдениетінің құбылысы, олардың саны үнемі өсіп аймақтық қамту деңгейі жылдан-жылға ұлғаюда. Бүгінгі таңда әртүрлі бағыттағы конкурстық жобалардың арқасында қатысушылардың барлық санаттары — балалар мен ересектер, кәсіпқойлар мен әуесқойлар, орындаушылар мен хореографтар өздеріне қажетті конкурсын таба алады» [81, 66 б.]. «Байқаудың әлеуметтік-мәдени қызметі бірінші кезекте маңызды. Ол елдің хореографиялық және мәдени кеңістігін біріктіреді, шет елдермен өзара қарым-қатынастың қажетті деңгейін қолдайды» [82, 45 б.] - деп өз ойларымен бөліседі. Осы орайда академияның хореографиялық байқауларға қатысу деңгейін №8 кестеде (Қосымша Б) қарастырамыз.

Академия қазіргі таңда «Temps lié» хореографиялық оқу орындарының халықаралық фестивалін, халықаралық жас хореографтар байқауын және Шара Жиенқұлова атындағы республикалық қазақ би байқауын ұйымдастырып келеді.

«Temps lié» хореографиялық оқу орындарының халықаралық фестивалінде дарынды жастар классикалық, халық-сахналық, заманауи би бағыттары бойынша өнер көрсетеді.

Халықаралық жас хореографтар байқауы академияның және басқа да жоғары оқу орындарының студенттерінің немесе жас хореографтарының қойылымдарын ұсынуға арналған.

Шара Жиенқұлова атындағы республикалық қазақ би байқауы туралы Т.О. Ізім өзінің еңбектерінде жазды: «Ш.Жиенқұлова атында Республикалық дәстүрлі қазақ би байқауы өтіп тұрады. Онда жаңа талантты орындаушылар мен балетмейстерлер өз шығармашылығымен көзге түсумен қатар жалпы қазақ биінің дамып, жетілуіне үлкен ықпал етуде» [83, 5б.].

Аталған байқауларды академия базалық оқу орны ретінде жоғары деңгейде ұйымдастырып, әр кезеңнің талантты балетмейстерлері мен үздік орындаушыларын анықтауға үлес қосып отыр. Қазіргі таңда академия елімізде қолға алынған жобалардың негізінде түрлі гранттардың игері атанып отыр. 2019 жылдың қыркүйегінде Қазақ ұлттық хореография академиясы «Эразмус+» қоры желісі бойынша Еуропалық Одақ грантының иегері болды. Грант Рим қаласындағы Ұлттық би академиясында (Италия) академияның студенттері мен ПОҚ-ын оқытуды көздейді. Оқу бағдарламасы 3 жылға есептелген. Аталған жобаны жүзеге асыру 2019 жылдың қыркүйек айынан басталды. Аталған программамен кәсіби білім берудің мектеп-колледж бойынша жетекшісі Кокшинова С.Ю., өнертану мамандығының докторанты Шомаева Д.Е. 2019 жылдың 24-27 қазан аралығында өткен «DAR dance and research» (Италия) конференциясына қатысып, Кокшинова С.Ю. Қазақ ұлттық хореография академиясының білім беру процесі туралы, Шомаева Д.Е. Астана балет театрының даму бағыты жайлы баяндама оқыды. Аталған конференцияда хореография өнері саласында жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мәселелері әлемдік деңгейде талданды. Сонымен қатар, 13-20 қаңтар аралығында Агзамова Д.О. Ұлттық би академиясында (Италия) классикалық биді оқытудың теориясы мен әдістемесі мастер-класс жүргізді. Осы оқу орнында Хореография факультетінің студенттері аталған программа бойынша білім алуда. Академияның хореография өнері саласында отандық хореография өнері саласында ғылыми зерттеу жұмыстарын дамыту мақсатында, «Өнертану» және «Арт-менеджмент» білім бағдарламасының студенттері мен профессор-оқытушылар құрамынан құрылған «ONERLab» ғылыми-шығармашылық зертханасы, ұлттық би өнерінің әдістемесін сараптау, талдау саласында жас ғалымдарға, білім алушыларға қолдау көрсету мақсатында «Қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы» құрылды.

«ONERLaB» ғылыми-шығармашылық зертханасының негізгі мақсаты қазақ хореография өнерінің тарихы бойынша мұрағат құруға және оны көрермендерге дәріптеуге арналған. Сонымен қатар, зертхананың жұмысы жас балеттанушылардың елорданың балет труппаларының шығармашылығын зерттеп, ғылыми тұрғыдан саралап отыратындығымен айқындалады. Зертханада балетмейстерлермен, атақты хореография өнерінің орындаушыларымен кездесулер өткізіліп келеді. «Өнертану» және «Арт-

менеджмент» білім беру бағдарламасының білім алушылары зертханада жүргізілетін іс-шаралардың белсенді ұйымдастырушылары. Олар өздерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын іске асыруда түрлі іс-шараларды жүзеге асырады. Зертхананың қызметмен кәсіби хореографтарды және көрермендерді қазіргі таңда Қазақстанның балет өнерімен таныстыратын Instagram парақша жұмыс жасайды.

«ONERLaB» ғылыми-шығармашылық зертханасының аясында алғаш рет хореография өнері саласында «Қазақстанның хореография өнері: персоналиялар, спектакльдер, ұжымдар» атты гранттық жоба жүзеге асырылуда. Жобаның жетекшісі өнертану кандидаты, профессор Жұмасейітова Г.Т.. Сонымен қатар қазақ хореография өнерінің даму бағытын зерделеуге үлес қосқан ғалымдар Т.О. Ізім, А.К. Кульбекова, Г.Ю. Саитова және жас мамандар Мусинова А.А., Шомаева Д.Е., Жунусов С.Қ., Рахымбердиева С.Н., Жандаулет А.Н. жоба құрамында қызмет атқарады» [84]. Жоба барысында отандық хореография өнерінің 1934-2020 жылдар аралығындағы тарихының негізінде, ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, үш тілде «Қазақстан хореографиясы» энциклопедиясын жасау қолға алынды.

Кәсіби хореографиялық білім беруде өндірістік практиканы ұйымдастыруға әрқашан ерекше назар аударылды. Әлемдік балет мектептері мен театрларының өзара іс-қимылы, оқушылардың сахналық тәжірибесін ұйымдастыру және репертуарды таңдау мәселелері бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпайды.

К.С. Копунова: «Оқушылар кәсіби балет артистерімен бір сахнада өнер көрсете отырып, жоғары орындаушылық қабілет көрсетуі қажет. Балеттердегі балалар билері барлық артистерге, танымал бишілерге де берілген өнердегі алғашқы қадам» - деп, К.А. Царегородцева: «студенттерді театр спектакльдеріне тарту: оларды сахна кеңістігінде жылдам бағдарлануға; артистермен қатар және театр педагогтарының басшылығымен жұмыс істеуге; өзінің орындаушылық шеберлігін арттыруға, болашақ мамандыққа деген қызығушылығын дамытуға; шығармашылықты, мотивацияны, физикалық төзімділікті және кәсіби тұрақтылықты арттыруға жол ашады» - деп түйіндейді [85, 6б.].

Авторлармен келісе отырып, осы қойылымдардың жас орындаушылардың кәсібіне жол ашатынына хореографиялық училищелердің тәжірибелері арқылы көз жеткіземіз. Балеттегі көркемдіктің дамуының бастауы сахналық тәртіпке тәрбиелеу, оркестрлік музыканы түсіну, көркемдік қабілеттерін дамыту болып табылады. Бұл сахналық дағдылар біртіндеп кәсіби шеберлікке ауысады, балет артисі мамандығына қажетті білімді қалыптастырады. Студенттердің сахнаға спектакльдерге қатысуы бидің мәнерін, әрбір қимылды шынайы сезінуге, сахналық болмысын түсінуге мүмкіндік береді.

А.К. Кульбекова: «Хореографиялық училищеде кәсіби тәжірибені ұйымдастырудың бірнеше нұсқалары бар. Сынып жұмысы: мұғалім сабақтан тыс уақытта өз сыныбымен хореографиялық нөмірлер дайындау үшін жұмыс істейді. Сонымен қатар, тәжірибие оқушыларды даярлау және алдағы кәсіби

қызмет шеңберінде нақты оқушылармен және топтармен жеке ұйымдастырылуы мүмкін» - деп сипаттайды [38, 36 б.]. Академия құрылғалы бері 6 жыл уақыт - белгілі бір кезеңді қамтымайды. Дегенменде, жүргізілген жұмыстың нәтижесін хореография өнері саласында көпдеңгейлі жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы деп қарастыратын болсақ, отандық хореография өнерінде айқын із қалдыратын кезең екендігіне көз жеткіземіз. Академия хореография өнерінің барлық дәстүрлерін сақтай отырып, заманауи талаптарға жауап беріп, оқыту әдістемесін жетілдірді. Би қойылымдарының тақырыптық мазмұны мен эстетикасына театр өнерінің даму тенденциясы, орындаушыларға шығармашылық тұлға ретінде қарау, техникалық орындаушылық қабілеттерін арттыруға деген талап, ізденіске деген ұмтылыс, балет театрының дәстүріне құрметпен қарау және т.б. факторлар әсер етеді. Академия репертуарының басты мақсаты - жас орындаушыларды кәсіби сахнаға шығуға және ересектер репертуарын меңгеруге дайындау. Кәсіби пәндердің жүргізілуімен қатар, сахна тәжірибесіне басты назар аударылды. 2016 жылдан бері академияның репертуарында «Корсар», «Дон Кихот», «Пахита», «Коппелия», «Жизель», «Эсмеральда», «Баядерка», «Сильфида», «Лебединое озеро» сынды әлемдік классикалық балеттерінен вариациялар, ұлттық би қойылымдары және балалар балет өнерінің шыңы В. Вайноненнің хореографиясы А.А. Асылмуратованың редакциясында «Щелкунчик» және В. Медведевтің хореографиясында «Раушан гүлі мен көбелектің романы» балеттері қойылды.

Қысқы мереке қарсаңында ерекше күшке ие - «Щелкунчик» спектаклі, көптеген көреремдер үшін жаңа жылдық мерекенің ажырамас сәтіне айналды. Жүз жылдан астам уақыт өтсе де, өзінің өзектілігін жоғалтапаған бұл спектакль хореографиялық училищелердің сахна тәжірибесін ұйымдастырудың бірден бір жолы. П.И. Чайковскийдің «Щелкунчик» балеті Эрнст Теодор Амадей Гофманның ертегісінің желісін қамтиды. Жас балетмейстер В.И. Вайнонен 1934 жылы Ленинград опера және балет театрында қойған. Академиялар мен мектептерде тәрбиеленетін артистердің жаңа жылдық көрсетілімі әлемнің көптеген театрлары үшін бұрыннан дәстүрге айналған. Бұл тәжірибе «Astana ballet» театрының сахнасында іске асып, Қазақ ұлттық хореография академиясының оқушылары мен студенттері кәсіби артистермен бірге өнер көрсетеді.

«Чайковский музыкасының терең мағынаға толы керемет, алғашқы тактілері қалай естіледі десеңші, театр сахнасында сикыр туады: үміт, жарық пен жақсылыққа толы мерекелік атмосфера орнайды, шырша шамдары жанып, қуыршақтар өмірге келеді» - деп академия өрендерінің өнерін басылым беттерінде сипаттап жазады [86]. Ал, балет сыншысы Ф.Б. Мусина «Протанец» бағдарламасында «Щелкунчик» балетінде билейтін оқушылардан, педагогтардан, театрдың бас балетмейстері М. Авахриден сұхбат алып, қойылымының мазмұнымен өз көреремдерін таныстырады.

Академияның тәрбиленушілерінің орындауындағы екінші, ауқымды қойылым - Р. Дригоның музыкасына қойылған «Раушан гүлі мен көбелектің романы» балеті. Балетті «Мариус Петипа мұрасы» фондының негізін

қалаушы, қоюшы-балетмейстер Василии Медведев жүзеге асырды. 2021 жылы 15 қарашада «Temps lié» хореографиялық оқу орындарының II Халықаралық фестивалі аясында балеттің әлемдік премьерасы «Astana ballet» театрының сахнасында өтті. Балеттің премьерасы онлайн түрде академияның youtube каналында көрсетілді. В.Медведев: «Балет либреттосының бірнеше варианттары болды, біз оны француз тілінде алып, ең маңызды құндылықтарын қалдыра отырып, қазіргі заманғы шындыққа бейімдедік. Балет мәңгілік сұлулық пен махаббатты бейнелейді» деп түсіндіреді [86]. Балет стильділігімен, қарапайым бірақ нұсқалық тарихи сюжетімен күрделі хореографиясымен ерекшеленеді. А.А. Асылмұратова бұл балетте академияның тәрбиеленушілеріне және педагогтарына үлкен үміт артатындығын және жоғарғы талапты бағындыруға сенетіндігін айтады. В.Медведев: «Көптеген жұмыстар жасалып, алғаш рет 1904 жылы аталған балет қойылды, бірақ белгілі себептермен балеттің премьерасы өткізілмеді. Жұмыс барысында студенттердің орындаушылық деңгейін көрсету қиынға соқты. Мен оларға балет артистері ретінде қарадым. Менің ойымша, олар өз міндеттерін лайықты деңгейде орындады» - деп академия оқушыларының таланты мен орындаушылық қабілетіне баға береді [86]. Академияның оқушылары аталған қойылымды 2022 жылы 27-28 сәуірде Астана опера театрында сахналады. «Раушан гүлі мен көбелектің романы» қойылымындағы академияның педагогтары мен тәрбиеленушілерінің еңбегінің жемісін - «Үздік балалар спектаклі» номинациясы бойынша «Umaï» ұлттық сыйлығымен марапатталуынан көреміз. Академияның концерттік қызмет бөлімінің басшысы Г.Алиева: «УМАІ сыйлығының біз үшін маңызы зор, жеңістен кейін қазақстандықтар «Раушан гүлі мен көбелектің романы» балеті туралы көбірек білетін болады деп үміттенеміз, ал эксперттік комиссияның оң бағасы «Сапа белгісі» таңбасы сияқты оның жоғары деңгейде екенін дәлелдейді» - деп өз ойымен бөліседі [86]. Қазақ ұлттық хореография академиясының көркемдік жетекшісі, РФ Халық артисі А.А. Асылмұратова қазіргі таңдағы балет өнеріндегі тәрбие туралы: «Өнері өрге жүзген өрендеріміз жетерлік. Біз оларды атақ, ақша қууға емес, өнерге адал қызмет етуге баулығанымыз жөн. Үнемі ізденіс үстінде жүруге үйретуіміз керек» - деп өз ойын білдіреді [87].

2016-2021 жылдар аралығындағы Қазақ ұлттық хореография академиясының қызметіндегі ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарды ұйымдастырудағы жаңашылдығын зерттей келе, аталған уақыттың ішінде ғылым-саласында жаңа жетістіктерге жетіп, өзіндік позициясын ұстанғандығын көреміз. Академияның ПОҚ құрамындағы көптеген жылдар бойы орындаушы (балет артисі, халық ансамбльдерінің артисі) ретінде қызмет атқарып, өздерінің өмір жолын педагогика саласында жалғастырған, ғылыми-зерттеу жұмыстарының дамуына, білім беру процесін ұйымдастыруға ат салысқан отандық хореография өнерінің әдіснамасын қалыптастырған қызметкерлеріне қолдау көрсетуінің нәтижесінде өнертану кандидаты, ҚазКСР-нің еңбек сіңірген артисі Т.О. Ізім, ҚР Мәдениет қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы А.К. Кульбекова, өнертану кандидаты Г.Т. Жұмасейітова, өнертану кандидаты, ҚР еңбек сіңірген артисі

Саитова Г.Ю. өнертану профессоры атағын алса, ҚР еңбек сіңірген қайраткері А.Т. Алишева қауымдастырылған профессор атағын иемденді. Сонымен қатар, өнертану және арт-менеджмент кафедрасының профессоры Г.Ю. Саитова хореография өнері саласында алғаш рет Республика бойынша өткен ЖОО үздік оқытушысы мемлекеттік грантының иегері атанды. Аталған жетістіктердің барлығы академияның Қазақстан хореография өнерін әлемдік деңгейде таныстыруға, тиімді ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға ықпал етеді. Дегенменде, әлемдік жаһандану процесінде хореография өнерінің өзіндік спецификасын сақтау, дәстүр сабақтастығын жалғастыра отырып, дамыту, ғылым білім саласындағы жаңалықтарды енгізбес бұрын алдын-ала зерттеуді талап етеді. Академияның ғылыми-шығармашылық қызметін саралау, профессорлық-оқытушылар құрамынан, ғылыми қызметкерлерден хореография өнеріне ғылым ретінде көзқарасты нығайту талап етіледі. Сонымен қатар, студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын озық педагогикалық әдіс-тәсілдерді, би өнерін қалыптастыруға үлес қосқан тұлғалардың тәжірибесін талдауға бағыттау. Дәстүр сабақтастығын сақтай отырып, жылдар бойы жиналған тәжірибені зерттеп, әрі қарай хореография өнері саласындағы ғылымды дамыту өзекті мәселелердің бірі екендігін көреміз.

Кесте №9. Хореография өнері саласында мамандар дайындаудың ерекшеліктері.



Ұсынылған кесте арқылы біз, академияның мамандар дайындаудағы ерекшеліктерін айқындадық:

1. Көпдеңгейлілік - академияның бастапқы білім беру, техникалық кәсіптік білім беру, жоғары білім беру, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейлерінің бір-бірімен байланысы, білім алушылардың кәсіби шеберліктерін қалыптастыруға арналған іс-шаралардың бір арнада көрініс табуы.

2. Дуальді оқыту - білім алушылар шығармашылық ұжымдарда жұмыс жасайтындықтан, «Классикалық бидің тренажы», «Балетмейстер өнері» пәндері дуальді оқыту түрінде жүргізіледі.

3. Теория мен практиканың сабақтастығы - академияның білім алушылары опера балет театрларында, би ансамбльдерінде өздерінің кәсіби шеберліктерін, яғни орындаушылық қабілеттерін арттыруда спектакльдер мен концерттік бағдарламаларға қатысады. Сахналық тәжірибе процесін ұйымдастыруда балет театрларымен, би ансамбльдерімен бірге жұмыс жасайды.

4. Ұлттық би өнерінің дамытуда, ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда, қазақ биін оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру мақсатында қазақ биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы республикалық деңгейде қызмет атқарып келеді.

5. Ғылыми-шығармашылық - академия халықаралық конференцияларды, ғылым апталықтарын, кітапхана қызметін, халықаралық байқауларды ұйымдастыруда өзіндік тәжірибесін іске асырып отыр.

Сонымен қатар, академияның ғылыми-шығармашылық жұмыстарын дамыту мақсатында төмендегідей ұсыныстар айқындалды:

1. Бакалавр деңгейінде студенттік би ансамблін құру. Еліміздегі жоғары оқу орындарының «Хореография» кафедраларының тәжірибесін зерттей келе, студенттік ансамбльдердің мамандардың кәсіби ұтқырлығын қалыптастыруда үлкен роль атқаратындығы айқындалды.

2. Қазақ және ағылшын тілдерін ғылыми айналымға енгізу.



### 2.3 Хореография өнері саласында қашықтықтан білім беруді ұйымдастырудың тәсілдері

Бүгінгі күн талабына сай, пандемия жағдайына дейін де интернет арқылы қашықтықтан оқыту көптеген, дамыған елдерде дәстүрлі білім берудің бір бөлігі болып саналады.

Қашықтықтан білім берудің кезеңдеріне тоқталатын болсақ, Терри Андерсон және Джон Дрон: «Қашықтықтан білім беру технологиясының алғашқы буыны пошта байланысы болды. Екінші буыны бұқаралық ақпарат құралдары анықтаған теледидар, радио және кино өндірісі. Үшінші буын қашықтықтан білім беру интерактивті технологияларды енгізді: алдымен аудио, содан кейін мәтін, бейне, содан кейін веб және иммерсивті конференциялар» - деп сипаттама береді [54, 88 б.].

«Жалпы айтқанда, қашықтықтан оқыту – коммуникациялық технологиялардың базасы негізінде оқыту, бұл жеке жоспар бойынша және бекітілген жеке оқытушының бақылауымен жүзеге асырылады» [50, 31б.]. Бүкіләлемдік пандемияның әсерінен хореография өнері саласында да қашықтықтан оқу процесін ұйымдастырудың жаңа формалары қалыптасты.

«Хореография өнеріне үйретудің өзіндік ерекшелігі – материалдық тұрғыдан арнайы тіреуішпен (станок), еденмен жабдықталған залдың, үлкен айнаның болуын талап етеді. Сонымен қатар қимылдардың қалай орындалатынын түсіндіретін, көрсететін, оқу үрдісін ұйымдастыратын білікті маман мен хореографиялық сабақтарды музыкамен сүйемелдеуде маңызды роль атқаратын концертмейстердің болуы қажет. Би залдарындағы сабақтар топтық болса да, педагог әрбір білім алушыға жеке-жеке көңіл бөлуге тырысады. Өкінішке орай, қашықтықтан білім беру бұл талаптарды қамтамасыз ете алмайды. Дегенмен, қазіргі таңда офлайн оқу жүйесінің қол жетімсіздігін ескере отырып, сапалы білім берудің жолдарын қарастыру, тәжірибелерді салыстыру өзекті мәселелердің бірі [88, 589 б.].

2020 жылдың 16 наурызынан бастап Қазақ ұлттық хореография академиясының барлық деңгейдегі білім алушылары қашықтықтан оқыту түріне ауыстырылды. «Білім алушыларға, оқытушыларға қашықтықтан білім беру үдерісін ұйымдастыруға арналған түрлі тренингтер, семинарлар жүргізілді. Қашықтықтан оқытуды сапалы ұйымдастыру мақсатында техникалық мәселерді шешумен қатар, ата-аналарға, білім алушыларға жан-жақты қолдау көрсететін «call центрлер» (жедел желілер) жұмыс жасады. Академияның You-tube каналына барлық жүргізілген іс-шаралар (онлайн лекциялар, мастер класстар, ғылыми конференциялар) мен онлайн сабақтар жүктелді. Академияда онлайн форматта жүргізілген іс-шараларға, ашық сабақтарға Қазақстанның барлық өңірлерінен қатысушылар саны ұлғайып, әлеуметтік желілерде оқу орнының танылмалдылығы арта түсті. Мысалы, Т.О. Ізім «Қазақстан халық би ансамбльдерінің шығармашылық жолы» атты онлайн дәрістері, А.А. Садыкова мен Д. Д. Уразымбетовтың (Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА) бірлесіп жүргізген онлайн проекттері Қазақстан хореография өнерінің тарихы мен даму жолы жайлы тың деректерді қамтыды.

Сонымен қатар, студенттер мен магистранттарға арналған түрлі конкурстар мен ғылыми конференциялар ұйымдастырылып, жеңімпаздар республикалық деңгейдегі түрлі ғылыми іс-шараларға жолдама алды» [88, 590 б.].

Сонымен қатар, академияның заманауи талаптарға сай келетін кітапхана қоры білім алушыларға қолайлы жағдай жасады.


«Хореография өнері саласында қашықтықтан оқыту үдерісін п.ғ.д., өнертану кандидаты В.Ю. Никитин өзінің зерттеулерінде қарастырады. Автор қашықтықтан оқыту бағдарламасын тек қана хореографиялық орта білімі бар, орындаушылық тәжірибесі бар талапкерлерді ғана қабылдауға болады деп санайды» [51, 107 б.].

Өз қызметінде қашықтықтан оқыту жүйесі, кез келген жүйе сияқты, тиімділікке ұмтылу керек. Ол үшін тұрақты жұмыс жүргізу қажет қашықтықтан оқыту жүйесін талдау. Нәтижелерді талдау бағалауға мүмкіндік береді қашықтықтан оқыту жүйесі жұмысының тиімділігі және ондағы барларын анықтау тиімділік резервтері. Қашықтықтан оқытудың тиімді жүйесі мыналарды қамтиды өз объектілерімен-білім алушылармен тұрақты өзара іс-қимыл жасау.

Хореография өнері саласында қашықтықтан оқыту бүкіләлемдік пандемия жағдайында кеңінен таралып қолданысқа енгізілгені мәлім. Осы орайда оқытушылардың және білім алушылардың қашықтықтан оқыту жүйесіне деген көзқарастарын, туындаған мәселелерді сараптау барысында google формасында сауалнама жүргізілді. Сонымен қатар, хореография өнері саласында қашықтықтан оқытуды зерттеген шет елдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалынды.

**Қатысушылар:** Сауалнамаға хореография мамандығының өзіндік спецификасына байланысты, қашықтықтан оқыту форматын саралау үшін «балет педагогикасы», «хореография педагогикасы», «хореография режиссурасы», «спорттық бал биінің педагогикасы» мамандандырулары бойынша оқытушылар мен бакалавр, магистратура, докторантура деңгейлері бойынша білім алушылар қатысты. Барлығы 20 оқытушы, 75 білім алушыдан сауалнама алынды. Оқытушылардың құрамының ерекшелігіне тоқталатын болсақ, 26,3% ерлер, 73,7 % әйелдер құрайды. Олардың 20% өнертану кандидаттары, 15% PhD докторлар, 65% магистрлер. Мамандықтарына байланысты пайыздық көрсеткіш №1 диаграммада көрсетіледі. Қашықтықтан оқыту форматын сараптау процесінде оқытушылармен қатар, білім алушылардың көзқарасы да маңызды роль атқарады. Білім алушылардан алынған сауалнама бізге оқу процесіндегі жетістіктер мен кемшіліктерді айқындауға және білім беру жүйесін жетілдіруге арналған ұсыныстарды дайындауға мүмкіндік береді. Сауалнамаға жауап берген 75 білім алушының 74,3% әйелдер, 25,7% ерлер құрайды. Білім алушылардың мамандықтарына байланысты пайыздық көрсеткіші №2 диаграммада көрсетіледі.

№1 диаграмма.



№2 диаграмма.

### Сауалнама нәтижесін тексеру және талдау:

Білім алушыларға қойылған сұрақтар: «Қашықтықтан оқыту процесіне қалай бейімделдіңіз?», «Қашықтан оқыту процесінде өзгерістер туралы хабар уақытылы жеткізіледі ме?», «Сізге қашықтықтан оқу ыңғайлы ма?», «Қашықтықтан оқыту форматында оқуға деген ынтаңыздың деңгейі?», «Сіз қашықтықтан оқыту процесіне қанағаттанасыз ба?», «Оқу барысында қандай қашықтықтан оқыту құралдары қолданылады?», «Сіздің ойыңызша, карантин кезеңінде студенттердің оқу жүктемесі?», «Қашықтықтан оқыту аясында оқытушылар құрамының жұмысын қалай бағалайсыз?», «Қашықтан оқыту кезінде сізге не ұнады? (Инфекцияны жұқтыру қауіпінің төмендігі, өзін-өзі оқыту, пән бойынша қосымша материал көлемі, жеке оқу қарқыны, оқытудың заманауи технологияларын қолдану, оқыту сапасын арттыру, дәрістерді қайта көру мүмкіндігі, оқу материалдарын жүктеу мүмкіндігі)», «Қашықтықтан оқыту процесінде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?», «Оқытушы ұсынған материалдың сапасын жақсарту бойынша, қашықтан оқытылатын пән бойынша өз ұсыныстарыңызды жазыңыз...».

Оқытушыларға қойылған сұрақтар: «Қашықтықтан оқыту процесіне қалай бейімделдіңіз?», «Қашықтықтан сабақ жүргізу сізге ыңғайлы ма?», «Сіз қашықтықтан оқыту процесіне қанағаттанасыз ба?», «Жұмыс барысында қандай қашықтан оқыту құралдарын қолданасыз?», «Сіздің ойыңызша, карантин кезеңінде студенттердің оқу жүктемесі...», «Сіздің ойыңызша, карантин кезеңінде оқытушылардың жүктемесі...», «Қашықтықтан оқыту процесінде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?», «Қашықтықтан білім беру процесінің сапасын жақсарту үшін өз ұсыныстарыңызды жазыңыз...»

1. Оқытушыларға және білім алушыларға қойылған «Қашықтықтан оқыту процесіне қалай бейімделдіңіз?» атты бірінші сұрақ бойынша №1 кестеден нәтижесін көре отырып, білім алушылардың тең жартысының қашықтықтан оқыту процесіне жоғары, 4\1 бөлігінің жақсы, 4\1 бөлігінің қанағаттанарлық деңгейде бейімделгенін көреміз. Ал, оқытушыларға келетін болсақ, 2\1 бөлігінің жақсы, 4\1 бөлігінің жоғары, 4\1 бөлігінің қанағаттанарлық деңгейде бейімделгені айқындалды. Көрсеткіштердің айырмашылығы, сауалнама қатысушыларының жас ерекшеліктеріне және оқытушылар жүктемесінің ұлғаюына байланысты деп тұжырымдама жасаймыз. Жалпы нәтиже бойынша білім алушылардың және оқытушылардың АКТ пайдалана алу және жаңа жағдайға бейімделу деңгейінің жоғарылығы анықталды.

Кесте №10. Қашықтықтан оқыту процесіне қалай бейімделдіңіз?

№	Жауаптары	Білім алушылар (%) көрсеткіші	Оқытушылар (%) көрсеткіші
1	Өте жақсы	50,7	25
2	Жақсы	26,7	50
3	Қанағаттанарлық	22,7	25

4	Қанағаттанарлықсыз	-	-
---	--------------------	---	---

2. «Сізге қашықтықтан оқу ыңғайлы ма?» атты сұраққа төмендегідей пайыздық көрсеткіште өте қызықты жауап алынды. Нәтижелерді салыстыратын болсақ, білім алушылардың 66,7% қашықтықтан оқу форматын ыңғайлы, 12% ыңғайлы бірақ қиын, 17,3% өте қиын, 1,3 % өте оңай деп есептесе, 2,7 % сұраққа жауап беруге қиналатындарын жазады. Аталған көрсеткіштің себебін біз «Қашықтан оқыту кезінде сізге не ұнады?» деген сұрақ қою арқылы анықтадық:

- инфекцияны жұқтыру қауіпінің төмендігі;
- өзін-өзі оқыту;
- пән бойынша қосымша материал көлемі;
- жеке оқу қарқыны;
- оқытудың заманауи технологияларын қолдану;
- оқыту сапасын арттыру;
- дәрістерді қайта көру мүмкіндігі;
- оқу материалдарын жүктеу мүмкіндігі.

Сонымен қатар, студенттердің қашықтықтан оқу форматын ыңғайлы деп есептеулерінің басты себебі, олардың оқу мен жұмысты қатар алып жүру мүмкіндіктеріне ие болғандықтарында деп есептейміз.

Оқытушылардың – 10 % ыңғайлы, 55% ыңғайлы бірақ қиын, 15% ыңғайсыз, өте қиын деп есептесе, 20 % сұраққа жауап бере алмайтындықтарын білдіреді. Авторлар сауалнама нәтижесімен толықтай келісе отырып, «Қашықтықтан оқыту процесінде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?» деген сұрақ қою арқылы хореография саласының мамандары үшін практикалық сабақтарды қашықтықтан оқыту төмендегідей қиындықтар туғызды деп анықтадық.

- «сабақтың арнайы би залдарында жүргізілмеуі;
- студенттердің орындаушылық қабілеттерін толығымен көрсете алмаулары;
- үй жағдайында сабаққа қатысу барысында жарақат алу қауіпінің туындауы;
- интернет жылдамдығының төмендігі;
- оқытушы мен білім алушы арасында шығармашылық байланыстың болмауы» [88, 591 б.].

Дегенмен, аталған қиындықтарға қарамастан, оқытушылар білім алушыларды психологиялық тұрғыдан қолдап, сапалы білім беруге тырысты. Сонымен қатар, академияның әкімшілік-ұйымдастырушылық қызметі студенттерді барлық оқу процесіндегі жаңалықтармен дер кезінде хабардар ете алған және концерттік-шығармашылық қызметте өз деңгейінде жалғасын тапты. Академияда жүргізілген онлайн есептік концерттер, мерекелік концерттер, түрлі ғылыми іс-шаралар, байқаулар Ballet Academy youtube каналына жүктеліп отырды. Сауалнама нәтижесінде «Қашықтан оқыту процесінде өзгерістер туралы хабар уақытылы жеткізіледі ме?» деген сұраққа


студенттердің 70 % ақпаратты дер кезінде алу деңгейін «жоғары» деп бағалаған.

1. Білім алушыларға: «Оқу барысында қандай қашықтықтан оқыту құралдары қолданылады?», оқытушыларға: «Жұмыс барысында қандай қашықтықтан оқыту құралдарын қолданасыз?» деген сұрақтарды қою арқылы хореография өнері саласында қандай ақпараттық коммуникациялық технологиялардың тиімді екендігін анықтауға тырыстық. №3,4 диаграммаларды салыстыра отырып, оқытушылардың Zoom платформасын жиі қолданатындығын, сонымен қатар Online лекциялардың, вебинар сабақтарының қолданыс аясының төмендігін көреміз. Zoom платформасының:

- конференция қатысушыларын экранда ыңғайлы ұйымдастыру;
- виртуальды тақтаның болуы;
- кез келген материалды демонстрация жасау мүмкіндігі;
- АКТ пайдалана отырып, студенттерге арналған түрлі тапсырмаларды шешу;
- студенттердің өз ойларын жазбаша түрде чатта жазып қалдыруы және т.б. тиімділіктері оқытушылардың осы платформада сабақтарды жүргізулеріне тікелей негіз болады.

Оқу барысында қандай қашықтықтан оқыту құралдары қолданылады?


75&nbsp;ответов



№3 диаграмма.

Жұмыс барысында қандай қашықтан оқыту құралдарын қолданасыз?

20 ответов



№4 диаграмма.

**Қашықтықтан оқыту барысында студенттердің және оқытушылардың жүктемесі:**

Студенттердің көзқарасы бойынша олардың 38,7% жүктемелерінің өскенін, 13,3 % азайғандығын және бұл сұраққа жауап беруге қиналатындығын жазса, 34,7% жүктеменің ешқандай өзгермегендігін айтады. Аталған сұраққа оқытушылардың 15% жүктеме өсті деп, 30% жүктеме азайды деп, 15% өзгермеді деп, 40% сұраққа жауап беруге қиналамын деп жауап береді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, студенттердің физикалық жүктемелерінің азайып, техникалық жүктемелерінің өскенін анықтадық. Себебі, студенттердің уақыттарының басым бөлігі видеоматериалдарды түсіруге және оны базаға жүктеуге кететіндігін жазады.

Оқытушылардың жүктемесіне тоқталсақ, сауалнама нәтижесінде оқытушылардың 60% жүктеменің өскендігін, 30% жауап беруге қиналатындығын, 0,5 % өзгермегендігін, 0,5 % азайды деп жауап береді. Авторлар өздерінің тәжірибелеріне сүйене отырып, оқытушылардың жүктемелерінің өскендігін негіздейді. Жүктеменің өсуі мұғалімдердің

ақпараттық коммуникациялық технологияларды меңгеру деңгейімен тікелей байланысты екендігі айқындалады.

Сауалнаманы талдау нәтижесінде кәсіби пәндерді жүргізуде кездескен мәселелер:

- электронды оқу құралдарының болмауы;
- білім алушылардың, оқытушылардың ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану деңгейі;
- оқытушы, концертмейстер арасындағы шығармашылық байланыс.

Осы туындаған мәселелерді шешуде, Роберт М. Ганье (1965) анықтаған оқытуда қолданылатын іс-әрекеттердің құрылымына сүйенеміз [55, 3 б.].

1. білім алушылардың назарын аударыңыз;
2. білім алушыға сабақтың мақсатын түсіндіріңіз;
3. алдыңғы ақпаратты есте сақтаудың жолдарын зерттеңіз;
4. оқушыларға тапсырмаларды орындауға нұсқаулық беріңіз;
5. нәтижеге қол жеткізіңіз;
6. кері байланыс беріңіз;
7. жұмыстың тиімділігін бағалаңыз;
8. оқу материалдарын беру мүмкіндіктерін кеңейту.

Автор осы тұжырымдаманы негізге алып, өзінің зерттеу жұмыстарында хореография өнері саласында кәсіби пәндерді қашықтықтан жүргізуде төмендегідей әдістемелік кеңестер ұсынады:

Дәріс және практикалық сабақтарды жүргізуге арналған әдістемелік ұсыныстар:

1. «Сабақтың жүргізілу форматы жайлы, таңдалған платформамен жұмыс жасаудың ерекшеліктерін, студенттердің негізгі міндеттерін түсіндіру. Мысалы: хореографиялық киім үлгісінің болуы, шашты жинау, мүмкіндігінше қажетті кеңістікті дайындау, смартфон немесе компьютердің болуы т.б.

2. Семинар, дәріс сабақтарын және студенттердің өзіндік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру мақсатында, топтағы барлық білім алушыларға және концертмейстерге ортақ электронды почта немес Whats app желісінде чат ашу. Осы чат арқылы немес электронды почта арқылы студенттерге оқуға, талдауға, көруге тиісті оқу материалдарын жібере аласыз» [88, 595 б.].

Дәріс сабақтарын жүргізуге арналған әдістемелік ұсыныстар:

1. «Дәріс сабақтарының материалдарын білім алушыларға алдын ала беру.

2. Студенттерді деңгейлеріне қарай топтастырып, жіберілген дәріс материалдарына байланысты тапсырмалар беру. Аталған жағдайда біз студенттердің бір-бірімен қарым-қатынастарын қалыптастырып, ұжымда жұмыс жасауға бейімдейміз.

3. Дәріс сабақтарын студенттердің өздері түсіндіруін және қосымша ақпараттарды саралау дағдыларын қалыптастыру.

4. Ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану (kahoot, quizlet, padlet және т.б.).



5. Студенттердің өзіндік жұмыстарын тексеру мақсатында онлайн плагиат жүйесін қолдану» [88, 595 б.].

Практикалық сабақтарды жүргізуге арналған әдістемелік кеңестер:

1. «Практикалық сабақта үйретілетін қимылдарды немесе жаңа тақырыпты видеоматериал ретінде білім алушыларға алдын ала жіберу (15-20 мин. аспайтын).

2. Концертмейстермен бірге музыкалық материалдарды алдын ала талдап, диктофонға жазып, студенттерге жіберу.

3. Алдын ала жіберілген видеоматериалды талдап, орындап, танысып келген білім алушыға кері байланыс беру.

4. Жаңа тақырып бойынша үйретілген қимылдарды немесе тапсырмаларды видеоға түсіріп, оқытушыға жіберуін қадағалау және әрбір студенттің видео материалға қарап жіберген қателіктерін өздеріне талдату.

5. Студенттердің шығарған оқу комбинцияларын, би қойылымдарын, әлеуметтік желілерде бөлісуін ұсыну» [88, 595 б.].

Халықаралық жоғары хореографиялық білім беру тұрғысынан қарастыратын болсақ, біз жылдар бойы қалыптасқан ынтымақтастықты сақтап қалуға ұмтылуымыз керек. Сонымен қатар жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастықты сақтау, қашықтықтан білім берудегі проблемаларды шешуге және бір-біріміздің тәжірибемізден сабақ алуға мүмкіндік береді [57].

Хореография өнері саласында халықаралық білім беруді, ынтымақтастықты дамыту мақсатында конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып отырады. COVID-19 шектеулеріне сәйкес би сабақтарын жүргізу мәселелерін шешуде көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды.

Атап айтатын болсақ, хореография өнеріндегі қашықтықтан білім берудің әлемдік тәжірибесіне сүйене отырып, Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының ұйымдастыруымен Қазақстан, Италия, Венгрия, Ресей, Литва мемлекеттерінен профессор оқытушылардың қатысуымен «Высшее хореографическое образование в дистанционном формате» конференциясы өткізілді. Аталған конференцияның негізінде төмендегідей талдау жасайды [89, 30 б.]:

Кесте №11. Қашықтықтан оқыту процесіне сараптама.

<i>Тиімді жақтары</i>	<i>Тиімсіз жақтары</i>	<i>Болашақ мүмкіндіктері</i>	<i>Қиындықтар туындау ықтималдылығы</i>
-студенттердің өздік жұмыстарын орындау бойынша жауапкершілік	- дәстүрлі форматта хореографиялық пәндер бойынша сабақтар өткізу мүмкіндігінің	-хореографиялық өнер және білім беру саласындағы мамандар арасындағы байланыстарды	- хореографиялық білім берудің деңгейі мен сапасының

<p>ін арттыру; - студенттерді өз бетінше ақпарат іздеуге ынталандыру; - оқытушыларды студенттерге қашықтықтан форматта ақпарат берудің жаңа әдістері мен тәсілдерін іздеуге және енгізуге ынталандыру.</p>	<p>болмауы; - педагог пен білім алушылар арасында тікелей шығармашылық байланыстың болмауы; - студенттердің тапсырмаларды толық орындау мүмкіндігінің болмауы; -хореография сабақтарына қажетті толыққанды жұмыс кеңістігінің болмауы (балет залы, станок, айналар, еден жабыны); - жұмыс кеңістігінің болмауына байланысты жарақат алу қаупі артады; - ҚБТ құжаттаманы дайындау және жүктеу, студенттердің жауаптарын қабылдау және тексеру бойынша оқытушының жұмыс жүктемесінің артуы.</p>	<p>online форматта ұлғайту: профессорлық-оқытушылық құрам мен білім алушылардың (студенттер, магистранттар, докторанттар) дөңгелек үстелдерге, форумдарға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысуы және өткізуі; - қашықтықтан білім беру технологияларын оқу процесіне қосымша және қосымша ақпарат алу ресурсы ретінде енгізу.</p>	<p>төмендеуі; - білім алушылардың оқуға қызығушылығын жоғалтуы; - оқу процесінен практиктердің кәсіби педагогтерінің кетуі; - тапсырмаларды орындау кезінде әртүрлі жарақаттар алу;</p>
--	---	--	---

Хореография өнерінде оқыту әдістері оқытушы мен білім алушы арасындағы диалогты қамтиды [57]. Дәстүрлі оқу жүйесіндегідей қашықтықтан оқыту жүйесінде де оқытушы мен студент арасындағы байланыстың нығаюы хореографиялық сабақтардың сапалы жүргізілуінде үлкен роль атқарды. Оқытушылардың жаңа әдіс-тәсілдерді ойлап табуы,

ақпараттық коммуникациялық технологияларды меңгеруге деген жоғары талаптары, түрлі челенджердің жүргізілуі, психологиялық тұрғыдан демеу беруі, білім алушыларды пандемия жағдайында да шығармашылыққа сенімділікке, табандылыққа, ынтымақтастық, адалдық және есеп беруге баулуға жол ашты.

Хореография өнері саласы бойынша қашықтықтан білім берудің қай деңгейінде болмасын видео сабақтардың маңыздылығы артты. Цзяцзюнь Хуанг өз зерттеулерінде Қытай халық билерін үйретуде мультимедиялық программалардың қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау жасай отырып, кейбір студенттердің көрсетілген қимылдарды баяу қабылдайтындықтарын және сол мезетте өздерінің қателіктерін түзете алмайтындығын ескере отырып, видео сабақтардың баяулатып қайталап көру мүмкіндігі олардың өз беттерінше жұмыс жасауға мүмкіндік береді деп тұжырымдайды [52].

Шетелдік ғалымдар, студенттер және олардың ата-аналары көре алатын би қойылымдарының жинақтарынан апталық клубтарды ұйымдастырып, «Сізге не қызықты болды?», «Мен бағалаймын» деген сұрақтар арқылы олардың өзіндік ойларын білуге тырысқан. Нәтижесінде білім алушылардың қызығушылықтары артып, олардың арасында әрі қарай зерттеу жұмыстарымен айналысқандары болған [58].

Сонымен қатар, мультимедиялық технологияларды қолдану, эстетикалық тәрбие идеялары арқылы білім алушылардың оқуға және хореография өнерін танымал етуге деген қызығушылығы мен ынтымақ арттырады [59]. Бастапқы қиындықтарға қарамастан, онлайн білім алмасу орталығы біртіндеп танымал алаңға айналды, онда студенттер идеялармен алмасып, қаладағы соңғы би жаңалықтарын бір-біріне айта алады.

Онлайн оқыту жүйесі технологиялық қиындықтардан басқа, бұл шыдамдылық пен табандылықты қажет етеді. Алайда, олар өз жобаларын студенттерге де, оқытушыларға да жаңа перспективалармен оқыту мен оқытуға деген көзқарасты талдау, ойлау және қайта қарау үшін тұрақты виртуалды кітапхана ретінде қарастырды. Жалпы алғанда, нәтижелер технологияның оқушылар мен мұғалімдер арасындағы қашықтықты қысқартып, оқытуды да, оқуды да дамытатындығын көрсетті [60].

Зерттеу көрсеткендей, онлайн - би оқыту форматы перспективалы бағыт болып табылады, бірақ мұндай жүйе оқытудың сапасын бақылауды жетілдіру қажет етеді [61].

Интернеттегі оқытуға көшкен кезде менің алаңдаушылығымға қарамастан, мен кеңістік пен технологияны өзгерту және бейімдеу арқылы онлайн-би сыныбын оқыту мүмкіндігін емес, сонымен қатар мағыналы нәтиже бере алатындығын білдім [53].

«Қашықтықтан білім беру барысында студенттерге берілетін тапсырмалар олардың мүмкіндіктеріне сай қарастырылып (уақыт мерзімі, тапсырмалардың деңгейі), олардың теориялық, ғылыми білімдерін дамытатын, өз тарапынан қызығушылық тудыратын, авторлық идеяларын ұсына алатын мазмұнда болуы қажет» [88, 595 б.].

Ф. Мусина: «Онлайн сабақтардың тиімділігі - студенттердің жүз пайыз сабаққа қатысуы, сабаққа кешігушілердің болмауы және оқуға, білімге деген ынталарының артуы» деп өз ойымен бөліседі [90]. Хореография өнері саласында білім беру үрдісіндегі туындаған мәселелерге қарамастан өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, білім алушыларға сапалы білім беру мақсатында жан-жақты жұмыстар жүргізіліп отыр.

## **2 бөлім бойынша тұжырым.**

1. 5 жыл ішінде академияда заманауи балет театрының талаптарына және шығармашылық ұжымдардың репертуарлық рөлінің әмбебаптығына сәйкес келетін өзіндік оқыту дәстүрлері қалыптасты. Жас балет артистеріне қойылатын талаптардың деңгейі айтарлықтай өсіп, бұл талаптар олардың ішкі әлеуетіне, репертуарлық-орындаушылық, түрлі жанрлық, стильдік әмбебаптығымен тікелей байланысты, осы критерийлер олардың кәсіби сипаттамасының негізін құраушы және айқындаушы фактор болып табылады.

2. Академияның мамандар дайындаудағы ерекшеліктерін айқындалды: көпдеңгейлілік, дуальді оқыту, теория мен практиканың сабақтастығы, қазақ биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының жұмыс бағыты, ғылыми-шығармашылық. Сонымен қатар, ғылыми-шығармашылық жұмыстарын дамыту мақсатында ұсыныстар анықталды.

3. Хореография өнері саласында қашықтықтан білім беруді ұйымдастыруа академияның тәжірибесі талданып, дәріс және практикалық сабақтарды ұйымдастыруға әдістемелік кеңес жасалынды.

### **3 Қазақ ұлттық хореография академиясының ұлттық би өнерін дамытудағы негізгі бағыттары**

#### **3.1 Қазақ ұлттық хореография академиясының «Қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы» жұмыстарының функцияналдық бағыты**

Ұлтымыздың терең тарихы, туған тіліміз бен ата-бабадан қалған салт-дәстүріміз, мәдениетіміз – барша отандастарымыздың асыл қазынасы. Осы рухани құндылықтарымызды, ұлттық болмысымызды біртұтас елдің ортақ мүддесі үшін сақтау әрбір адамның борышы. «Ұлттық дәстүрлерді сақтау бүгінгі таңда әр халықтың маңызды міндеті болып табылады, ол қазіргі қоғамның өзінің шығу тегі мен мәдениетіне қатынасын көрсетеді» [91, 59 б.]. Қазақ ұлттық хореография академиясы (әрі қарай Академия) ұлттық оқу орны ретінде қазақ би өнерін жан-жақты дамытудың бағыттарын қарастырып, төл мәдениетімізді дамыту мақсатында академия ректоры А.А. Асылмұратованың шешімімен Қазақ ұлттық биінің ғылыми әдістемелік зертхана жұмысын ұйымдастыру қолға алынды. 2019 жылдың 27 наурыз күні Ш.Жиенқұлова атындағы атындағы V-Республикалық қазақ биі байқауының аясында зертхананың презентациясы өтті. Академияның проректоры Б.Н. Нүсіпжанова «Қазақ би мәдениетінің бірегей мұрасын сақтап қалу мақсатында Қазақ ұлттық хореография академиясында «Қазақ биінің шығармашылық зертханасы» ашылды. Хореография – ой мен мазмұнды музыкалық-хореографиялық бейне арқылы ашатын сахналық өнердің бір түрі. Оның қайнар көзі халық билерінде» – деп зертхананың мақсатын айқындап берді [92, 4 б.]. Әрбір істің басында идеяның иесі, ұйымдастырушысы болатындығы белгілі. Қазақ би өнерін зерттеген белгілі ғалым, ұлттық өнердің жанашыры ҚазКСР-нің еңбек сіңірген артисі, өнертану кандидаты, өнертану профессоры, «Ы. Алтынсарин» төс белгісінің иегері, еңбек ардагері, академияның режиссура кафедрасының профессоры Тойған Оспанқызы Ізім зертхананың меңгерушісі болып тағайындалды. Сонымен қатар, зертханада қазақ ұлттық хореография саласындағы тәжірибелі мамандар жұмыс жүргізуде:

- Тати Айгүл Әбікенқызы – ҚР еңбек сіңірген артисі, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Астана Балет театрының балетмейстері, Ш.Жиенқұлова атындағы I Республикалық қазақ биі байқауының (1992ж.) «Гран-При» иегері.

- Кульбекова Айгүл Кеңесқызы – педагогика ғылымдарының докторы, өнертану профессоры, академияның педагогика кафедрасының профессоры, Ш.Жиенқұлова атындағы Республикалық қазақ биі байқауының ұйымдастырушысы (2001, 2006, 2015 жж.).

- Садыкова Анвара Ариповна – өнертану кандидаты (Қырғызстан Республикасы), академияның педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Ш.Жиенқұлова атындағы V Республикалық қазақ биі байқауының «Балетмейстер өнері» номинациясының лауреаты (2019 ж.).

- Шамшиев Алмат Шердарович – өнертану магистрі, академияның педагогика кафедрасының аға оқытушысы, «Балетмейстер өнері»

номинациясы бойынша халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты.

Зертханаға кіргеннен ұлттық құндылықтарымыздың көрінісіне куә болып, қазақ би өнерін зерттеудің мағыздылығын, оны сақтап, дамытудың жауапкершілігін сезінесіз. Себебі сол жақ жардағы тақта қазақ би өнерін дамытуға үлес қосқан Шара Жиенқұлова, Дәурен Әбіров, Зауырбек Райбаев, Болат Аюханов, Ольга Всеволодская-Голушкевич, Минтай Тлеубаев сынды тұлғалардың өмірі мен шығармашылығынан сыр шерітеді. Оң жағыңыздағы сөреден сіз қазіргі таңдағы хореография өнерінің тыныс-тіршілігімен яғни белгілі ансамбльдердің концерттік бағдарламаларымен, би байқауларының барысымен таныса аласыз. Сонымен қатар, шетелдік, отандық ғалымдардың хореография өнері саласындағы ғылыми еңбектері, халықаралық ғылыми конференция жинақтары, академияның Arts academy журналының 2016 жылдан бастап жиналған номерлері зертхананың қорын толықтырады. Зертханада ғылыми еңбектермен, жазылған видеоматериалдармен қатар, электронды кітапхана жұмысы қолға алынған. «Оқытушыларға, магистранттар мен студенттерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында зертханада отандық авторлардың еңбектері мен ноталық материалдарынан жиналған электрондық кітапхана құрылды. Зертханада ертеректе және соңғы кездерде жарық көрген әдебиеттер де бар» [93]. Сонымен қатар, бейнетаспаға жазылған Мемлекеттік «Салтанат», «Алтынай» және Астана академиялық филармониясының «Шалқыма», «Қазына», Томирис», «Гәкку» халық би ансамбльдерінің концерттік бағдарламалары мен Шара Жиенқұлова атындағы Республикалық қазақ би байқауының материалдары жинақталған. Аталған материалдық жабдықтардың барлығы қазіргі таңда зерттеушілерге ғылыми еңбектерді жазуға жол ашып, қазақ би өнерінің даму үдерісін бақылауға, қазақ биі пәнін жүргізуде кездесетін сұрақтарға толықтай жауап алуға мүмкіндік береді. Ұлттық би өнерінің зерттеу бағытын қалыптастыруда зертхананың тақырыбы «Қазақ хореография өнерінің дәстүрлері мен заманауилығы» деп бекітілді. Зертхананың жұмыс бағыты, Т.О. Ізімнің, А.К. Кульбекованың, А.А. Татидың, А.А. Садыкованың, А.Ш. Шәмшиевтің қызметімен байланысты. Зертхананың зерттеу бағытын айқындау мақсатында аталған зертхана мүшелерімен сауалнама жүргізіледі. Сонымен қатар, зертхананың жұмыс жоспарын, жылдық есептерін саралай отырып, жұмыс бағытын қарастырамыз:

1. Қазақ биінің даму бағытының «Алтын қорын» ұйымдастыру:

- қазақ би өнері саласында жарық көрген оқу-әдістемелік материалдарды, ғылыми еңбектерді жинақтау;
- еліміздегі белгілі би ансамбльдерінің репертуарларынан бейне таспа қорын ұйымдастыру;
- Қазақстанның ұлттық хореография өнеріне байланысты шыққан әдебиеттерді жинақтау;
- жыл сайын жаңа басылымдармен жаңартылып отыратын электронды кітапхана ұйымдастыру;

2.Қазақ биінің танымалдылығын арттыру мақсатында жасалынатын жұмыстар:

-академия қабырғасында өтетін барлық іс-шараға атсалысу;

-телеведение, радио арналарында сұхбаттар беру;

-жеке бишілердің орындауындағы билерді бейнетаспаға түсіру;

-халық шығармашылығы орталықтарындағы және мәдениет үйлеріндегі би ұжымдарының репертуарындағы қазақ халқының салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын көрсететін би қойылымдарын бейнетаспаға түсіру;

-халық арасында биленіп жүрген билерді және көне би қимылдарын бөлек бейнетаспаға түсіру;

-атқарылған іс-шаралар негізінде монографиялық ғылыми еңбек басып шығару (ғылыми мақалалар, күнделіктер, жаңа билерге сипаттама бере отырып, жүйелеп жазу);

3. Қазақ биін оқыту процесінің сапасын арттыру, ғылыми әдіснаманы қалыптастыруда жасалынатын жұмыстар:

- мектеп және колледжде оқытылатын «Қазақ биі» пәні бойынша оқу бағдарламасын дайындау;

- бакалавриат мамандықтарында оқытылатын «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәні бойынша оқу бағдарламасын дайындау;

- қазақ биінің терминдік түсіндірмелік сөздігі бойынша жұмыс атқару.

Бүкіләлемдік пандемия уақытында зертхананың зерттеу процесі жаңа бағыт алды. Зертхана меңгерушісі Т.О. Ізімнің қазақ жастарын ұлттық өнердің тарихын таныстыру мақсатында қолға алған проекттері барлық көреременнің көңілінен шықты. Т.О. Ізімнің «Қазақстан халық би ансамбльдерінің шығармашылық даму жолы» атты онлайн проекттері Қазақстандағы хореографияның тарихы мен дамуы үрдісін талдады [94, 98 б.]. Жүргізілген онлайн дәрістер Қазақ ұлттық хореография академиясының youtube каналында жүктелген. Т.О. Ізім өзінің сұхбатында «Жалпы бұл зертхана 2019 жылдың наурыз айында ашылған болатын. Қазақ биінен зертхана ашуымыздың өзіндік себептері бар. Біріншіден, осы уақытқа дейін, қазақ биінен сабақ беріп жүрген оқытушылардың терминдік сөздіктері әртүрлі болды. Ал бүгінгі күні оның барлығы бір жинаққа жинақталып, үлкен дүниеге айналып отыр. Қазақ би өнері жан-жақты ізденіс пен зерттеуге енген сала» - деп тұжырымдайды [95, 16. ]. Зерттеушімен толықтай келісе отырып, қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесін саралаған Д. Т. Әбіров, О. В. Всеволодская-Голушкевич, Ғ. Н. Бейсенова, Т. О. Ізім, А. Ә. Тәти, А. К. Кульбекова сынды ғалымдардың еңбектерін талдап, ұлттық өнерді әр түрлі қырынан зерттеген Л. П. Сарынова, Ө. Ж. Жәнібеков, А. А. Жолтаева, А. К. Кульбекова, Т. О. Ізім және А. Б. Шанкибаева, А.Т. Молдахметова, А.Е. Кусанованың жұмыстарын қарастыра отырып, қазіргі таңда ғылыми әдіснаманың қалыптасқанын көруге болады. Дегенмен, оқу процесінде би қимылдарының әр түрлі аталғандығынан, білім алушылардың бір тұжырымға келе алмайтындығын көреміз. Аталған мәселе ұлттық би өнерінің ғылыми тұрғыдан дамуына айтарлықтай кедергі келтіретіндігі анық. Осы орайда

зертхана мүшелері өздерінің алдыға қойған мақсаттарына толықтай жете алды деп сеніммен айта аламыз. 2021 жылы жарық көрген «Анықтама (әдістемелік нұсқаулық)» қазақ би өнерін жүйелеуге жасалынған маңызды қадам болды. «Анықтамалық басылым – бұл оқу материалдарының мазмұнына қатысты тез әрі оңай сілтеме жасай алатын және қажетті тақырыпты (қимылды) тез тауып, жүйелі түрде берілген материалдардың таңдалған сабаққа арналған қысқаша мазмұны бар практикалық басылым» [96, 5 б.] Анықтамалық зерттеуші топтың орындаушылық, педагогикалық, балетмейстерлік, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Авторлық ұжым ұлттың би мәдениетінің жауапкершілігін сезіне отырып, қазіргі уақытқа дейінгі жинақталған материалдарды бір арнаға тоғыстырады. Авторлар анықтаманың мазмұны туралы «Бұл анықтамалық қазақ халқының биін терең зерттеуде қажетті және әдістемелік материал ретінде орындалған. Оқу материалдарын жасау барысында авторлар қазақ биінің барлық дереккөздерін мұқият зерттеп, қайта қарастырды. Ізденушілік жұмыстарында аналогтар, қайталанулар, ескірген материалдар қарастырылып, алынып тасталынды. Сонымен бірге, объективті пікірталас жағдайында және қазақ халық биінің тарихы, теориясы мен практикасы арасындағы байланысы қарастырыла отырып, әзірлеушілер, ұлттық биді сақтауда және хореографиялық лексиканы жетілдіруде үлкен маңызы бар мұрағатта сақталған бейнематериалдарды, ұмыт болған материалдарды саралап, дереккөздерді талдай отырып енгізді» – деп тұжырымдайды. Анықтамалық басылымды саралай келе, қазақ биінің қимыл-қозғалыстарының белгілі бір құрылыммен жүйеленеді.

Сонымен қатар, анықтамалықтың тағы бір қолдануға ыңғайлылығы жазбаның соңында қазақ би қимылдарының ақпараттық көрсеткішінің берілуі. Ақпараттық көрсеткішке сүйеніп, қимылдардың қандай әдебиеттен алынғандығын анықтап, орындау әдістемесімен танысуға болады. Аталған анықтамалықты талқылау үшін 2021 жылдың 11-14 қаңтар аралығында «Қазақ ұлттық хореография академиясы» базасында қазақ биі бойынша республикалық семинар өткізілді. Анықтамалықты және қазақ биін дамытудың басқа да мәселелерін талқылауға жоғары оқу орындарының, техникалық және кәсіптік мекемелердің оқытушылары, хореографтар, қосымша білім беру педагогтары, ҚР хореографиялық ұжымдары мен театрларының танымал балетмейстерлері қатысты. Төрт күнге созылған семинарда анықтамалықты әзірлеушілер табысты еңбек етті. Әрбір қимыл академияның білім алушылары иллюстратор ретінде алынған видеоматериалдарды көрсету арқылы талданып, қимыл атаулары қызу талқыланып, бекітілді. Семинар барысында анықтамалықты әзірлеушілер мен қатысушылардың ұлттық өнерді сақтауға, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты дамытуға деген ыстық ықыластары сезілді. «Ұлттық би мәдени, тарихи, эстетикалық функцияларды орындайды. Бұл мәселенің өзектілігі қазіргі жаһанданған әлемде ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді көпмәдениетті орта басатындығымен анықталады; сондықтан ұлттық мәдениетті оқыта алатын жоғары сапалы мамандарын даярлау қажеттілігі



туындайды» [97, 5262 б.]. Семинардың нәтижесі 2021, 2022 жылдары «Хореография» мамандығы бойынша өткізілетін Республикалық пәндік олимпиадада көрініс таба бастады. Зертхана мүшелерінің анықтамалықты талдау сәттерінің куәсі бола отырып, өздерінің жеке уақыттарын сарп етіп, мамандардың әрбір қимылды терең зерттеп, осы уақытқа дейін жазылған еңбектерді салыстыра отырып жазғандығын білеміз. Авторлар оқу материалдарының циклін жүйелеу мен дамытудың жаңа тәсілін қарастырады, оған мыналар кіреді: оқу құралы (оқу құралдары), қазақ би терминдерінің сөздігі, жоғары оқу орындарына арналған қазақ би бағдарламасы, оқулықтарды оқу жүйесіне енгізу. Зертхана меңгерушісімен сұхбаттаса отырып, қазіргі таңда (2022 жылы) техникалық және кәсіптік білім берудің қазақ би бағдарламасының баспаға шығуға дайын екендігі, жоғары оқу орындарына арналған қазақ би бағдарламасының әзірленіп жатқандығына көз жеткіздік.

Ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу барысында зертхана мүшелері арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама сұрақтары зертхана жұмысының ерекшелігін, зертхананың қазақ биінің дамытуға қосатын ролін айқындауға бағытталды. Кесте №12.

<i>Сұхбат берушілердің аты-жөні, зертханадағы қызметі</i>	<i>Зертхана мүшелерінің пікірлері</i>
<i>Қазақ биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының негізгі мақсаты мен міндеті туралы өз ойыңызбен бөліссеңіз?</i>	
<p><i>Зертхана меңгерушісі Ізім Тойған Оспанқызы</i></p>	<p>2016 жылы Қазақстанда алғаш Қазақ ұлттық хореография академиясының ашылуы үлкен мүмкіндіктер туғызды. Соның бірі осы зертхананың ашылуы болды деуге болады. Жыл бойы жүргізілген дайындықтың арқасында 2019 жылы V – Шара Жиенқұлова атындағы Республикалық қазақ би байқауы аясында «Қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы» деп аталып, ресми түрде ашылды. Алғашқыда бір адамның ғана «...қазақ би қимылдарының атауын жүйелесе» деген ойынан құрылған болатын.</p> <p>Бұл зертхананың мақсаты: Қазақ биін оқытуда терминдерді дұрыс қалыптастыру және бағдарламалық қимылдар тізбегін белгілеп, қазақ биіне байланысты шебер сыныптар, семинарлар өткізіп, ғылыми еңбектердің жарық көруіне ықпал ету болды.</p> <p>Енді, осы мақсатты іске асыруда төмендегідей міндеттер атқарылды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ би қимылдары жүйеленді;</li> <li>- осыған байланысты Республикалық семинар өткізілді;</li> <li>- бұл жұмыстың нәтижесінде қазақ биінен анықтамалық жарық көрді;</li> <li>- анықтамалық барлық оқу орындары мен кәсіби ұжымдарға жіберілді;</li> <li>- Қазақ биін оқыту тәсілдері бойынша Республикалық семинарлар өткізілу жоспарланған;</li> </ul>

	<p>- зертхана қызметкерлерімен би өнерінің белгілі тұлғаларының паспорты жинақталуда (бұл процесс үздіксіз жүргізіліп отырады);</p> <p>- Қазақстан хореография өнеріндегі зерттеу жұмыстары мен ғылыми еңбектерді таныстыру қажеттілігінің туындауына байланысты ұжымдық ғылыми монография дайындалды.</p>
<i>Зертхана мүшесі Кульбекова Айгуль Кенесовна</i>	Қазақ би зертханасының мақсаты мен міндеттері қазақ биін кеңінен дамыту үшін біртұтас оқу материалын, және Қазақстан Республикасының оқу орындарында оқу пәні ретінде мазмұнын анықтау. Сондай-ақ, ұлттық хореографияға арналған оқу-әдістемелік орталығын ұйымдастыру және би мұрасын сақтау болып табылады.
<i>Зертхана мүшесі Садыкова Анвара Ариповна</i>	Қазақ биін оқыту әдістемесін жүйелеу, қыздар және ерлер би сабағына кіретін терминдерді саралау, ұлттық би мұрасын сақтау деп түсінемін. Ұлттық би мұрасын сақтауға архивтерді жүйелеу, отандық хореография өнерінің дамуына үлес қосқан көрнекті қайраткерлеріміздің өмірбаяны мен шығармашылығын, хореографиялық жазбаларды зерттеу кіреді.
<i>Зертхана мүшесі Шәмшиев Алматы Шердарович</i>	Бүгінгі күнге дейінгі еліміздегі қазақ биі қимылдарының атаулары әр түрлі қолданылғандықтан, терминдермен орындалу әдістерін бір жүйеге келтіру. Сонымен қатар қазақ биінің қолданысқа енбей қалған қимылдарын жарыққа шығарып, ұлттық биіміздің дамуына өз үлесін қосу.
<i>Қазақ биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы қазақ биі пәнін оқытуды жүйелеуде қандай роль атқарады?</i>	
<i>Зертхана меңгерушісі Ізім Тойған Оспанқызы</i>	Қазақ биі пәні жарты ғасырдың сыртында оқу орындарында оқытылып келеді. Белгілі қалыптасқан жүйесі бар. Бұл жолда В. Селезнев атындағы Алматы хореография училищесінің оқытушысы Г.Н. Бейсенова ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келеді. Зертхана осы пәннің дұрыс жүргізілуіне және қимылдар терминдері мен сабақ жүргізу әдістемесінің дұрыс жолда болуына ықпал етеді.
<i>Зертхана мүшесі Кульбекова Айгуль Кенесовна</i>	Зертхана қызметі қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесінің дамуына, сонымен қатар қазіргі кезеңдегі қазақ биінің дамуының негізгі бағыттарын анықтауға белгілі бір ықпалын тигізуде. Осылайша, зертхана жұмысы барысында тәжірибелі мамандармен кейбір ескі материалдар алынып тасталды, ұмытылған қимылдар анықталды, олар, әрине, негізгі оқу материалы ретінде оқу бағдарламаларына енгізіліп, тізімделуі керек.
<i>Зертхана мүшесі Садыкова Анвара Ариповна</i>	Біздің ойымызша, осы екі жыл ішінде өте маңызды жұмыс атқарылды, әрине, нәтиже – қазақ биінің анықтамалығы, онда құрастырушылар сабақтың ерлер мен қыздар бөлімдері бойынша, терминология бойынша қимылдармен жеке-жеке жұмыс ұсынуға тырысты. Сондықтанда, зертхананың бұл жұмысы қазақ биі пәнін оқытуды жүйелеуге тікелей ықпал етіп, маңызды роль атқарады.
<i>Зертхана мүшесі Шәмшиев Алматы Шердарович</i>	Сабақтың бөлімдері кеңейтілді. Алғаш рет қазақ биінің анықтамалығы шығып, оқу бағдарламасына еңгізілді.
<i>Қазақ биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының ұлттық өнер саласындағы ғылымды</i>	

<i>дамытудағы бағытының ерекшелігі неде?</i>	
<i>Зертхана меңгерушісі Ізім Тойған Оспанқызы</i>	Қазақстан хореография өнерінің ғылыми айналымға енгінінің өзіне аз-ғана уақыт болды. Ал, қазақ тілінде тек 2005 жылы алғаш рет кандидаттық диссертация қорғалған болатын. Содан бері жалпы хореография өнерінен кандидаттық, докторлық, магистрлік диссертациялар жылма-жыл қорғалуда. Зертхана мүмкіндігінше осындай ғылыми еңбектерге көмек беруді де жолға қойып отыр. Зертханада жұмыс атқарып отырған аға буын ғалымдар мен елге белгілі балетмейстерлердің ақыл-кеңесі мен қорында жинақталған ғылыми еңбектер, бейне таспалар студенттер мен ғылыми ізденісте жүрген жастарға көмек көрсетуімен ерекшеленіп отыр.
<i>Зертхана мүшесі Кульбекова Айгуль Кенесовна</i>	Қазақ биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының ұлттық өнер саласындағы ғылымды дамытудағы ерекшелігі біздің жанды процесс және кез-келген заңдар мен талаптардан тыс үнемі дамып келе жатқан би өнерін зерттеуде. Би қойылымдары ертедегі халықтың, кейінірек хореографтардың шығармашылық ойлауы мен қиялының нәтижесі болды, сондықтан бірегей қозғалыстардың сызбалары немесе билердің сипаттамасы жазылмаған. Көрнекті балетмейстерлер өз туындыларын жазып алу қажеттігі туралы ойланбағандықтан басылым беттеріне түспеген. Зертхана қызметінің ерекшелігі-қазақтардың ұлттық биінің үлгілерін сақтау. Бұл біздің этностың ұлттық байлығы, халық шығармашылығы және рухани мәдениеті тұрғысынан ғылымға қосқан үлесі.
<i>Зертхана мүшесі Садыкова Анвар Ариповна</i>	Біз көптеген қимылдарды сараптап, орындау ерекшелігіне мән бере отырып талдадық. Бұл элементтердің барлығы қазақ биінің арсеналында болғанмен де, қолданысқа енбеді. Қазақ биінің әдіснамасын қалыптастырған Ш.Жиенқұлованың, Д. Әбіровтың, Всеволодская-Всеволодовна Голушкевичтің ғылыми еңбектеріне сүйене отырып және осы балетмейстерлермен бірге қызмет атқарған Т.О. Ізім, А.Ә. Тати, А.К. Кульбекова сынды аға буынның қимылдарды түсіндіріп көрсеткендерінің нәтижесінде көптеген қимылдар қолданысқа енді.
<i>Қазақ биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы балетмейстерлердің қойылымдық жұмыстарына қаншалықты әсер етеді?</i>	
<i>Зертхана меңгерушісі Ізім Тойған Оспанқызы</i>	Зертхана жұмысы басқа бағытта жүруіне байланысты балетмейстер еңбегі тікелей шығармашылық еңбек болғансоң көп араласып отырған жоқ. Кейінгі балетмейстерлер аға буын орындаушылар мен ғалымдардан ақыл-кеңес алумен шектеледі. Зертхананың Қазақ биі анықтамалығын дайындап, ұсынғанының арқасында бұл салада да өзгерістер енеді деп сенеміз.
<i>Зертхана мүшесі Кульбекова Айгуль Кенесовна</i>	Әрине әсер етеді. Мұны заманауи режиссерлер мен хореографтардың жұмысын бақылау арқылы анықтауға болады, олардың шығармаларында ұмытылған, бірақ ерекше қозғалыстар, би нюанстары және өткен шеберлердің басқа да өздеріне тән ерекшеліктері көрініс тапты. Айта кету керек, бұл тікелей көшіру емес, талантты режиссерлердің ойластырылған шешімдері. Олар шебер қолданатын бұл нюанстарды мен көріп, сезінемін. Сондықтан зертхананың қызметі мен жұмысының нәтижесі қазірдің өзінде байқалады. Және бұл дұрыс.
<i>Зертхана</i>	Қазақ биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы


<p><i>мүшесі</i> <i>Садыкова</i> <i>Анвар</i> <i>Ариповна</i></p>	<p>балетмейстерлердің қойылымдық жұмыстарына тікелей ықпал етеді. Мысалы, А.Ш. Шәмшиев пен бірлесіп қойған «Астана балет» театрының репертуарындағы «Серілер салтанаты» биі және осы оқу жылындағы академияның білім алушыларына қойылған би қойылымдарын қоюда қимылдардың философиялық мәнін, орындау ерекшелігін, орындау мәнері мен стилін түсіне отырып шығардық.</p>
<p><i>Зертхана мүшесі</i> <i>Шәмшиев</i> <i>Алмат</i> <i>Шердарович</i></p>	<p>Әсері өте көп. Өйткені қазақ биінің зертханасында маман иелерінің талқылауымен көптеген қимылдардың орындалу мәнерімен таныс болдық. Бұрын-соңды сахна төрінен көрмеген қимылдар жарыққа шығып, қазақ биіне жаңа серпіліс әкелгендей. Дәлірек айтатын болсақ, 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен Ш. Жиенқұлова атындағы V - Республикалық байқауында Қазақ ұлттық хореография академиясының аға оқытушылары А. Садыкова мен А. Шамшиевтің «Серілер салтанаты» деп аталатын би қойылымынан байқауға болады. «Сылқыма», «Сал сері», «Кердендеу» және тағы басқа қимылдар, осы атаулы би қойылымында өз әсерін берді. Сонымен қатар «Әтеш ұрыс», «Кең айқастап жүріс», «Шығыр», «Бұрқасын», «Иректі», «Қалықтау» сынды т.б қимылдар қазақ биі зертханасында рухани жаңғырды деп айтсақ болады. Әр қимылдың орындалу мәнеріне байланысты би қоюшы хореографтар әзілді, ойнақы, лирикалық, ырғақты қойылымға байланысты таңдап алатын мүмкүндікке ие болдық.</p>

Жүргізілген сауалнаманы саралай келе *«Қазақ биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының негізгі мақсаты мен міндеті туралы өз ойыңызбен бөліссеңіз» атты 1-сұрақтың жауабы бойынша* зертхана мүшелерінің бір мүддеге, бір мақсатқа қол жеткізуде аянбай еңбек еткендерін көреміз. Сонымен қатар, зертхана мүшелерінің қазақ би өнерінің дамуына шын жанашырлық танытып, әр өңірде әр түрлі аталатын терминдерді бір жүйеге келтіруде жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде зертхананың мақсаты толығымен орындалды деп сеніммен айта аламыз. Қазіргі таңда зертхана ұлттық хореографияға арналған алғашқы және бірегей оқу-әдістемелік орталық ретінде қазақ биін сақтауға және дамытуға өзіндік үлесін қосып отыр. Жас мамандарға жүйелі білім беру, білім алушыларды алған білімдерін тәжірибеде пайдалана білуге баулу әрбір оқу орнының бірінші мәселесі. Осы орайда зертхана қазақ биі пәнін оқытуды жүйелеуде анықтамалықты республикалық семинарда, жоғары оқу орындарының оқытушыларымен білім алушыларымен талқылап, өңірлерге таратты. Республикалық семинарда анықтамалыққа енген барлық қимылдар алдын ала түсірілген видеоматериалдар арқылы көрсетілді. Зертхана мүшесі А.К. Кульбекованың «Қазақ биі мұрасын зерделеу қаншалықты маңызды болса, қазақ биін таза күйінде жас ұрпаққа жеткізу одан да маңызды екенін естен шығармау керек» [95, 1б. ] - деген тұжырымының дәлелі ретінде жоғары оқу орындарында қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі пәнін жүргізуге енгізуде арнайы тренинг ұйымдастырылды. Мысалы, 2021 жылдың 25-26 қараша күндері Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде «Хореография» білім беру бағдарламасының білім алушылары мен

оқытушыларымен зертхана меңгерушісі Т.О. Ізім және зертхана мүшесі А.Ш. Шәмшиев анықтамалыққа енген би қимылдарына байланысты тренинг жүргізді. Екі күнге созылған тренингте теориялық және практикалық бөлім қатар жүргізіліп, қимылдардың орындау мәнеріне тоқтала отырып, әрбір қимылға оқу комбинациясы құрастырылып көрсетілді. Ал, енді зертхана мүшелерінің пікірлеріне тоқталатын болсақ, алдағы уақытта орта-кәсіптік білім беру деңгейінде, бакалавр деңгейінде қазақ биі пәнін жүргізуде оқу бағдарламаларының әзірленіп жатқандығына көз жеткіземіз. Сонымен қатар, осы күнге дейін жасалынған оқу бағдарламалары да ізденушілердің назарынан тыс қалмады. Қорытындылай келе, зертхананың осы пәннің жан-жақты зерттелуіне және сабақтың әдістемелік тұрғыдан сауатты құрастырылуына ықпал етеді. Зертхана мүшелеріне «Қазақ биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының ұлттық өнер саласындағы ғылымды дамытудағы бағытының ерекшелігі неде?» - деген сұрақты қою арқылы біз зертхананың жас зерттеушілерге, ғылымды дамытуға тигізетін әсерін саралауға тырыстық. Зертханада жинақталған материалдар арқылы жас ғалымдар өздерінің тақырыптарына байланысты зерттеу базасын айқындап, сараптама жүргізе алады. Қазақ би өнеріне байланысты барлық материалдардың жүйеленіп, бір жерге жинақталуы, қазақ би өнерінің әдіснамасының дамуына әсер етіп отыр. Қазақ биін оқытудың әдістемесі мен теориясының, ұлттық өнер саласындағы ғылыми зерттеулердің дамуы қазіргі таңдағы жас балетмейстерлердің қойылымдық жұмыстарына әсер еткені сөзсіз. Осы орайда зертхана мүшелерінің жауаптарын салыстыру арқылы біз, көптеген сыни көзқарастарға қол жеткіздік. Зертханада зерттеліп, анықтамалыққа енген би қимылдары жас балетмейстерлердің қойылымдарында көрініс тауып, режиссура саласының өркендеуіне де септігін тигізіп отыр. Сауалнама арқылы зертхананың ғылыми-әдістемелік жұмыстарын зерделеп, тұжырымдадық.

Зертхана мүшелерінің редакторлық қызметі арқылы «Қазақстанның хореография өнері: дәстүр және қазіргі заман» атты 2022 жылы жарық көрген ұжымдық монографияда би мәдениетінің түрлі мәселелері, балет өнерінің дамуының тарихи кезеңдері, Қазақстанда хореографиялық педагогика мен кәсіптік білім берудің қалыптасуын қарастырады [98, 5б. ].

Ұжымдық монографияда Қазақстандық балет пен ұлттық би өнерінің жетістіктері өнертану тұрғысынан талданып, ұлттық би өнеріне оқытудағы педагогикалық тәсілдер сарапталады. Бүгінгі таңда ұлттық өнер мен жалпы кәсіптік білім берудегі болып жатқан процестерді түсіну және зерделеу маңыздылығын алға тартқан ғалымдар мен жас зерттеушілердің еңбектерінен өзіндік авторлық көзқарастары айқындалады. Қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының қызметі төмендегідей бағыттар арқылы айқындалады.



Кесте №13. Қазақ ұлттық биінің ғылыми әдістемелік зертханасының қызметі

Зертхана жұмысының ерекшеліктерін зерттей отырып, би өнері саласындағы шет елдік зертханалармен салыстырмалы талдау жасалды. Би өнері саласында зертхана ұғымы - шетелдік ғалымдар мен хореографтардың еңбектерінде би қойылымдарын жасауда идеяны, ойды дамыту барысындағы жұмыс процессі ретінде қолданысқа ие. Би өнері саласындағы зертхана ұғымын зерттеу барысында, көптеген шетелдік зертханалармен таныстық.

Мысалы, Тон Пернилле Эстерн өзінің «Meaning-making in the Dance Laboratory» атты докторлық диссертациясында дене мүмкіндігі әр түрлі орындаушылармен би импровизациясын үйрену процессін қарастырады [99, 1б.] Зерттеу жұмысы Норвегияның Тронхейм қаласында жүргізіледі. Зерттеу жұмысында кәсіби және әуесқой бишілермен, мүмкіндігі шектеулі жандармен бірге жүргізген сабақтарының видеоматериалдарын, сұхбаттарын эмпирикалық материал ретінде алады. Ол әртүрлі бишілердің әлеуметтік, эстетикалық пікірлерінен қазіргі заманғы би туралы көзқарас қалыптастырады. «Lab of Dance зертханасы Польша Республикасының Лодзь университетінде, Музыка және би факультетінде құрылған онлайн зертхана. «Lab of Dance – биді зерттеудің заманауи ғылыми стратегияларын, көркемдік зерттеудің жаңа әдістерін, сонымен қатар әртүрлі теориялық және философиялық мәселелерге негізделген танымдық ғылым әдіснамасын қамтитын тәжірибе алмасу алаңын құруға бағытталған. LAB:SYNC – Амхерст штатындағы Массачусетс университетіндегі биді зерттейтін зертхана. Зертхана заманауи құрылғылар арқылы бидің адам денсаулығына тигізетін әсерін зерттейді. Джоди Готфрид Арнхольд 1995 жылы DEL (Dance Education Laboratory) зертханасының негізін қалады. Эксперименттік зертхана, DEL жаңа және тәжірибелі би мұғалімдері үшін өз дағдыларын арттыруға, жүйелі оқу бағдарламасын әзірлеуге және бір-бірінен үйренуге қауіпсіз орын болып табылады. Жиырма бес жылдан астам уақыт бойы DEL зертханасы би мұғалімдерін дайындап, олардың жұмысын қолдап келеді, бүгінгі күні педагог-хореографтарды сабақта табысқа жету үшін дайындайды. DEL зертханасы би бойынша білім берудің әртүрлі курстарын ұсынады: демалыс күндеріндегі семинарлар, интенсивті курстар және дамуға мүдделі педагог-хореографтар мен би қоюшыларға арналған жазғы институт. Dance Education негіздері – DEL жаңа студенттерге ұсынатын бірінші курс. Барлық DEL курстары Нью-Йорк қалалық білім департаментінің K-12 би сыныптарында оқыту мен оқуға арналған жоспарына сәйкес келеді. Бұл әдіс Лабан қозғалысының талдауына LMA-ға (Laban Movement Analysis) негізделген, бұл жүйені Рудольф Лабан әзірлеген. LMA лексикасы жетекші бөлімнен және сабақты жоспарлаудан басқа, нақты қарым-қатынас режимін қамтамасыз етеді. Курстың тақырыптарына би техникасы, импровизация, композиция, сыныпты басқару, мәселелерді шешу, би тарихы және анатомия кіреді. Шетелдік зертханаларды қарастыра отырып, жұмыс бағыттарының заманауи хореографияға және би педагогикасына арналғандығын көреміз. Ғалымдар ұлттық би өнері туралы былай деп тұжырымдайды: «Осы бағыттағы зерттеу ұлттық бидің би лексикасын дамытудың негіздерін көрсетті, мұнда басты элемент адамның сыртқы әлеммен үйлесімді қарым-қатынасы, оның дүниетанымы, интеллект деңгейі, оның қозғалыстарының мағынасын сипаттаған» [100, 98 б.]. Зертхана мүшесі А.Ә. Татидың қазақ биі туралы «бұл халық өнері басқа ешкімге ұқсамайтын қазақ көшпелілерінің тұрмыс-тіршілігінің өзіндік ерекшелігін, ішкі дүниесінің байлығын айқын көрсетеді» деген пікірімен келісе отырып «Қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы» жұмыстарының негізгі ерекшелігі ұлттық өнерімізді

зерттеуде екендігіне көз жеткіземіз [95, 16.]. Өзіндік тарихы бар қазақ би өнері жаңа көзқарастар мен ғылыми зерттеулерді қажет етеді. Ұлттық би өнерінің жетістіктері балетмейстерлеріміздің шығармашылығы негізінде айқындалады. Қазіргі таңда балетмейстерлер, педагог-хореографтар, талантты орындаушылар әлемдік аренада би өнерінің ұлттық көрінісін дәріптеуде. Бұл – би өнерінің үздіксіз дамуда екендігін білдіреді. Ұлттық би өнерінің сан қырлы сипаты, ғалымдардың зерттеу объектісіне айналып отыр. Осы орайда, зертхананың жұмыстарының негізгі бағыттарын зерттей отырып төмендегідей тұжырым жасаймыз:

1. Зертхана мүшелері елімізге белгілі жоғары дәрежелі мамандар ретінде, ғалымдардың еңбектеріне және өздерінің іс-тәжірибелеріне сүйене отырып, барлық би қимылдарын жүйелі түрде топтастырып, жан-жақты талқылап «Қазақ биінің» анықтамалығын жасап шығарды. Сонымен қатар, анықтамалықты оқу жүйесіне қолданысқа енгізуде жоспарлы түрде іс-шаралар атқарып келеді.

2. Орта және жоғары білім беру деңгейлері бойынша ұлттық би өнерін үйретудің жұмыс бағдарламаларын талдау, жүйелеу. Ұлттық өнердің даму үрдісі білім беру жүйесімен тығыз байланысты. Сондықтанда зертхана мүшелерінің жүйелеуді «қазақ биі» пәнін саралаудан бастауы ұтымды бастама деп түсінеміз. Себебі, бүгінгі білім алушы, ертеңгі хореограф немесе орындаушы ретіндегі жас маман.

3. Қазақ би өнері саласында жарық көрген оқу-әдістемелік материалдар, ғылыми еңбектер, электронды кітапхана, Қазақстанның ұлттық хореография өнеріне байланысты шыққан әдебиеттер, еліміздегі белгілі би ансамбльдерінің репертуарларынан және республикалық би байқауларынан, жетекші педагогтардың сабақтарынан бейне таспа қоры жинақталды.

Зертхананың жұмыс ерекшеліктерінің жүйелілік, танымдық, ғылымилылық бағыттарын анықтап, оны дамытуға төмендегідей ұсыныстар анықталды:

1. Зертхананың жұмысы зертхана меңгерушісінің бастамасымен, зертхана мүшелерінің би өнеріне деген жауапкершіліктерінің нәтижесінде жоспарланып, нәтижеге қол жеткізгендері мәлім. Осы орайда, қазіргі заманғы нарықты, білім беру жүйесі мен ғылымның тығыз байланысын ескере отырып, зертханаға белгілі бір деңгейде қаражат бөлінсе, би өнерінің даму мәселелерін талдауға арналған халықаралық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға, зертхана мүшелерінің би өнері саласындағы шетелдік зертхана жұмыстарымен танысу жолға қойылар еді;

2. Зертхана мүшелеріне ғылыммен айналысуға мүмкіндік жасау: - академия ұстаздарының, зертхана мүшелерінің педагогикалық жүктемесін белгілі бір көлемде азайту немесе білгілі бір деңгейде еңбек ақы төлеу; - зерттеу барысында жинақталған видео-фото материалдарды өңдейтін арнайы маманның жұмысын ұйымдастыру; - зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялауға қаржылай көмек көрсету.

3. Зертхана мүшелеріне арнайы мемлекеттік проекттерге қатысу үшін техникалық тұрғыдан (яғни құжаттарын әзірлеу) өтінім беруге көмектесу;



4. Зертхананың веб-порталын ұйымдастыру. Веб-порталда зертхана туралы, зертхананың мүшелері туралы, зертхана жұмысының негізгі бағыттары туралы қазақ және ағылшын тіліндегі ақпараттармен қамтылса (бұл зертхана мүшелерінің басқа да ғалымдармен ынтымақтастықта жұмыс атқаруына мүмкіндік береді). Сонымен қатар, зертхананың ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялау (би өнеріне қатысты барлық мәліметтерді цифрландыруға жол ашады). Аталған ұсыныстар іске асқан жағдайда жас ғалымдарға мемлекеттік тілде ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді және ағылшын тілінде порталда жазылған мәліметтер қазақ биінің танымалдылығын, зерттелу деңгейінің дамуына жол ашады деп сенеміз.

### 3.2 Қазақ ұлттық хореография академиясының «қазақ биі» пәнін жүргізудің вариативті формалары

Қазақ биі – бұл халықтың рухани байлығының би мәдениетінің мәңгілік тірі процесі ретінде өзінің ұлттық дәстүрлерінің терең тамырларына негізделген. Ұрпақтар сабақтастығы арқылы өмірде жүзеге асырылатын халық шығармашылығын дамытудың табиғи органикалық процесі. Бұл жағдай қазақ халық биін кәсіби оқыту саласында рухани мәдениеттің тыңғылықты дамуының қалыптасуын айқын көрсетеді. Би көркем шығармашылықтың ежелгі түрлерінің бірі ретінде қоғамдық даму мәдениетінің барлық салаларымен тығыз байланысты және адамзаттың жалпы дүниетанымына әсер етеді. Халық жадында сақталып қалған би шығармашылығының дәстүрлерін зерделеу ұлттық мәдениеттің жоғары және көркемдік деңгейінің қалыптасуына әсер етеді. Испан, үнді, қытай халықтары сынды ұлттық би мектебі қалыптаспастан, ол ұлттымыздың тұрмыс-тіршілігіне сіңіп, жеке орындаушылар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырғандығын қазақ мәдениетін, фольклорын зерттеген саяхатшылар мен тарихшылардың, этнограф-ғалымдардың, еңбектерінен көреміз. Дегенмен де, қазіргі таңда осы ұлттық өнерімізге жастардың қызығушылығын арттыруда, би мұрасын әрі қарай дамытуда қазақ би өнерін оқыту мәселесі туындайды. Осы орайда біз хореография өнерінің базалық оқу орны ретінде Қазақ ұлттық хореография академиясының ұлттық биді оқытудағы негізгі идеяларын, жетекші педагогтардың сабақтарын талдай отырып, пәнді жүргізудің инновациялық жолдарын қарастырамыз. Қазақ биін оқыту процестерін зерттеуге көптеген ғалымдарымыз өз еңбектерін арнап, қазіргі таңда пәнді оқытуда әдіснамалық негіз болып отыр. Мысалы, Ш.Жиенқұлованың «Тайна танца» атты кітабында қазақ биінің ерекше қалыптары, қимылдары, өзі қойған билерінің жазбалары сақталған [19]. О.Всеволодская-Голушкевичтің «Школа казахского танца» (1994 ж.) еңбегінде «қазақ би тілі» ретінде енгізілген, көптеген элементтерді жазып қалдырған [21]. Д.Әбіровтің «Қазақ биінің тарихы» (1997 ж.) атты кітабының бірінші бөлімінде қазақ биінің тарихын, екінші бөлімінде қазақ биін оқып үйренудің әдістемесін берген [20]. Г. Орымбаева мен А. Калелованың «Казахский танец. Методика его преподавания» (1995) атты көрнекті оқу құралы халықтық-сахналық биді оқыту үлгісінде жазылған оқулық [25]. А. Татидің «Теория и методика преподавания казахского танца» атты әдістемелік құралында жоғары оқу орнының пәнді жүргізудегі бағдарламалық талаптар жүйеленеді [24]. А.К. Кульбекованың, Т.О. Ізімнің «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» (2012 ж.) еңбегі жоғары оқу орнының пәнді жүргізуге арналған алғашқы оқулық [23]. Оқулық тақырыптық бөлімдермен, теориялық және практикалық курстың мазмұнымен, студенттердің өзіндік жұмыстарының тақырыптарымен, ноталық материалдармен және қазақ би мұрасының бейнетаспасымен қамтылған. Оқулықтың қазақ және орыс тілдерінде жазылуы, оның практикалық маңыздылығын арттырып, хореография өнері саласындағы барлық оқу орындарында қолдануға мүмкіндік берді. Аталған

еңбектердің барлығы бүгінгі күні қазақ биінің оқытушылары мен зерттеушілеріне жол көрсетіп, қазақ биінің дамуына зор үлес қосты. Сонымен қатар, А.А. Жолтаеваның «Дәстүрлі қазақ биін этнокөркемдік тұрғыдан жүйелі түрде оқыту» [101] атты зерттеуінде қазақ биіндегі этнокөркемдік байланыс, А.К. Кульбекованың «Мәдениет және өнер жоғары оқу орындарында қазақ халық биінің оқу тәсілдемесі мен әдістемесі» [102] атты кандидаттық жұмысында қазақ халық биінің тарихынан бастап, пәнді оқытудың ерекшелігі, педагогикалық қағидалар, оқытудағы инновациялық технологиялар қарастырылған. Жоғары оқу орындарының, би мектептерінің оқытушыларының қазақ би өнерін оқытудағы қолданылатын әдіс-тәсілдерін сарапқа салған еңбектері ғылыми мақала ретінде жарық көріп келеді. Ш.Жиенқұлованың бастамасымен Алматы хореография училищесінің оқу бағдарламасына «Қазақ биі» дербес пән ретінде 1965 жылы енгізіліп, атақты биші өзінің тәжірибесіне сүйене отырып, шәкірттер тәрбиеледі. Т.О. Ізім өз еңбегінде: «Қазақ биін кәсіби тұрғыдан оқып үйренуге жол салған Ш. Жиенқұлова деп білу керек. Ш. Жиенқұлова өзі бастаған осы жолды әрі жалғастыратын шәкірт дайындауда да үлкен көрегенділік танытты. Міне, осы училищені 1970 жылы бітірген Бейсенова Ғаникамал Нығметжанқызы қырық жылға жуық «Қазақ биі» пәнінен дәріс беріп келеді. Өз әдістемелік оқу бағдарламасы бар. Қазір жер-жерде «Қазақ биі» пәнінен сабақ беріп жүрген оқытушылардың барлығы дерлік осы кісінің алдынан оқып үйренген» – деп ұрпақтар сабақтастығының қазақ биінің кәсіби тұрғыдан оқып үйренуге ықпал еткендігін көрсетеді [103, 163 б.]. Зерттеулерге сүйеніп «Ширек ғасыр ішінде Ш.Жиенқұлованың және Д.Әбіровтің би мектептері қалыптасты. Ш. Жиенқұлованың би мектебі академиялық үлгіде, Д. Әбіровтың мектебі халықтық үлгіде қалыптасып отыр» – деп 2000 жылдарға дейінгі кезеңді сипаттасақ, қазіргі таңда аталған екі мектептің де оқу бағдарламасына еніп, жас балетмейстерлердің жұмыстарында көрініс тауып отырғандығын көреміз [104, 166 б.].

Дегенмен, мыңдаған жылдар бойы жиналған ұлттық мәдениетті әрбір хореографтың қалай пайдаланатындығы би өнерінің дамуында көптеген мәселелерді туғызады. Ізденушінің өнер мектебіндегі қазақ биі сабағын жүргізуі, оқушыларды республикалық және халықаралық байқауларға қатыстыруы, балалар би ансамбльдерінің қойылымдарын саралау тәжірибелерінің нәтижесінде ұлттық өнерімізді жас ұрпақтың бойына сіңіруде қазақ би өнерін үйрету балабақшадан басталуы қажет деп санайды. Себебі, мектепке дейінгі уақыт баланың мінезінің, тәрбиесінің қалыптасуындағы маңызды кезең. Осы орайда, қазақ биі арқылы қыздарымыздың нәзіктігін, ұлттық тәрбиесін сіңірсек, ұл баланың бойындағы ержүректілікті, еңбекқорлықты қалыптастырамыз. Қазақ биінің бүгінгі таңдағы даму деңгейіне қарамастан, би қойылымдарындағы олқылықтар мен кемшіліктердің бар екеніне көз жеткіздік. Сахнада, теледидар экрандарында, интернет желісінде сюжеті тақырыптық бағытқа бидің атауына сәйкес келмейтін қойылымдарды кездестіреміз. Сонымен қатар, би қимылдарының балаларға дұрыс үйретілмеуі, ұлттық костюмдердің де эстетикалық

талғаммен, арнайы сахна талаптарына сай жасалынбауы қазіргі таңдағы өзекті мәселе екендігі даусыз және оқу жоспарлары, сабақты жүргізу процесі өз алдына тыңғылықты зерттеуді қажет етеді. Дегенмен, аталған мәселелерді шешуде жетекші педагогтар жүргізетін біліктілікті көтеру курстары немесе шеберлік сыныптары үздіксіз ұйымдастырылып келеді. Қосымша білім беру мекемелерінде қазақ биінің талапқа сай жүргізілуі, би өнерінің болашақтағы тағдырына әсер етері сөзсіз. Осы орайда, жоғары оқу орындарының алдына ең алдымен өз ұлтымызға, төл мәдениетімізге, өнерімізге сүйіспеншілікпен, жауапкершілікпен қарайтын жастарды тәрбиелеу мәселесі туындайды. Қазақ би өнерін зерттеген О. Всеволодская-Голушкевич: «Қазіргі жастарда барлық кәсіби өнердің таусылмайтын қайнар көзі фольклорға деген қызығушылықтың болмауы, оның имитациялық сәнге айналуы – мәдени дамудың қолайсыздығын туғызып, талғам мен қажеттіліктерді, соның ішінде пластикалық-би өнеріне эстетикалық тәрбие беруді талап етеді», – деп көрсетеді [21, 5 б.]. Ғалыммен келісе отырып, ең алдымен жас ұрпақтың фольклорға деген қызығушылықтарын ояту мәселесі қазақ биі сабағындағы бірінші қағида болу керектігін түсінеміз.

Академияның техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінде «қазақ биі» пәнін оқыту үш жылға жоспарланған. Білім алушылар қазақ биін 9-сыныптан бастап оқып, колледждің 2-курсында мемлекеттік емтихан тапсырады. Алғашқы оқу жылында жігіттер мен қыздар бөлініп оқытылады. 1-ші оқу жылында аяқ, бас, қол қалыптары, тәжім түрлері, ерекше қалыптар, жүріс түрлері, иілу, бүктелу түрлері, қол қимылдары, би қимылдары, айналу, айналма түрлері, секіріс, атшабыс және станок жанында экзерсис үйретіледі. Станок жанында үйретілген қимылдар мен зал ортасында жасалынатын қимылдардың өзара үндестік табуы оқу процесіндегі басты мәселе. Станок жанындағы экзерсисінің үйретілу реттілігінің өзіндік ерекшелігі бар. Бұл туралы мамандар: «Станок жанындағы комбинациялар техникалық жағынан қарапайым болуымен қатар оқу материалының түгел әрі мазмұнды болуы шарт. Станок жанындағы комбинациялар хореографиялық пәндердің қалыптасқан жалпы талаптарына сай жүргізіледі. Қазақ биінен станок жанындағы комбинацияларды құрастыруда халықтық-сахналық бидің станок жанындағы экзерсисі негіз болады. Дегенмен, қимылдар қазақ биіне ғана тән болумен қатар, қол қалыптары, қолды айналдыру қимылдары, аяқ қимылдары ұлттық ерекшеліктерін сақтайды және әр қимылды орындау характері мен мәнері сақталады» – деп тұжырымдайды [23, 20 б.].

Оқытудың бірінші кезеңінде қимылдың әр элементін дұрыс үйренуге көңіл бөлінеді. Станок жанындағы комбинациялар қарапайым, құрылымы айқын. Станок жанында аяқтың техникасын, күшін, икемділігін арттыруға бейімделген негізгі қимылдар орындалады. Байланыстырушы қимылдар орташа жылдамдықта, қысқа да нұсқа болуы шарт. Қазақ биінде станок жанындағы экзерсис дене бітімін қалыптастыруға, аяқты дұрыс ұстауға және бұлшық еттерін күшейтуге, күрделі қимылдарды меңгеруге арналады. Залдың ортасындағы жаттығулар билеу әдістерін меңгеріп, дене пластикасын жетілдіріп, денені дұрыс ұстауға икемдейді және күрделі координациялық

комбинацияларды орындау арқылы шеберлігін арттырады. Бірінші оқу жылының басты мақсаты білім алушылардың бойындағы қазақ биіне деген сүйіспеншілік арқылы қимылдарды орындаудағы мәнерін қалыптастыру. Ең алдымен аяқ, бас, қол қалыптары, тәжім түрлері, ерекше қалыптар т.б. элементтер зал ортасында үйретіліп, станок жанындағы экзерсисте қолданылады. Станок жанындағы экзерсисте үйретілген қимылдар зал ортасындағы оқу комбинацияларында күрделеніп орындалады.

2-ші оқу жылының бағдарламасына ерекше қалыптар, жүріс түрлері, иілу, бүктелу түрлері, қол қимылдары, би қимылдары, айналу, айналма түрлері, секіріс, атшабыс қимылдарының күрделі түрлері және жорға, ерлер биіндегі ойын, тартыс қимыл элементтері кіреді. Қазақ би фольклорының алуан түрлілігін сіңірген би қимылдары эстетикалық принциптерге ие. Қазақ биінің экзерсисі басқа халықтардың би қимылдарынан орындау қағидаларымен, пластикалық бейнесімен, поэтикалық, өзіндік сұлулығымен ерекшеленеді. Қазақ музыкасының ырғақтық күрделілігі халық биі негіздеріне терең ену мен поэтикалық мән-мазмұнын түсінуді талап етеді. Жас орындаушы тек практика жүзінде оның негізгі элементтерін игере отырып, оларға өз қиялын, өзіндік даралығын енгізіп, қазақ биін дамытуды жалғастыра алады. Хореографияның негізгі экспрессивті құралы би, пластика, ым-ишара болғандықтан, хореограф-оқытушы қызметінде пластикалық компонент ерекше орын алады.

Қазақ биінде қолданылатын қозғалыстар мен қимылдар өте ерекше. Білім алушыларға би қимылдарын сауатты, анық, әдемі орындап көрсету және айтып түсіндіру қазақ биін оқытудың ерекшелігі болып табылады. Академияның техникалық және кәсіптік білім беру деңгейіндегі «Қазақ биі» пәнін жүргізетін А.А. Тати, А.А. Садыкова, А.Ш. Шәмшиев сынды оқытушылардың сабақтарын көріп, талдауда практикалық көрсетілімнің оқу процесінде нәтижеге жетудің бірден бір жолы екендігіне көз жеткіземіз. Қимылды көрсетуде оқытушылар тек қана техникалық тұрғыдан сауатты орындаумен шектелмей, қимылдың орындалу әдістемесін түсіндіріп, музыканың мазмұнына сай эмоционалды өзіндік мәнерін бере біледі. Практикалық көрсетілім педагог-хореографтың орындаушылық шеберлігінің көрінісі және білім алушылардың басты назарында болады. Қазақ биін оқып үйренуге «Балет артисі» мамандығына 1-ші және 2-ші оқу жылында аптасына 2 сағат, 3-ші оқу жылында 4 сағат берілсе, «Би ансамблінің артисі» мамандығы бойынша 1-ші және 2-ші оқу жылында аптасына 4 сағат, 3-ші оқу жылында 6 сағат бөлінеді. Аталған сағат санының көлемін ескере отырып, қазақ биінің барлық бағдарламасын меңгеруге уақыттың тапшылығын көреміз.

«Қазіргі заманғы орындаушылар мен мамандардың басты міндеті – көрнекті балетмейстерлер қалдырған би мұрасын терең зерттеу, болашақ ұрпақ үшін сақтау, жаңа образдар жасау және ұлттық мәдени қазынаны дамыту» [105, 235б.]. Аталған тұжырымдамадан біз қазақ биі пәнінің 3-ші оқу жылының негізгі міндетін көреміз. Оқу бағдарламасының соңғы оқу жылында қыздар, ерлер және жұптық бидің негізгі бөлімдерін қоса,

кеңейтілген этюдтер құрастырылады және педагогтың таңдауы мен қалауы бойынша Ш. Жиенкүлованың «Айжан қыз», «Былқылдақ», Д. Әбіровтің «Қоштасу», «Балбырауын», «Алтынай», «Сылқыма», Ә. Исмаиловтың «Құсбегі дауылпаз», Ю. Ковалевтің «Қос алқа», З. Райбаевтың «Қос алқа», «Асатаяқ» «Шолпы», «Мереке би», «Бұраң бел», Б. Аюхановтың «Ақындар», «Аққулар», М. Тлеубаевтың «Ыңғай төк», «Қарлығаш», Д. Қияқованың «Қуаныш», «Домбыра», О. Всеволодская-Голушкевичтің «Ақат», «Киіз басу», Ғ. Бейсенованың «Киіз басу», «Кербез», «Сылқылдақ», «Аққу», Г. Орымбаеваның «Жайлауда», «Туған жер», «Наз», А. Татидің «Дайдидау», «Арулар шеруі», «Әсем қоңыр», «Кербез», «Аққу» атты мұра билерін үйренеді. Аталған оқу жылында білім алушылар мемлекеттік емтихан тапсырады. Бұл емтихан педагог-хореограф үшін де, білім алушы үшін де үлкен сын. Себебі, сабақтың музыкалық сүйемелденуі, көркемдік тұрғыдан безендірілуі, педагогтың оқу бағдарламасын қамти алуы, білім алушылардың орындаушылық қабілеттерін дамыта алуы және т.б. сарапталынады. Балет артистері мен би ансамбльдері артистерінің оқу бағдарламасы бір болғанымен, этюдтердің қойылуында, денеге түсетін жүктемеде біршама айырмашылықтар болады. Осы орайда, оқытушылардың қазақ биі сабағын жүргізу барысында мынадай факторларға назар аударатынын анықтадық:

- сабақты жоспарлаудың ерекшелігі;

- әрбір курстың деңгейіне байланысты түрлі педагогикалық тәсілдерді қолдану;

- қарым-қатынас түрлері;

- ұйымдастырушылық қабілеті.

Сонымен қатар, әрбір емтиханның мазмұнын саралай отырып, оқытушылардың қызметінде балетмейстерлік, педагогикалық, репетиторлық функцияларының ұтымды бірігуін анықтаймыз. Психологиялық талдау тұрғысынан педагог-хореографтың іс-әрекеті күрделі, көп компонентті, функциялы, динамикалық тұрғыдан дамып келе жатқан құбылыс. Психология, педагогика және хореография өнері саласындағы ғылымдардың қазіргі даму деңгейі – педагог-хореограф іс-әрекетінің негізгі белгілерін, байланыстары мен қатынастарын ашуға, оның құрылымы мен бейімделу механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді.

П.ғ.д, профессор А.К. Кульбекова өзінің зерттеулерінде педагог-хореографтың қызметі көптеген объективті және субъективті факторларға байланысты екендігін айтады: «Объективті факторлар: хореографиялық дайындықтың белгілі бір деңгейі, студенттердің кәсіби дене мүмкіндіктерінің болуы және т. б.

Субъективті факторлар: мұғалімнің жеке басының қасиеттері, оның арнайы білімі, хореография саласындағы дағдылары, сабақ жүргізу стратегиясы, тактикасы, жалпы педагогикалық қызметке психологиялық дайындығы және тағы басқалар» [102, 45 б.].

«Бүгінгі күні қойылған міндет: жинақталған мұраны сақтау, қазақ биін оқыту деңгейін арттыру, қазақ биінің мұғалімдерін дайындауда білім беру бағдарламаларын жетілдіру. Қазақ би өнерінің тамыры тереңде жатыр. Бұл

құбылыстың қайталанбайтын, ерекше жарқын ұлттық сипаты бар» [24, 4 б.]. Осы міндетті алдына қойған А.А. Тати қазіргі жастарға ұлттық хореографияның барлық үздік жетістіктерін жеткізуге ұмтыла отырып, қазақ биінің жоғары дәстүрлерін байытуға және дамытуға деген тынымсыз ізденістерді жалғастыруда. Ұзақ жылдар бойы балет және би ансамблінің артистерін дайындаған оқытушының педагогикалық дарынының жоғары деңгейде екендігі даусыз. Оның негізінде жылдар бойы жинақталған кәсіби тәжірибе және өзіне деген жоғары талаптың жатқандығын көреміз. А.А. Татидың педагогикалық әдістерін зертеген Т.Ж. Молдалім: «Оның педагогикалық қағидаттары биді жан-тәнімен орындауға қол жеткізуге, таңдаған мамандығына немқұрайлы қарамауға бағытталған. Сабақта студенттер мұғалім жасаған шығармашылық атмосфераға толығымен еніп, оның артистік талантынан шабыт алады» – деп сипаттайды [105, 576.].

«Қазақ биі» пәнінің оқытушысы, көптеген ғылыми еңбектердің авторы А.А. Садыкова: «Біз, хореографтар, жас орындаушылармен жұмыс атқарар алдында олардың әлеуетін аша алатын тақырыпты, музыканы іздейміз. Біз өзіміз құрастырған хореографиялық лексика арқылы орындаушының ішкі әлемін, оның техникалық мүмкіндіктерін көрсетуге тырысамыз. Сыртқы және ішкі үйлесім пайда болған кезде, ол белгілі бір нәтиже береді» – деп жас орындаушыларды дайындаудағы өз ойымен бөліседі [106, 1 б.]. А.А. Садыкованың сабақ жүргізу барысын саралай отырып, аталған ойының практика жүзінде іске асқандығын байқаймыз. Сабақ көркемдік тұрғыдан безендірілген, музыкалық сүймелденуі жоғары эстетикалық талғаммен жасалынған. Сонымен қатар жас орындаушылардың практикалық көрсетілімінің ішкі эмоцияларымен байланыс табуы, қарапайым ғана сабақты белгілі бір көркемдік деңгейге көтереді.

Қазіргі таңда өзін балетмейстерлік қырынан танытып жүрген, педагог-хореограф А.Ш. Шәмшиевтің сабақтарынан да жас маманның өзіндік қолтаңбасын көруге болады. Педагогтың сабақ барысын саралай отырып, кейде баяу және көлемді, кейде шапшаң әрі ойнақы-назды болып келетін қыздар билерінде неше алуан көріністер мен мағыналы би этюдтерін жасай алғандығы байқалады. Ал, жігіттердің би қимылдарына арналған этюдтерде қозғалыстардың күшті, айқын болып көрінуі және қол көріністерінің едәуір қарапайым болып келуі, қазақ жігіттерінің түрлі образдарын береді. Этюдтер көбінесе жігіттің табиғи қимыл әрекеттеріне, кейде аттың құлағында ойнайтындық, кейде ысылған мергендік, кейде ержүрек жауынгерлік әрекеттеріне құрылған деуге болады. Педагогтың сабақтың формасын табуындағы, этюдтердің құрылымын айқындауындағы, қимылдарды байланыстырудағы өзіндік тапқырлығы көзге түседі. Сонымен қатар халықтың ауыз әдебиетіндегі образдарды би қимылдары арқылы ұтымды бере білген. Сабақ барысында атрибуттарды пайдалану да жас орындаушыларды тәрбиелеуде маңызды роль атқарады. Себебі, атрибуттармен жұмыс жасау (дұрыс ұстау, алу, қою, бір-біріне беру) болашақ мамандарды өз мамандығының қыр-сырына үйретеді.



Кесте №14. Техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінде қазақ биі пәнін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің вариативті формалары.

Техникалық және кәсіптік білім беру деңгейінде «Қазақ биі» пәнінде, ұлттық өнерімізбен танысқан білім алушылар, жоғары оқу орнына келгенде «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәнінде өздерінің алған білімдерін шыңдап, практика жүзінде қолдануды үйренеді. Алайда, бүгінгі таңда бұл әдістер мен тәсілдер заманауи талаптарға жауап беретін жоғары білікті мұғалімдерді даярлау үшін даму үстінде. Педагог-хореографтардың шығармашылығы хореография өнерінің өзіндік ерекшеліктерін сипаттайтын түрлі көзқарасты көрсететін шығармашылық ізденістер мен талпыныстардан тұрады. Қазақ би өнерін дамытуда барлық педагогтар бір бағытта жұмыс істегенін, бірақ олардың жұмысқа деген шығармашылық тәсілі әр түрлі болғандығы белгілі. Қазақ биі педагогтарының оқытушылық шығармашылығының шынайы құндылыққа ие болуы немесе жоғары жетістіктерге қол жеткізуі, оқыту мен тәрбиелеудегі қолданылатын әдіс-тәсілдерге, ұстанатын педагогикалық қағидаларға байланысты. Сабақ жүргізу әдістемесі сабақ құрылымынан, оның ұзақтығынан, комбинацияларды құру әдістерінен, бағалау қызметінен тұрады. Ол үнемі жетілдіріліп, бүгінгі күні іс жүзінде әр түрлі әдістер қолданылады. Олар пәндерді тиімді меңгеруге көмектеседі. Барлық осы әдістер мен принциптер ұзақ уақыт бойы белгілі педагогтар мен әр түрлі хореографиялық мектептердің ықпалымен қалыптасты, олар оқытудың қазіргі заманғы әдістемесін анықтады.

PhD докторы А. Молдахметова: «Қазіргі кезеңде қазақ биін оқыту кең ауқымды көлемде жүргізіледі, бірақ негізінен оқыту мақсаты студенттердің оқытушы басшылығымен жүргізілетінін әдістемелік жұмысына (оқу



комбинацияларын талдау, би этюдтерін құраудың әдістемелік қағидаттарын игеру, сабақты музыкамен сүйемелдеу мысалдары), сондай-ақ жан-жақты талдануы тиіс би мұрасын үйренуге бағытталған» – деп сараптайды [62, 1 б.]. Осы орайда, біз академияның бакалавр деңгейінде 6B02111- Балетмейстер өнері және 6B02101-Хореография өнерінің педагогикасы білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлауда ұлттық би өнеріне баулу процесін зерттедік. 6B02111- Балетмейстер өнері (ббб) бойынша «Қазақ биінің композициясы» 3 семестр, «Қазақ би мұрасы» 1 семестр жүреді. Пәнді өнертану кандидаты, профессор Т.О. Ізім өзінің жылдар бойы жинақтаған орындаушылық, педагогикалық, балетмейстерлік, ғылыми-ізденушілік тәжірибесіне сүйеніп жүргізеді. Профессордың сабақтарын саралай отырып, оқу процесінің білім алушылардың алған білімдерін практика жүзінде қолдануға, шығармашылық ойлау, зияткерлік қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарымызды сақтауға және оны дамытуға деген жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталатындығын көреміз. Білім алушылар курстың бағдарламасына сәйкес драматургиялық канондарды сақтай отырып, қойылымдар қояды. «Тамыры халықтың таусылмас рухани қазынасымен ұштаса алмаған білім ешқашан ғылымға айнала алмайды» – деп Б. Момышұлы айтқандай қазақ биінің композициясы пәні ұлттық фольклорды жан-жақты зерттеуден басталады [107, 232 б.]. Қойылымды қою барысы ең алдымен музыкалық материалды тыңдаудан, тақырыпты-сюжетті таңдаудан тұрады. Курстың мазмұнында «жеңілден күрделіге» принципі сақталады. Мысалы білім алушылар, қарапайым комбинацияларды құрастырудан бастап, түрлі образдарды, сюжеттерді қолданып, үлкен би қойылымдарын іске асырады. Курстың 1-семестрінде жеке билер, 2-семестрінде жұптық билер, 3-семестрінде көпшілік билерді қояды. Аталған тапсырмалармен қатар, білгілі бір қимылға, қимылды дамытуға, түрлендіруге бағытталған шағын этюдар қою беріледі. Хореографиялық қойылымның негізі – музыка екендігі белгілі. Зерттеушілер «Қазақ биін, басқа да хореографиялық пәндерді меңгеруді бастамас бұрын, халық әуендерімен, қазақ ұлттық әуендерімен, күйлер мен қарапайым әуендермен танысу қажет. Бидің пластикалық мінездемесі, толықтай музыкалық тақырыптың ішкі психологиясына бағынышты» – деп сараптайды [23, 111 б.].

Осы орайда оқытушы білім алушылардың музыканы таңдаудағы қабілеттерін арттыруда:

- концертмейстер мен білім алушы арасында кәсіби қарым-қатынасты қалыптастыру;
- ноталық материалды оқу сауаттылығын дамыту;
- кәсіби композиторлармен қатар, халық шығармашылығын, қазіргі заманғы композиторлардың еңбектерін пайдалану;
- музыкалық материалды студенттің өзіне таңдату, ырғағына, характеріне сай, екі шығарманы қоса білу, қайталату, ықшамдай білу т.б.;
- тек қана домбыраның үніне композиция қою сынды өзіндік әдіс-тәсілдерді пайдаланады.

«Халықтың басты ерекшеліктерін, хореография өнеріне ортақ заңдылықтарды, яғни академиялық классикалық бидің қағидаларын сақтағанда ғана, мамандар өздерінің шығармашылық ойларын іске асыра алады. Сабақ барысында студенттердің би қойылымдарымен, шығармашылық қызметпен айналысуы, оқытушының оларға тек қана жол көрсетуі (аталған кезеңде оқытушының студенттің өзіндік идеясына тосқауыл болмай, сауатты түрде бағыт-бағдар берілуі назарда ұсталынады) олардың сын тұрғысынан ойлау және өз бетінше жұмыс жасау қабілеттерін қалыптастырады» [108, 116.]. ҚР Халық артисі, өнертану профессоры Б. Аюханов «Мемлекеттік театр өнері институтының (ГИТИС) оқытушылары біздің шығармашылық қиялымызды бағыттай отырып, біз үшін ештеңе жасамай, шығармашылық тәуелсіздікке үйретті» [109, 85 б.]. - деп мұғалімдерінің әдіс-тәсілдерін еске алады. Сабақ барысында оқытушы би билеу, музыканы есту қабілеті, секіріс, серпінділік, аяқтың алқымы, айналымдылық, қадам, координация сынды ортақ талаптардан басқа қазақ биін орындаудағы ерекшеліктерге: қол пластикасына – саусақ, шынтак, иық, дене пластикасы мен иілімділігі, аяқ техникасына (майда қадамдар, жатық башпайда ұсақ секірістер («ат шабыс»), эмоциялық айқын мәнерлілік пен ұлттық ерекшелігіне басты назар аударады. Білім алушылардың би қою қабілеттерінен басқа, орындаушылармен жұмыс жасай білу, өздері қойған жұмыстарын тазалау секілді қабілеттері шындалады. Сонымен қатар, оқытушы студенттерге бір-бірлерінің жұмыстарын талдатады. Бұл жағдайда, студенттер би қойылымдарын кәсіби тұрғыдан талдауға, сын-пікір айтуға, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге дағдыланады. 6B02111-Балетмейстер өнері (ббб) бойынша жылда санаулы ғана мамандар дайындалатындықтан, студенттердің шығарған жұмыстарын көрсету яғни орындаушыларға қою мәселесі туындайды. Білім алушылар қазақ билерін қоюдың әдістемесін үйренумен қатар, «Қазақ би мұрасы» пәнінде алтын қордағы билерді бейнетаспалар арқылы жаттап, салыстырып, сараптап, қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді меңгереді. 6B02101-Хореография өнерінің педагогикасы (ббб) бойынша «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» және «Қазақ би мұрасы» пәні 3-4 курста оқытылады. Пәнді п.ғ.докторы, өнертану профессоры А.К. Кульбекова, өнертану кандидаты (Қырғызстан Республикасының), аға оқытушы А.А. Садыкова, өнертану магистрлері, аға оқытушылар Д.Р. Алдамжарова және А.Ш. Шәмшиев жүргізеді. Бірінші оқу жылында студенттер қазақ биінің даму тарихымен, қазақ биінің негізін қалаушылардың шығармашылығымен танысады. Қазақ биінің жігіттер және қыздар бөлімдерін үйретудің теориясы мен әдістемесін меңгереді. Қазақ ұлттық музыкасының ырғақтық суретімен, квадратты емес құрылымымен ерекшеленетіндігі белгілі. Оқу комбинацияларын құру әдістемесін игеру үшін музыкалық материал тыңдалады және талданады, музыкалық шығарманың ырғағы мен өлшемі анықталады. Қимылдардың сипаты, орындау тәсілі мен стилі игеріліп, оқу бағдарламасы бойынша бұрын үйретілген қимылдарды қолдана отырып, оқу нұсқалары жасалады. «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәнін оқыту процесіндегі маңызды

аспект студенттің музыканы таңдаудағы музыкалық талғамын қалыптастыру болып табылады.

Сонымен қатар, «білім алушылардың орындаушылық қабілетіне аса мән беріледі, практикалық сабақтарда студенттер қазақ биінің барлық бөлімдерін меңгеріп, орындау әдістемесін түсіндіреді» [24, 7 б.]. Аталған тұжырымдамамен келісе отырып, сабақтарын бақылау процесінде профессор А.К. Кульбекованың студенттердің кәсіби деңгейлерін ескере отырып, қимылды орындаудың теориясы мен әдістемесін ғана меңгеруді талап етпей орындаушылық дағдыларына көп көңіл бөлетіндігін көреміз. Сабақ барысында студенттер тек өздері ғана қойған оқу нұсқаларын орындамай, оқытушының да қойған оқу комбинацияларын жаттап үйренеді. Бұл әдістің студенттердің денелерін қыздыруға, ой өрістерін дамытуға әсер ететіні айқын. Сонымен қатар профессор өзінің жинақтаған ғылыми еңбектерінің нәтижесінде қазақ биіндегі орындаушылық дағдыны дамытудағы негізгі принциптерін айқындайды:

- көркем образдарды көрсете білу;
- музыкалық материалдардың қимылдардың мазмұнына сай таңдалуы;
- білім алушыларды әрдайым ғылыми-ізденушілік жұмысқа бағыттау;
- білім алушыларға дербес шығармашыл тұлға ретінде қарау;
- топпен, жұппен жұмыс жасау әдістерін қолдану;
- қазақ биі арқылы патриоттық тәрбие беру.

Қазіргі таңда оқыту жүйесінде инновациялық технологияларды пайдалану өзекті мәселелердің бірі. Студенттермен сабақтар жүргізу барысында инновациялық педагогикалық технологияларды пайдалану барысында хореография өнеріндегі дәстүрлі педагогикалық технологияларды естен шығармауымыз керек. Дәстүрлі әдіс-тәсілдерді жаңарту арқылы ғана нәтижеге қол жеткізуге болады. Мысалы, егер дәріс сабақтарын ұйымдастыруда инновациялық педагогикалық технологиялар оң нәтиже беретінін көрсек, практикалық сабақтарды ұйымдастыруда олар саралауды және бейімдеуді талап етеді.

Инновациялық технологиялар дәріс сабақтарын ұйымдастыруда:

- материалдар жинақтағанда оқытушының уақытын үнемдеуге;
- ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану сабақты қызықты өткізуге;
- студенттерді топтарға бөлу арқылы оларды ұжымда жұмыс жасауға үйретуге;
- мәселелерді өз беттерінше талқылауға;
- өз ойларын еркін жеткізуге дағдыландырады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды практикалық сабақтарда қолдану:

- залдардың соңғы заманауи үлгіде техникалық құралдармен жабдықталуы, әлемдік деңгейдегі әр түрлі би ұжымдарының қойылымдарын көруге және талдауға т.б. мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, академия оқытушыларының «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәнінде Блум таксиномиясын жиі

қолданылатынын байқаймыз және төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастырамыз:

1-кезеңде (білу) – студенттер программа бойынша қимылдарды өздері талдайды.

2-кезеңде (түсіну) мұғалімнің нұсқауымен программа бойынша қимылдарды орындап көрсетеді.

3-кезеңде (қолдану) оқу комбинацияларын құрастырып, музыкамен орындап көрсетеді.

4-кезеңде (талдау) оқу комбинациясын орындаушыларға үйретеді.

5-кезеңде (бағалау) олар өзгелердің комбинацияларына алдын ала қойылған бағалау критериилері арқылы баға береді.

Оқытушылардың сабақтарын талдай келе біз, маманның кәсібилігі, ең алдымен, қазақ биінің генезисімен қалыптасып, дамуының тарихи кезеңдерін, ұлттық салт-дәстүрді, би мұрасын, қимылдардың, ұлттық костюмнің, музыкалық материалдың айрықша ерекшеліктерін білуімен бағаланатынына көз жеткіземіз. Қазіргі таңда «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәнін жүргізудің басты мақсаты болашақ мамандардың музыкалық материалды терең ұғынып, би қимылдарын ұлттық мәнерде орындап, үйретудің әдістемесін меңгеруді және оқу комбинацияларын сауатты құра білуге баулуды талап етеді.

### **3.3 Ұлттық биді дамыту негізінде хореограф-мамандар даярлаудың қазақстандық моделін іске асырудың жолдары**

Білім алушылардың білімін, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру жүйесінің құрамдас бөлігі мен құрылымдық талдауы хореографтардың кәсіби даярлығын функционалдық саралаумен тығыз байланысты. Оның екі аспектісі бар: ол әлемдік хореографиялық өнер және ұлттық хореография саласындағы жоғары білікті кадрларды қалыптастыру. Бұл кез келген мемлекеттің ұлттық балет мектебінің басты ерекшелігі болып табылады. Өзін-өзі танудың қалыптасуы аясында мәдени құндылықтарға, дәстүрлі психикалық мәдениет пен өнерге деген қоғамдық қызығушылықтың артуы әлеуметтік саланың бірі деп атауға болады. Бүгінгі таңда өткеніміз бен бүгінгі күнге объективті баға беру, ұлттық мәдениеттің әрі қарай даму бағытын айқындайды. «Мәдениетті қорғау, мәдени дәстүрлер мен ұлттық мәдени құндылықтады сақтау арқылы тарихи - мәдени мұраны сақтау, зерделеу және тарату бүгінгі күні мемлекетіміздің маңызды міндеті болып табылады. Мәдени мұра - қоғамның көркем экологиясы. Бұл адамзаттың ғасырлар бойы қалыптастырған эстетикалық және адамгершілік құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін ұлы ұстаз деп айтуға болады. Бүгінгі күні де барлық инновациялық процестер мәдени -тарихи әлеммен және мәдени дәстүрлермен тікелей байланысты» [110, 28 б.]. Қазіргі қазақстандық қоғамға тән әлеуметтік-мәдени процестерді кешенді талдау мәдени өмірдегі ең маңызды бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ қоғамның эстетикалық және рухани мәдениетін қалыптастырудың оңтайлы жағдайларын сараптауға мүмкіндік береді. Ұзақ уақыт бойы қалыптасқан дәстүрлі мәдениет бүгінде адами құндылықтардың маңызды қырларының бірін білдіреді және адамның өзін-өзі тануына әсер ете алады. Ұлттық хореографияның қазіргі даму кезеңі жоғары кәсіби, эстетикалық деңгейімен және мазмұндылығымен сипатталады.

Жас ғалым А.Т. Молдахметова өзінің зерттеулерінде: «Ұлттық қойылымды қою барысында хореограф режиссерлер дәстүрлердің, рәсімдердің, әдет-ғұрыптардың, ұлттық ойындардың көріністерін негізге алады, белгілі бір халықтың дәстүрлі сипатына тән гротеск фрагменттері мен ирониялық үзінділерді ұсынады» - деп сипаттайды [111, 45б.]. Қазақстандық хореографтар мен балетмейстерлердің жаңа буыны төл тарихымызды терең түсінуге және дәстүрлі рухани мәдениеттің сахналық көрінісін сақтауға тырысады. Мұның дәлелі хореографиялық туындылар, оның ішінде концерттік нөмірлер, балет спектакльдері, сондай-ақ ауқымды мәдени-бұқаралық мерекелердегі хореографиялық қойылымдар болып табылады.

Ұлттық хореография жайлы, оның даму формаларын және көркемдік құралдарын зерттеген ғалым А.Б. Шанкибаева: «Ұзақ уақыт бойы қазақ мәдениеті ауызша формада таралып, ұлттық, сахналық би дәстүрін қазіргі кезеңде дамытуға ықпал ететін сипаттамалық ерекшеліктерді, бейнелі суреттерді сақтай алды [11] - деп, өнертану кандидаты Қ.Д. Айтқалиева: «Қазақ би фольклоры әлі де талай байлықтың куәсі болып, әрі қарай дамып

ұлғаюына негізі болады. Қазақ билерін қазіргі қазақ халқының өмірімен байланыстыра бейнелеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады» - деп өз ойларын білдіреді [113]. Тұжырымдамалармен толықтай келісе отырып, қазақ би өнерінің дамуында хореограф-мамандар даярлайтын оқу орындарының білім беру процесінің маңыздылығына көз жеткіземіз. Ұлттық би өнерін дамытуда хореография өнері саласында мамандарды дайындаудың барлық деңгейлерінің өзіндік атқаратын рөлі бар. Би өнерінде адам мен әлем арасындағы қарым-қатынас көрініс табады. Бұл ұстаным қазақ халық биінің қалыптасуы мен дамуының тарихи процесінің көп қырлылығын көрсетеді. Осындай көп-қырлы, процесті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу және дамыту осы саладағы әрбір маманның өз ісіне деген сүйіспеншілігін, жауапкершілігін талап етеді. Қазіргі заманда кең қол жетімді жоғары білім қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өсу мен рухани тепе-теңдік перспективаларын дамытуда шешуші рөл атқарады - бұл динамикаға, білім мен практикалық дағдыларды жетілдіруге, кәсіби емес нәрсенің деңгейін төмендетуге ықпал етеді. Бүгінгі таңда Қазақстан жоғары мектептің және ғылыми-техникалық дамудың бай тарихымен жоғары білім беру жүйесін жаңғыртуда жақсы мүмкіндіктерге ие. Жоғары мектеп жаңа идеялар мен технологиялардың генераторы болуға, сондай-ақ ғылымның, білімнің, өнердің, экономиканың және басқа да әлеуметтік маңызы бар салалардың жаңа бағыттарын дамыту үшін қажетті жоғары білімді адам ресурстарын қалыптастыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Бүгінгі таңда белгілі ғалымдар, педагог-хореографтар қазақ биін оқыту әдістемесін жетілдіру үшін түрлі курстар, арнайы семинарлар, бағдарламалар ойластырып, талқыға салып келеді. Қоғамдағы рухани құндылықтарды насихаттау, ұлттық идеологияны қалыптастыру, жас ұрпақтың бойында мәдени мұраларға деген құрмет сезімін дамыту - білім реформасының басты мақсаты, бұл мақсаттарды жүзеге асыру халықаралық білім стандарттарына сәйкес жүргізілуде. Қазіргі білім саласындағы реформалар жоғары хореографиялық білім саласын да қамтуда. Соған сәйкес оқыту тиімділігін арттыру қажеттілігі туып отыр. Педагог-хореографтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін тарихи-теориялық, педагогикалық және арнайы пәндердің мәні аса зор. Болашақ бишілердің қазақ биінің тарихы мен даму дәстүрін терең білуі аса маңызды. Ал бұған көп жағдайда отандық көрнекті хореографтардың педагогикалық құрылымын зерттеу мен зерделеу арқылы қол жеткізуге болады. Қазақстан хореографиясының тарихында адамзаттың тарихи жадында ерекше із қалдырған және халықтың рухани мәдениетінің маңызды бөлігін құрайтын тұлғалар бар. Олар өз шығармашылығында хореографияның дамып қалыптасуының маңызды мәселелерін анықтады, осылайша жалпы би өнерінің дамуына әсер етті.

Өнертану кандидаты (Қырғызстан Республикасы) А.А. Садыкова: «Өз халқының даму тарихын түсіну, оның көркемдік менталитетінің мәселелерін жалпылау, ұлттық қазақ хореографиясының қалыптасу проблемасын көпжақты зерттеуге мүмкіндік береді. Ұзақ тарихи жолдан өтіп, өз халқының мәдени мұрасын және әлемдік классикалық балет дәстүрлерін

шығармашылықпен игере отырып, қазақ хореографиялық өнері қазіргі заманғы шындық тұрғысынан түсінуді талап ететін өзінің дамуының жаңа сапалы деңгейіне шықты» - деп талдайды [114].

Ғалымдардың еңбектеріне тоқтала отырып, қазіргі замандағы қазақ биі мен ұлттық хореографияның рөлі дәлелдеуді қажет етпейді деп түсінеміз. Ұлттық би өнері әр елдің мәдениетінде ерекше мәртебеге ие болуы керек. Бұл білім беру жүйесіне де, мамандандырылған оқу орындарына да (жоғары оқу орындарының хореографиялық факультеттеріне) тікелей қатысты. Аталған пәнге жеткіліксіз көңіл бөлу қазақ этносының ұлттық менталитетінің ұмытылып кетуіне әсер етеді. Сондықтан да, біз хореографиялық факультеттерде оқу процесін ұйымдастыру ең алдымен, ұлттық компонент пен этно-көркемдік білім беруден басталуы керек деп тұжырымдаймыз. Бұл жерде этно-көркемдік білім беру деп, этникалық өзін-өзі тануды, тілді, халықтың рухани және дәстүрлі мәдениетін тереңдетіп зерттеуге, қазақ музыкасы мен хореографиялық өнерінің тарихына, Қазақстан тарихына, қазақ әдебиетіне, этнопедагогикаға және т. б. терең және мазмұнды түрде сүйеніп, оқу процесін ұйымдастырылуы қажет. Осы орайда «Қазақ халқының дәстүрлі би мәдениеті» элективті курсы ұсынылады.

Кесте № 15. «Қазақ халқының дәстүрлі би мәдениеті» элективті курсының тақырыптық жоспары:

№	Тақырыптар	Сағат саны			
		Дәріс	Семинар	БӨЖ	БӨЖ
1	Дәстүрлі қазақ биі ұғымына түсінік.	1	2	6	
2	Қазақ биіндегі көркем мәдениет.	1	2	6	1
3	Ұлттық аспаптардың би өнерімен үндесуі.	1	2	6	
4	Домбыра күйлерінің қазақ биімен байланысы.	1	2	6	1
5	Қобыз күйлерінің қазақ биімен байланысы.	1	2	6	
6	Ерекше калыптарды үйретуде өлең шумақтарын, тақпақтарды қолдану.	1	2	6	1
7	Халық әндерін қазақ биінде қолдану жолдары.	1	2	6	
8	Кеңес дәуіріндегі отандық композиторлардың шығармаларын би өнерінде пайдалану.	1	2	7	1
9	Балаларға арналған ұлттық билерді қоюда ертегілерді бейнелеу.	1	2	7	
10	Ұлттық салт-дәстүрлер.	1	2	7	1
11	Ұлттық салт-дәстүрлердің қазақ би өнерінде көрініс табуы.	1	2	7	
12	Ұлттық ойындар.	1	2	7	1
13	Қазақ би қойылымдарын іске асыруда ұлттық ойындарды қолдану.	1	2	7	
14	Ұлттық ою-өрнектер.	1	2	7	1

15	Ою-өрнектердің қазақ биі қойылымдарында қолданысы.	1	2	7	
	Барлығы 5 кредит (150 сағат)	15	30	98	7

*Кіріспе. Курстың мақсаты мен міндеттері.* Қазақ халқының салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, ұлттық мәдениетін меңгеру және қазақ биі сабағын жүргізуде қолдана білу курстың міндеті болып табылады. Курстың міндеттері: - халықтық салт-дәстүрді студенттердің бойына сіңіре отырып, білім, білік, дағдыларын дамыту; - ұлттық мәдениетті зерттеу және қазақ биінде қолдану аясын кеңейту; - қазақ биінің көркем мәдениетін меңгеру арқылы ұлттық сананы қалыптастыру.

*1-тақырып. Дәстүрлі қазақ биі ұғымына түсінік.* Қазақтың дәстүрлі би өнері жалпы мәдениеттің бір бөлігі ретінде халықтың өмірін, оның кәсібінің даму деңгейін, эстетикалық мақсат-мұраттарын, қазақ халқын құраған ұлыстардың ықпалын көрсетеді. Осының барлығы бір арнаға тоғысып, қайталанбас пластикалық кешен қалыптастырды.

*2-тақырып. Қазақ биіндегі көркем мәдениет.* Қазақ би өнерінің дамуына көркем мәдениет ықпал етті, әрі мамандар үшін ақпарат көзі болды. Өз шығармасын жасарда суретші, композитор, балетмейстер міндетті түрде халықтың дәстүрлі өнерін оқып білуге тырысады. Осындай жағдайда ұрпақтар сабақтастығы арқылы сақталған өнер түрлері халық шеберлерінің шығармашылығымен толысып, сақталған.

*3-тақырып. Ұлттық аспаптардың би өнерімен үндесуі.* Қазақ халқының музыка мәдениеті ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұра. Ұлттық музыкалық аспаптардың өзіне тән үні, орындаушылық дәстүрі бар. Жоғары көркемдік бірлестік, оның жіктелмейтін тұтастығы халық шығармашылығының өзіне тән ерекшелігі болып келеді. Сондықтан халық музыкасы мен халық биінің арасында тұтастық бар екендігі даусыз. Ғалымдардың тұжырымдамаларына сүйенсек, ертедегі музыкалық аспаптарда ойнау, музыканттың би қимылдарын орындауымен қоса жүрген.

*4-тақырып. Домбыра күйлерінің қазақ биімен байланысы.* Музыкалық сүйемелдеуде эмоциялық сезімнің құбылыстарын, қимылдардың нәзік түрін беру қазақ биіне тән бірден бір ерекшелік. Халық музыканты, бишіні сүйемелдеу барысында бишінің қимылдарының эмоциялық жағдайын нақты көрсетуге тырысқан. Би орындалып жатқанда музыка мен биші біртұтас дүниеге айналады. Сүгір, Дәулеткерей, Құрманғазы би күйлерінде кездесетін, қайталанып отыратын ырғақ суреттері қазақ биінің темпераментін, характерін, ырғағын сақтай отырып ерекше түр берді.

*5-тақырып. Қобыз күйлерінің қазақ биімен байланысы.* Ғалымдар қазақ биінің бастауы деп бақсы ойынын алып жүргені мәлім. Бақсы сарындары қобыздың сүйемелдеуінде орындалғаны белгілі. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында қазақ биін қоюшы хореографтардың қобыз күйлерін қолдану үрдісі қалыптаса бастады. Ерденнің «Қоңыр», Ықыластың «Аққу», «Жезкиік» күйлері би қойылымдарына негіз бола бастады.



*6-тақырып. Ерекше қалыптарды үйретуде өлең шумақтарын, тақпақтарды қолдану.* Қазақ биі әртүрлі қалыптарға бай. Қалыптардың өзіндік мағынасы, көркем-эстетикалық мәдениетте өзіндік алатын орны бар. «Осы орайда, Бақтыбаев Төребек Шәменұлының «Өнер шуағы» кітабында қазақ биінің ерекше қалыптарына арнап өлеңдер жазылған. Аталған әдісті дамыту қазақ биінің болмысын жете түсінуге мүмкіндік береді».

*7-тақырып. Халық әндерін қазақ биінде қолдану жолдары.* Қазақ биінің өзіне тән ерекшеліктерінің бірі - сезімдердің эмоционалды жағдайын музыкалық сүйемелдеу арқылы жеткізу. Халық әндері - халықтың музыкалық-поэтикалық шығармашылығы. Бұл үш фактордың - сабақтастықтың, варианттылықтың (өзгергіштіктің) және ортаға байланысты ауызша процесте қалыптасатын музыкалық дәстүрдің нәтижесі. Халық музыкасы белгілі бір аумақта және белгілі бір тарихи уақытта қалыптасып, кеңістік пен уақытпен шектеледі, бұл әр халықтық музыкалық мәдениетте музыкалық-фольклорлық диалектілер жүйесін жасайды. Ал, халық әндерін қазақ биі сабағын музыкалық сүйемелдеуде пайдалану, қимыл арқылы әннің характерлік мағынасы ашылуы қажет. Сонымен қатар, білім алушылардың әннің мағынасын, музыкалық өлшемін жете түсіну үшін әнді айта жүріп қимылдарды орындау ұсынылады.

*8-тақырып. Кеңес дәуіріндегі отандық композиторлардың шығармаларын би өнерінде пайдалану.* Д.Әбіров, З. Райбаев, М. Тлеубаев сынды белгілі балетмейстерлер халық композиторларының шығармаларымен қатар, Л. Хамидидің, А. Жұбановтың, К. Күмісбековтің, Н. Тлендиевтің, М. Әубәкіровтің шығармаларына уақыт талабына сай сахналық қазақ биінің қойылымдарын іске асырды. Осы үрдіс бүгінгі күні өз жалғасын тауып отыр.

*9-тақырып. Балаларға арналған ұлттық билерді қоюда ертегілерді бейнелеу.* Ауыз әдебиетінің басқа түрлеріндей ертегілер де, адмазаттың тұрмыс-тіршілігінен, еңбек жағдайына байланысты туындаған. Ертегілер мазмұнына байланысты қиял-ғажайып, тұрмыс-салт, хайуанаттар туралы, шыншыл болып бөлінеді. Алуан түрлі сюжеттер мен оқиғаларды көз алдыңызға елестететін ертегілерді оқып білу арқылы балаларға арналған ұлттық билерді қоюда кейіпкерлердің бейнелерін ойлап табуға мүмкіндік береді.

*10-тақырып. Ұлттық салт-дәстүрлер.* Халқымыздың салт-дәстүрлері өзіндік сипатқа ие. Адам баласының шыр етіп дүниеге келгенінен бастап жасалатын салт-дәстүрлер қазіргі таңға дейін өзінің құндылықтарын жоғалтпаған.

*11-тақырып. Ұлттық салт-дәстүрлердің қазақ би өнерінде көрініс табуы.* Дәстүрлі би өнері халықтың рухани мәдениетінің өзіндік түрлерінің бірі ретінде айырықша көзге түсетін этникалық реңге ие. Қазақтың халық билері халықтың тұрмысымен, әдет-ғұрыптарымен, дінімен, қоршаған ортамен, халықтың еңбек қызыметімен тығыз байланысты болатын. Билерден қазақ халқының психологиясын, дүниетанымын көруге болады.

*12-тақырып. Ұлттық ойындар.* Ойын тақырыбы зерттеліп отырған халықтың еңбек және рухани мәдениетін қамтиды. Ойын сауықтар өзінің

көркем-эстетикалық қызыметмен қоса тәрбиелілік, әскери-спорттық, рәсімдік, қарым-қатынастық және т.б. функцияларды атқарады.

*13-тақырып. Би мәдениетінде ұлттық ойындарды қолдану.* Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде көрініс тапқан ұлттық ойындар, би қимылдарына негіз болып, «Бәйге», «Сайыс», «Аударыспак», «Теңге алу», «Көкпар», «Қыз қуу» сынды ойындар би өнерінде де көрініс тапты.

*14- Ұлттық ою-өрнектер.* Қазақ ою-өрнегі - ғасырлар бойы дамып келе жатқан өнер туындысы. Қандай қолөнер түрін алсақ та, ою-өрнектер өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, белгілі бір тәртіппен орналасады. Халық шеберлерінің қол еңбегіндегі қиялы мен шығармашылығы оларға жаңа ою-өрнектер жасауда көмектесті, түпкі мақсаты - эстетикалық тиімділікке қол жеткізу және нақты идеяны беру болды.

*15- Ою-өрнектердің қазақ биі қойылымдарында қолданысы.* Ұлттық би өнеріндегі ерекше қол қалыптары, қол қимылдары ою-өрнектерді бейнелеуімен ерекшеленеді.

Курс бағдарламасында студенттерге арналған семинар сабақтарының тақырыптары мен БОӨЖ, БӨЖ тапсырмалары, міндетті және қосымша әдебиеттер тізімі ұсынылады. Курсты меңгеруде дәріс және практикалық сабақтар жүргізіледі. Дәріс және практикалық сабақтарды жүргізуде инновациялық педагогикалық технологиялар қолданылады. Курс практикалық түрде ауызша емтиханмен аяқталады. «Бүгінгі таңда би дәстүрлерін сақтау - қазіргі қоғамның өзінің шығу тегі мен мәдениетіне қатынасы. Сондықтан қазіргі қоғам үшін және адамзаттың одан әрі өмір сүруі үшін ең маңызды фактор - халық шығармашылығы мен дәстүрлерін сақтау» [115, 77б.]. Ұлттық, этникалық «рухты», нақты материалды жаңғырту мен өңдеудің дәлдігін сақтау үшін этникалық бидің сипаттамаларын, би лексикасын, оның дәстүрлі суреттерін, хореографиялық стильдеу техникасының даму ерекшеліктерін терең білу қажет. Демек, стильдеудің әдістері мен формаларын анықтауда, сондай-ақ дәстүрлі би мәдениетін жаңартуда кейінгі ұрпақ халық биін сақтауға міндетті. Н.И. Львов өзінің еңбегінде қазақ би өнерінің негізін қалаушылардың бірі Д.Т. Әбіров жайлы: «Әбіров қазақтың ұлттық биін жаңадан жасау және оны дамытуда үлкен ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді. Бұл жұмыстың алғашқы нәтижелері жаңартылған спектакльдердегі билердің пайда болуына әсер етті. Ежелгі халық шығармашылығын оқып-үйрене отырып, жаңадан сахнаға халық билерін шығарды» - деп сипаттайды [116, 177 б.]. Д.Т. Әбіровті біз қазақ би өнерінің негізін салушылардың бірі деп білеміз. Осы орайда, ұлттық би өнерін дамыту жолында хореограф-мамандарды даярлауда, олар қазақ халқының салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрыпын, ауыз әдебиетін терең түсініп оқып, оны халық би өнерінің үлгілерін жасауда ұтымды пайдала білуі керек деп тұжырымдаймыз.

Ұсынылып отырған курс бакалавр деңгейінде 6В02111- Балетмейстер өнері және 6В02102-Хореография білім беру бағдарламалары бойынша ұсынылады. Академияның білім беру деңгейлерінің негізінде ұлттық би өнерін дамыту негізінде мамандарды даярлаудың қазақстандық моделін төмендегі кесте арқылы ұсынамыз.


### **3 бөлім бойынша тұжырым.**

1. Қазіргі таңда балетмейстерлер, педагог-хореографтар, талантты орындаушылар әлемдік аренада би өнерінің ұлттық көрінісін дәріптеуде. Бұл – би өнерінің үздіксіз дамуда екендігін білдіреді. Ұлттық би өнерінің сан қырлы сипаты, ғалымдардың зерттеу объектісіне айналып отыр. Осы орайда, зертхананың жұмыстарының оқу-әдістемелік, ғылымилық, практикалы бағыттарын зерттеп, әріқарай зертхананы дамытудың жолдары айқындалды.

2. Академияның оқытушыларының қазақ биі пәнін оқытудағы қолданылатын әдіс-тәсілдердің вариативті формаларын зерттеп орта білім беру деңгейінде А.А. Татидің, А.А. Садыкованың, А.Ш. Шәмшиевтің сабақтары, жоғары білім беру деңгейінде Т.О. Ізімнің, А.К. Кульбекованың әдіс-тәсілдері талданды.

3. Хореографиялық факультеттерде оқу процесін ұйымдастыру ең алдымен, ұлттық компонент пен этно-көркемдік білім беруден басталуы керек деп тұжырымдап, «Қазақ халқының дәстүрлі би мәдениеті» атты элективті курс оқу бағдарламасына енгізуге ұсынылды. Зерттеудің нәтижелерін қорытындылай келе, академияның білім беру деңгейлерін негізге ала отырып, ұлттық би өнерін дамыту негізінде мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі әзірленді.

Кесте №16. Ұлттық би өнерін дамыту негізінде мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі



## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандағы хореографиялық білім берудің тарихи динамикасы көркем мәдениет тарихындағы өзекті мәселе. Осы орайда, зерттеу хореографиялық білімнің өзгергіштігінің себептері мен ерекшеліктерін байқауға және түсінуге мүмкіндік берді.

Хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі ( ұлттық би өнері негізінде дамыту) тақырыбындағы жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасаймыз:

Хореография өнеріндегі білім беру жүйесі би өнерін әрі қарай дамытуға, күрделендіруге, зерттеуге, орындаушылық, педагогикалық, балетмейстерлік шеберлікті жетілдіруге мүмкіндік береді. Хореография өнерінде білім беру жүйесінің қалыптасуын зерттеп, әр кезеңдегі даму заңдылықтарын, білім беру модельдерінің ерекшеліктеріне талдап, тұжырымдаймыз:

- XV-XX ғасырлардағы авторлардың барлық тұжырымдамалары негізінен дидактикалық сипатта болды, өйткені олар әртүрлі хореографиялық мектептерде және жеке түрде дамыды;

- білім беру нысандары тарихи дамудың әрбір кезеңінде, әлеуметтік-мәдени шындық пен ментальитет арасындағы тепе-теңдікті қалыптастырды;

- хореографиялық білімнің негізгі функциясы - мәдени және кәсіби білімнің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруы.

Отандық хореография педагогикасының дамуын 3-кезеңге бөліп талдаймыз.

Бірінші кезең 1934-1950 жылдар - қалыптасуы. Бұл кезеңде хореографиялық мектеп құрылды сабақтарды жүргізудің әдістемесі қалыптасты, қазіргі таңға дейін өзектілігін жоғалтпаған, сапалы білім беру жүйесін ұйымдастыруға негіз болған, ережелер енгізілді.

Екінші кезең 1950-1980 жылдар отандық хореографиялық білім беруінің дамуымен сипатталады. Мәскеуде педагогикалық білім алған мамандар алғаш рет балет шеберлігін оқытуда жинақталған барлық теориялық және практикалық дағдыларды біріктіріп, Қазақстанда ұлттық хореографиялық білім беру жүйесі құрылды. Аталған кезеңде қазақ ұлттық биін зерттеу, балет өнерін дамыту, кәсіби халық би ансамбльдерін құру міндеттері шешілді.

Үшінші кезең 1980 жылдардың қазіргі уақытқа дейін, ұлттық хореографиялық білім беру жүйесінің жетілуі. Хореографиялық жоғары білім беру қолға алынып, Республикамыздың аймақтарында орта және жоғары білім беру бөлімдері ашылды. Бүгінгі таңда Қазақстанда хореографиялық білім берудің нақты жүйесі бар, ол педагогикалық білімнің, дағдылардың, құзыреттердің жиынтығы болып табылады, оның негізінде орындаушылық шеберлікті қалыптастырудағы кәсіптік оқытудың кешенді тәсілі жатыр. Бұл кезең әлі күнге дейін жалғасып отыр және хореографиялық білім беру жүйесін зерттеуді, жетілдіруді талап етеді. Хореографиялық білім берудің

қазақстандық моделін зерттей отырып, жоғары оқу орындарында білім беруді ұйымдастырудың жолдарын ұсынамыз:

- жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үрдісін одан әрі жетілдіруде оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін енгізу;

- оқытушы мен білім алушы арасында кері байланыстың болуы;

- болашақ мамандардың жеке тұлғасын қалыптастыру барысында кешенді, жүйелі, жеке тәсілді қолдану;

- жоғары оқу орындарының біртұтас педагогикалық үрдісінде модельдеу, микро оқыту, тренингтер, іскерлік ойындар сынды оқытудың белсенді әдістерін тиімді пайдалану;

- арнайы пәндермен пәнаралық байланысты күшейту және оқу процесіне үздіксіз педагогикалық практиканы енгізу;

- педагогикалық практика кезінде қалыптастырған жұмыс тәжірибесін пайдалана отырып, болашақ педагог-хореографтарды ғылыми-зерттеу жұмысына кеңінен тарту.

Хореографиялық білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім саласын әлемдік білім кеңістігіне кіріктіруге талпынуда. Бұл хореографиялық білім беру жүйесін жетілдіруді және сапалы деңгейге көтеруді міндеттейді.

Қазақ ұлттық хореография академиясының көпдеңгейлі білім беру жүйесі ұлттық хореографиялық жүйе стратегиясын сипаттайды және әлемдік форматтағы кәсіби хореографиялық білім берудің инновациялық тәжірибесі болып табылады.

Қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибесін негізге ала отырып, хореография өнері саласында мамандар дайындаудың «қазақстандық моделі» деп - дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысып, оқытудың білім алушыға бағытталған тәсілін негіздейтін, көпсатылы білім беру жүйесін анықтаймыз. Академияның мамандар дайындаудағы көпдейгелілігі, ұлттық би өнерін дамытудағы ғылыми бастамалары, теория мен практиканың сабақтастығы, базалық жоғары оқу орны ретіндегі іске асырылған хореографиялық білім беруді жетілдірудегі өзіндік тәжірибесі зерттелді.

Зерттеу кезеңі бүкіләлемдік пандемия жағдайына сәйкес келгендіктен, білім алушылармен, оқытушылармен жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде қашықтықтан білім беру үрдісін ұйымдастырудағы өзіндік тәсілдері айқындалды.

Қазақ ұлттық хореография академиясының ұлттық би өнерін дамытудағы негізгі бағыттарын айқындауда, елімізде алғаш рет құрылған «Қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы» жұмыстарының оқу-әдістемелік, ғылыми, практикалық бағыттарын анықтап, шетелдік би зертханаларымен салыстырылып талданды.

Зерттеу нәтижесінде зертхананың жұмысын дамытуға төмендегідей ұсыныс анықталды:

- зертхананың веб-порталын ұйымдастыру. Веб-порталда зертхана туралы, зертхананың мүшелері туралы, зертхана жұмысының негізгі бағыттары туралы қазақ және ағылшын тіліндегі ақпараттармен қамтылса

(бұл зертхана мүшелерінің басқа да ғалымдармен ынтымақтастықта жұмыс атқаруына мүмкіндік береді). Сонымен қатар, зертхананың ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялау (би өнеріне қатысты барлық мәліметтерді цифрландыруға жол ашады). Аталған ұсыныс іске асқан жағдайда жас ғалымдарға мемлекеттік тілде ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді және ағылшын тілінде порталда жазылған мәліметтер қазақ биінің танымалдылығын, зерттелу деңгейінің дамуына жол ашады.

Қазақ ұлттық хореография академиясының «қазақ биі» пәнін жүргізудің вариативті формаларын айқындауда, кәсіптік-техникалық білім беру деңгейінде А.А. Татидің, А.А. Садықованың, А.Ш. Шәмшиевтің сабақтарын талдап, қазақ би өнері саласындағы ғылыми еңбектердің қамтылуы, орындаушылардың практикалық көрсетілімінің ішкі эмоциямен байланыс табуы, халық ауыз әдебиетіндегі образдарды ұтымды іске асыру, атрибуттарды пайдалану сынды ерекшеліктерін анықтадық. Жоғары білім беру деңгейінде Т.О. Ізімнің «Қазақ биінің композициясы» пәнін жүргізуде музыкалық материалды талдауға ерекше мән беретініне, А.К. Кульбекованың «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі» пәнін жүргізуде инновациялық педагогикалық технологияларды пайдаланатынына көз жеткіздік.

Қазақ би мектебі орындаушылық мәнердің ерекше эстетикасы және бишіні даярлау жүйесі ретінде көркем мәдениеттің жетістіктерінің ұлттық символына айналуы тиіс.

- қазақ би қимылдарын жіктей отырып, бір-біріне ұқсамайтын қимылдарды бөліп үйрету және олардың ұқсастығы мен ерекшелігін талдау;
- қазақ би мұрасының өзгеріске ұшырамауын қамтамасыз ету, қимылдардың орындау мәнеріне назар аудару;
- қазақ биі пәнін жүргізуде көрнекті педагогтардың әдістемесіне сүйену;
- ұлттық би өнерінің әрі қарай жетілдіру мақсатында «Қазақ халқының дәстүрлі би мәдениеті» элективті курсына оқу бағдарламасына енгізу ұсынылады.

XX ғасырда қаланған хореографиялық білімнің іргетасы бүгінгі таңда көркемдік-кәсіби тәжірибені, ұрпақтар сабақтастығын дамытуға, Қазақстанның бірегей рухани мәдениетін сақтауға мүмкіндік береді.

Ұлттық хореографиялық өнер - ұлт пен этностың көрінісі, дәстүрлі құндылықтарды сақтаудың бірден бір жолы екендігі қалыптасқан аксиома және талдауды қажет етпейді. Сондықтан, хореографиялық өнердің қазіргі даму кезеңінде - ғылыми зерделеу, әлеуметтік түсіну және терең талдау тұжырымдамасын алға тартамыз. Біз қазақ биін, оның бірегейлігі мен генезисін ұлттық қазына, қазақстандық қоғамның рухани бағыты тұрғысынан қарастыру керек деп тұжырымдаймыз.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 2 қыркүйегіндегі жолдауы / Акорда, 2019. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1900000152> (Интернет ресурсы: 23.08.2021 ж.)
2. Новерр Ж. Письмо о танце. – М.:Искусство, 1965. – 384 с.
3. Блазис К. Элементарный учебник теории и практики танца. – М., 1864.– 124 с.
4. Блок Л.Д. Классический танец: история и современность. – М.: Искусство, 1965. – 554 с.
5. Филановская Т.А. История хореографического образования в России: Учебное пособие. – СПб.: Лань, 2016. – 320 с.
6. Леонова М.К. Из истории Московской балетной школы (1945-1970). –М.: МГАХ, 2008. – 216 с.
7. Фомкин А.В. Балетное образование: традиции, история, практика: Монография. – СПб: Академия Русского балета имени А.Я. Вагановой, 2013. –643 с.: ил.
8. T. Benn. Reflections on a Degree Initiative: The UK's Birmingham Royal Ballet dancers enter the University of Birmingham // Research in Dance Education. – 4:1. – 2003. – 5-16 p. DOI: 10.1080/14647890308304
9. I.Pulinkala. Integration of a professional dancer into college // Research in Dance Education. – 12:3. – 2011. – P.259-275.
10. M. Huxley. ‘It’s a different way of thinking about history, isn’t it?’ Student perspectives on learning dance history // Research in Dance Education. – 13:3. – P.279–300 .
11. A. Carter. Interacting with history: reflections on philosophy and the pedagogy of dance history // Research in Dance Education. – 5:2. – 2004. – P.113-125.
12. J.Jin & R. Martin. Exploring the past to navigate the future: examining histories of higher dance education in China in an internationalized context // Research in Dance Education. – 20:2. – 2019. – P.225–240
13. Сарынова Л.П. Балетное искусства Казахстана. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1976. – 176 с.
14. Кузембаева С.А. Воспеть прекрасное. – Алма-Ата: Өнер, 1982. – 104 с.
